



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№49 (3995), 12 желтоқсан, 2025 жыл

www.qazaqadebieti.kz

ҚАЗАК-ҚЫТАЙ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжің қаласында 9 – 12 желтоқсан күндері аралығында Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі, Бейжіңдегі Қазақстан Мәдениет орталығы және Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының ұйымдастыруымен «Қазақ-Қытай қаламгерлері» атты халықаралық әдеби конференция өтті.

2-бет →

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5755,59 т.
6 айға – 11511,18 т.
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 20649,84 т.

ҰЛТ ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН ҚАЙРАТКЕР

Қазақ тілінің ғылыми негізін бекемдеп, әдеби сипатын айшықтауда көрнекті ғалым, тілтанушы Ахмеди Ысқақтың еңбегі ұшан-теңіз. Ана тіліміздің сонау ықылым замандардан сақталып келе жатқан тазалығы мен саф құдіретін, бай қорын күллі ғалымдық қажыр-қайратын жұмсай жүріп жүйелеп берген қайраткердің сара жолы тіл білімінің қай саласында да сайрап жатыр. Көрнекті зерттеуші Рақыш Әміров ғалымның еңбектеріне тоқтала келіп: «Қазақ тіліне көңіл бөлінбей, мектептерде дұрыс оқытылмай жүрген қалаймақан заманда бұл кісі 1957 жылы «Қазақ тілін оқытуды жақсартайық, конференция өткізейік» деген талап, ұсынысын білдіреді.



Оқу министрлігі конференция өткізуге мұрша беріп, Ахмеди Ысқақ «Қазақ тілін оқытуды жақсартудың ғылыми жолы» атты баяндама жасады. Ахмеди Ысқақтың ұйымдастыруымен өткен осы конференция материалдары негізінде Орталық комитет бюросы өтіп, онда маңызды қаулы қабылданды. Қазақ мектептерінің еңсесі көтерілді, қазақ тілін оқытудың жағдайы жақсарды, сағатын көбейтті. Орыс мектептерінде бұған дейін тыйылып қалған қазақ тілін оқыту қайта енгізіліп, екінші кластан бастап оқытатын болды. Мектептерде қазақ тілін оқытудың бағдарламасы жаңадан құрылды, практикалық барысына көп мән берілді. Оқулықтарды қайта жазды. Сол екпінмен қазақ мектептерінің қазақ ұлттық сипатын күшейту, жергілікті халықтың тұрмыс-халін, табиғатын таныту мәселелері лезде жалғастырылып, көтерілді. Нәтижесінде мектептерде Қазақстан тарихын оқыту, Қазақ ССР-нің географиясын оқыту пәндері шықты», – деп жазған екен естеліктерінің бірінде. Кеңес үкіметі қаһарына мініп тұрған аласапыран кезеңде ана тіліміздің айбынын асқақтату арқылы қазақы болмыстың, ұлттық рухтың, мемлекеттік бет-бейнеміздің өміршеңдігін берік ете түскен Ахмеди Ысқақ күллі жұмысын, қызметін ұлтжандылықпен атқарғанын көреміз.


5-бет →

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

(Басы 1-бетте)

ТӨРАҒА НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Иссапардың алғашқы күнінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Әбдешұлы Құлкенов әлем әдебиетінің ірі өкілі, Нобель сыйлығының иегері, танымал жазушы және романист Мо Янмен кездесу өткізді.



— Біз бүгін Бейжіңдегі Қазақстан Республикасының алғашқы мәдени орталығында жүздесіп отырмыз. Бұл — әзірге шетелдегі жалғыз қазақстандық мәдени орталық. Ұзақмерзімді дипломатиялық келіссөздің және жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтың нәтижесінде бұл орталықтың ашылуына 4 ай бұрын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы қатысты. Екі ел арасындағы мәдени алмасудың маңызды кезеңіне айналып, қазақс-

кездесу барысында қос қаламгер бүгінгі әлем әдебиетінің даму үрдістері, шығармашылық байланыстардың кенеюі және қазақ-қытай әдеби қарым-қатынасының болашағы жайлы келелі әңгіме өрбітті. Әсіресе, заманауи әдебиеттегі жаңа тақырыптар, жазушылардың әлеуметтік жауапкершілігі және екі ел арасындағы мәдени ықпалдастық мәселелері талқыланды.



Мереке Құлкенов Мо Янның әлемге танылған шығармашылық ерекшелігін жоғары бағалап, қазақ әдебиетінде де оның туындылары оқырманға кеңінен жол тартып келе жатқанын атап өтті. Өз кезегінде Мо Ян қазақ әдебиетінің бай мұрасы мен бүгінгі дамуына қызығушылық білдіріп, қазақ жазушыларымен бірлескен жобаларға ниетті екенін жеткізді.

Кездесу аясында екі ел жазушыларының қатысуымен бірлескен жобалар және әдеби алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар қарастырылды. Қаламгерлер алдағы уақытта әдеби байланыстарды жаңа деңгейге көтеру жөнінде ортақ мүддені қуаттады.

Бұл кездесу Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастарды нығайтуға, екі халықтың рухани байланысын тереңдетуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС КӨКЖИЕГІ

Алқалы жиын Зейнолла Сәнік шығармашылығына арналған арнайы кітап көрмесімен ашылды.

Конференцияның алғашқы сөзін алған Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов екі ел арасындағы әдеби байланыстардың маңыздылығына тоқталды.

тандық мәдениетті халықаралық аренада танытуға елеулі үлес қосатын бұл бастаманың да, бүгінгі «Қазақ — Қытай қаламгерлері» халықаралық әдеби конференциясының да Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар мен стратегиялық әріптестіктің нығаюына сеп болары анық. Бүгінгі жаһандану дәуірінде халықтар арасындағы мәдени алмасудың ең пәрменді жолы — сапалы аударма екенін айтқандар келеді. Сондықтан да қазақ және қытай әдебиеті арасында рухани көпір орнататын аударма жұмыстарын жаңа деңгейге көтеру, оны жүйелі түрде жандандыру — уақыт талабы. Өйткені екі елдің рухани байланысын тереңдетуде бұл бағытты дамытып, жас аудармашыларға қолдау көрсету — біздің ортақ міндетіміз деп санаймын. Әдебиет — адамзатты жақындастыратын ең нәзік әрі ең қуатты күш. Біз соның елшілеріміз. Бүгінгі сапарымыз да ұрпақтар жадында, тарихта қалатын үлкен мәдени, әдеби бастама деп білемін, — деді Мереке Құлкенов.

Шара барысында Қытай Жазушылар одағы Төрағасының орынбасары У Ицинь қазақ-қытай әдеби ынтымақтастығының жаңа кезеңге аяқ басқанын атап өтіп, өзара ынтымақтастықты жандандыру туралы ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Конференцияда ҚР Мәдениет және

ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Али, кәсіпкер, меценат Қанат Сәнік пен Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, республикалық «Простор» әдеби журналының бас редакторы Фархат Тамендаров сөйледі. Сонымен қатар әдеби конференция аясында Қазақстан Жазушылар одағы мен Қытай Жазушылар қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға ресми түрде қол қойылды. Құжатқа Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов және Қытай Жазушылар одағы төрағасының орынбасары У Ицинь қол қойды.

Халықаралық конференцияның

здесуі ұйымдастырылды. Шараның мақсаты — екі елдің жас ақын-жазушылары арасындағы әдеби байланыстарды нығайту, шығармашылық тәжірибе алмасу және ортақ жобаларды талқылау.

Іс-шара барысында қазақ жастары өз шығармашылық таныстырылымдарын жасады. Қазақстан тарапынан ақын Қалқаман Сарин, жазушы Мақсат Мәлік және ақын Еділбек Дүйсен қатысып, өз туындылары мен көркемдік ұстанымдары туралы баяндады.

Қытай тарапынан әдебиет өкілдері — ақын Лю Цзысянь, жазушылар Ван Цаньсинь мен Гань Сюэфан, редакторлар Минаргүл Нұрлазат пен Шалхар Мұрат, ақын-аудармашы Ыбырай Дүйсен және



«Қазақ — Қытай қаламгерлері. Зейнолла Сәнік шығармалары» атты пленарлық мәжілісінде екі елдің көрнекті жазушылары мен әдебиеттанушылары — жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Бексұлтан Нұржеке-ұлы қазақ-қытай әдеби байланыстары мен Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасы туралы; жазушы, аудармашы Ақбар Мәжит екі ел арасындағы аударма алмасу үрдістері жайында; жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Кәдір-

ақын Пэн Минь сөз сөйлеп, шығармашылық бағыттары мен қазақ әдебиетіне қызығушылықтары туралы ой бөлісті.

Бұдан соң конференция еркін пікір алмасуға жалғасты. Бұл бөлімде екі елдің жас қаламгерлері әдеби үрдістер, аударма мәселелері, мәдени өзара ықпалдастық және болашақ ортақ жобалардың мүмкіндіктері жөнінде еркін диалог жүргізді. Кездесудің рухани мазмұнын тереңдеткен айтыскер ақын Серік Қалиев әннен шашу шашты. Артынша қазақтың күмбірлеген



бек Сегізбай Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы туралы; Қытай Жазушылар баспасы бас редакторының орынбасары Янь Хуэй әдебиет арқылы мәдени байланыстарды тереңдету мәселесі жөнінде; Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының аға ғылыми қызметкері Ван Сююй қазақ және қытай әдебиеттерінің өзара таралуы мен аударма тәжірибесі жөнінде баяндама жасады. Секция соңында қатысушылар арасында пікір алмасу өтіп, екіжақты әдеби байланыстарды кенейту бағыттары талқыланды.

күйі төгілді.

Кездесу соңында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов қорытынды сөз сөйлеп, шараның маңызын атап өтті. Қатысушылар естелік суретке түсті әрі конференцияның ресми жабылуы жарияланды. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы Бейжің қаласындағы Қазақстан Мәдениет орталығының Қазақ тілі бөлмесіне кітаптар табыстады.

Қорыта айтқанда, халықаралық әдеби кездесу екі елдің жас қаламгерлері үшін жаңа шабыт, шығармашылық серпін және өзара түсіністікті тереңдететін маңызды алаңға айналды.

ЖАС ҚАЛАМГЕРЛЕР ЖҮЗДЕСТІ

Халықаралық әдеби конференция аясында жас қаламгерлердің арнайы ке-

Қазақстан Жазушылар одағының Баспасөз қызметі

Қытайдағы маңызды кездесулердің толық мазмұны газетіміздің алдағы нөмірінде кеңінен жарияланатын болады.

«ТАҒДЫРЛЫ ДАРЫН»

4 желтоқсан күні ҚР Ұлттық кітапханасында қазақтың көрнекті ақыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Тоқаш Бердиярұлының туғанына 100 жыл толған мерейтойына орай еске алу шарасы мен «Тағдырлы дарын» атты естеліктер жинағының тұсаукесері өтті.

Белгілі ақын Болат Шарахымбай құрастырған жаңа кітапта ақынның өмір жолы мен шығармашылығына қатысты М.Әуезов, Р.Бердібай, Т.Медетбек, И.Сапарбай, Е.Раушанов, К.Ергөбек, Е.Ашықбай сынды әдебиет тарландарының әр жылдары жазған зерттеу мақалалары мен естеліктері топтастырылған. Тоқаш Бердиярұлының алғашқы өлеңдері 1950 жылдан бастап баспасөзде жариялана бастады. Оның тұңғыш жыр жинағы «Шалқы теңіз» 1952 жылы жарық көрген. Кейінгі жылдары «Мен өмір сүремін», «Бейбітшілік көшесі», «Оқ пен гүл», «Бозторғай», «Ескі паровоз», «Сөнбейтін оттар», «Шынар» секілді жыр кітаптары мен таңдаулы шығармалар жинағы оқырманға жол тартты. Проза саласында да өнімді еңбек еткен ақын «Жастық кешуі», «Солдат сыры»,



«Фарида» шығармалар жинағын жариялаған. Көзі тірісінде «тосын Тоқаш» атанған ақын туралы бұл жаңа естеліктер жинағы оның шығармашылық болмысын, мінез ерекшеліктерін, өмір жолының беймәлім тұстарын жан-жақты ашып көрсетеді.

Шараға белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушылар, зиялы қауым өкілдері және қоғам қайраткерлері қатысты. Іс-шара аясында Ұлттық кітапхана қорынан Тоқаш Бердиярұлының өмірі мен шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды.

Қазақстан Жазушылар одағының
Баспасөз қызметі

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САПАР

Осы жылдың мамыр айында телефоныма бейтаныс жігіттен қоңырау келіп түсті. Амандық-саулық сұрастырғаннан кейін:

— Мен — Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің жауапты қызметкері, баспасөз секторы бойынша жетекші маман Манарбек Қаракенов деген подполковникпін, — деп таныстырды

...Осыдан кейін бізді теміржол бойындағы «Айдала» заставасының сарбаздары құшақ жая қарсы алды. Мұнда да бізді риза еткен шекарашы офицерлер мен қатардағы жауынгерлердің руханият әлеміне, соның ішінде әдебиетке деген ықыласы. Шекараны жағалай жүріп біраз кездесулер өткізген соң, бел шешіп дем алмастан, бет алғанымыз — Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласы. Бұл — біз кеше осылай қарай шыққанымызда



телефоның ар жағындағы дауыс. — Сізді Жетісу облысы шекара қызметіндегі сарбаздардың қазіргі жай-күйімен танысу үшін арнайы шақырып отырмын. Сол балаларға аталық әңгіменізді айтып берсеңіз. Әрі биыл 75-ке толатын мерейтойыңыз екен. Жауынгерлермен өз шығармашылығыңыз туралы сырласып, қазіргі өмірдің басқа бір қырымен, мемлекеттік шекараны қорғаушылар өмірімен танысып қайтасыз, — деп өтініш жасады.

Манарбек Қаракенов мырза тағы бірде, әлдебір жиналыс үстінде мені арнайы іздеп келіп, алдын ала менімен жүзбе-жүз танысып кетті. Өзі Батыс Қазақстан облысының тумасы екенін айтып, өмір деректерінен мағұлмат берді. Жастайынан әдебиетке құмар болып өскенін еске сала отырып, өзінің де қалам ұстай білетін қабілеті барын да жасырған жоқ.

Біздің сапарымыздың басы, сол күні еш жерге кідірместен, тоқтаусыз жүріп отырып, мандай тірегеніміз — Қытай Халық Республикасымен шекарадағы атакты «Достық» кенті. Сонымен, бастап жүрген подполковник М.Қаракенов кенттің ішіндегі тиісті бөлімшелерге жауапты адамдарға жолығып, алдымен тамақтану керегін айтты. Сөйтіп, «жауынгер боткасының» дәмін таттық.

Кешкі тамақтан кейін бет алғанымыз — шекарашы сарбаздар тосып отырған мәжіліс залы. Жауынгерлер әскери тәртіппен тік тұрып, ыстық ықыластарын білдіріп жатыр. Қазіргі таңда әскерге шақырылғандар үшін әскердегі қызметтің ұзақтығы бір-ақ жыл. Бұл жолғы бізбен кездесуге келген сарбаздарымыз сол көктемгі шақырылыммен келгендер екен. Негізінен, осы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағынан, Алматы және Жетісу облыстарынан болып шықты.

Қасиетті Отанымыз Қазақстанның шекарасын қорғаудың қаншалықты жауапты қызмет екенін, жердің шетінде, желдің өтінде жүріп, сол қызметті атқарып жатқан жас сарбаздар мен офицерлердің отаншылдығы зор мақтаныш екенін әр жүздесу сайын қайталап еске салып отырдым.

Ертеңіне осы кенттегі тағы бір бөлімше сарбаздарымен нақ осындай әңгіме өткізген соң, бет алғанымыз — Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс бағытындағы кең шатқал. Ондағы мақсатымыз — енді осындағы застава бөлімшесінің сарбаздарымен жолығу. «Достық» кентінен біраз жерде орналасқан застава сарбаздары сол әскери тәртіптен айнымаған қалыптары жалындап тұр.

тікелей кірмей, үлкен жолмен дәл жанынан жанасалай өткен қала. Мұнда осы Жетісу шекара департаментіне қарасты қомақты оқу орталығы бар екен. Оның өзі байыппен байырқалап, көзбен шолған кісіге әжептеуір қалашық болып көрінеді.

Кездесу соңында рұқсат алып сөйлеген жас сарбаздар осындай іс-шараның өздеріне үлкен әсер еткенін, сергіп қалғандарын, Отан қорғауға қатысты патриоттық әңгімелердің өздеріне қуат бергенін айтып жатты. Иә, бұл сапардағы біздің мақсатымыздың өзі де сол ғой.

Заставалардағы алғашқы кездесуден басталған ұнасымды үрдіс мәдениет үйіндегі үлкен басқосуда әрі қарай жалғасын тапқаны анық. Сапар барысында байқағаным, қызметте жүрген жауынгерлер мен офицерлердің жағдайлары мен ойлап келгеннен де жоғары. Жекелеген жұмыс кабинеттеріне кіріп таныстым, казармаларды да аралап көрдім. Тіпті ас ішетін, киім-кешек сақтайтын жерлері, әжетханалары — бәрі өз ретімен, тәртіпті, ретті. Мені риза еткен жағдаяттардың бірі — әр асханадағы тамақтардың көңілден шығатындай дәмді және құнарлы азықтармен әзірленгені.

Қай жерге барсақ та, әскери тәртіппен қақпаны ашып, қызмет көрсетіп жатқан жас сарбаздар, құлаққа естілетін дербес мемлекет екеніміздің айқын нышанындай қазақша беріліп жатқан әскери өмірлер, тіпті ұлты басқа жауынгерлердің де мемлекеттік тілге деген құрметі. Ал Кеңес заманында бұндай әскер қатарында, шекарашылық қызметте ұлттық нышандар түсімізге кіруші ме еді.

Еліміздің осы шебінде жүргендеріне едәуір жыл болған офицерлер де бар екен. Әңгімелесу барысында, ең бастысы, сарбаздарымыздың рухы мықты, әскери дайындықтары жақсы екеніне куә болдық. Бір сөзбен айтқанда, жазушы адамға еріксіз ой салатын, көркем шығарма жазуға алғышарт жасаған жемісті сапар болды. Өйткені тағы бір есімде қалғаны — сапардың өн бойында ұшырасып, әңгімелескен офицерлік құрам мен сарбаздардың бейнелері.

Алматыға бет алған ұзақ жолда подполковник Манарбек Қаракенов және жүргізуші — үшеуіміз алған әсерімізді бөлісіп, шекарашы өмірінің әр қырын ұзақ талқыладық. Екі жақ бір-бірімізге риза болып, рақметімізді айтып тарастық.

Нұрдәулет АҚЫШ

ТҰЛҒАСЫН ТУ ЕТКЕН ҰРПАҚТАР

Жуырда И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасының жылдық мәдени іс-шаралар жоспарына сәйкес кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Абай атындағы ҚазМПУ-дің физика-математика факультеті ғимаратында жақында ғана ашылған М.Дулатов атындағы аудиторияда Алаш қайраткері, қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі, ағартушы ұстаз, еркіндіктің жаршысы Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай әдеби портреттік кеш өтті. Сондай-ақ Міржақып Дулатовқа арналған кітап көрмесі жиынның мәнін аша түсті.



Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, геометрия оқулықтарының авторы Есенгелді Алыбайұлы мен Міржақып Дулатовтың шөбересі Іңкәр Ернарқызы ой-пікірлерін ортаға салып, тұлға ғұмыры мен шығармашылығы жайлы талдауларын бөлісті.

Тәуелсіздік алғаннан соң М.Дулатовтың денесін елге әкелуге арнайы комиссия құрылып, бірқатар ғалымдармен, эксперттермен қатар кинорежиссер Қалила Омаров та Ресейге аттанған болатын. Осы ауқымды шараны көзбен көріп, бейнетүсірілім жасаған Қалила Нематұлына оқушылар сұрақ қойып, сапар жайлы кеңінен білді. Экраннан Міржақып Дулатов жайлы бейнероликтер мен қызы Гүлнәр Міржақыпқызының сұхбаттары, сағынышқа толы ыстық естеліктері көрсетілді. Оқушылар мен студенттер Алаш арысының туындыларын нақышына келтіре оқыса, кеш соңында кітапхана қызметкері әрі кештің ұйымдастырушысы Айгүл Төребекова ел тәуелсіздігінің мерейін асқақтатар әнді қазақтың қасиетті домбырасымен әуелете орындап, жиналған қауымға айрықша әсер сыйлады.

И.А.Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасының жетекшісі К.Исаханқызы қорытынды сөзінде іс-шараның өзектілігіне тоқтала келіп, кешке қатысушы барша оқушылар мен студенттерді көрсеткен үздік өнерлері үшін алғыс хаттармен марапаттады.

«ҰЛЫ ДАЛА ДАУЫСЫ»

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мұхтархан Қалиұлының «Ұлы дала дауысы» атты әдеби-сазды шығармашылық кеші өтті.



Әдебиет пен өнерді тоғыстырған мәнді шарада қаламгердің жаңа жинағы көпшілікке таныстырылды. Кеш барысында ақынның поэмалары, балладалары және лирикалық өлеңдері топтастырылған «Ұлы дала дауысы» кітабының көркемдік әлемі жан-жақты ашылып, шығармаларындағы идеялық ерекшелік пен ақындық қолтаңба кеңінен талқыланды. Зиялы қауым өкілдері Мұхтархан Қалиұлының қазақ поэзиясына қосқан үлесін, оның шығармашылығына тән терең пайым мен ұлттық рухты айқындады.

Әдеби басқосуда ақынның сөзіне жазылған әндер орындалды. Шараға қаламгердің отбасы, әдебиет өкілдері, мәдениет саласының қайраткерлері мен оқырмандар қатысты. Аталған кеш оқырман қауымға ақын шығармашылығын жаңа қырынан танытып, рухани әсер сыйлады.

Қазақстан Жазушылар одағының
Баспасөз қызметі

ТҮЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАУ

Дархан МЫҢБАЙ

Әлемде барша халық тарихи тұлғаларымен мақтанады. Біз де ешкімнен кем емеспіз. Ұрпақ тәрбиелеп, өткенді өнеге етуде орныққан дәстүріміз бар. Мемлекет басшысының өзі елге айрықша еңбек сіңірген, халық жадынан өшпейтін азаматтарды ұлықтаудың маңызды іс екеніне ерекше назар аударды.

Өкініштісі сол — бізде осы тапсырманы атқарушы биліктің кейбір құрылымдары, қайбір топ пен жекелеген жанашырлар келте түсінеді немесе шала-пұла орындайды. Көп жағдайда бірін-бірі қайталайтын көшірме сценарийлерден, көпірме сөзден, құттықтау қабылдаудан аса алмайды. Кейде кезекті шапан жабу, алғыс хат үлестіру акциясына ұқсап кетеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлгіндей келенсіздікке жол берілмегеніне куә болғандар да баршылық. Сонда К.Тұрысов, Ә.Кекілбайұлы, С.Зиманов, М.Козыбаев, Ш.Мұртаза, басқа да қайраткерлер арғы-бергі тарихымызды түгендеп, елдігіміздің ұстынын күн сайын, сәт сайын бекемдеу жөнінде тереңнен ой қозғап, жиі айтатын.

Олар мінберге шыққанда әлеміш-жәлеміш дүние шетке ысырылып, сұрқайланып, түр-түсінен ажырап, босағадан аттай алмай қалатындай еді. Иә, кіл мемлекетшіл шешендер мен көсемдердің қайраты мен жігері сондай-тын! Елдің бүгінгі мен ертеңін айтқанда, кешегісін айналып өтпейтін. Не сөйлесе де шындықты алға тартатын. Әсіресе мемлекеттік деңгейдегі мерейлі оқиғаларға, тарихи тұлғаларға байланысты Әбіш Кекілбайұлының әрбір ой-толғамы алтын құймадай, әр сөзі жүрек көзін ашып, сананы сергітетін.

Бүгінде талай замандас соны естімегендей, естесе де естен шығарып алғандай күйге түскені қалай? Өнегелілерді көрген толқын қазір неге күмілжіп сөйлейді, неліктен құмыға береді?

Өздерін қоғам қайраткері санайтын және атайтын бәзбіреулер, қарақан басын тым жақсы көретін белсенділер ел мүддесін ұмытып, жеке топтардың әуеніне төңкеріле қалатыны қалай?

Жекелеген атқамінерлер әлеуметтік желіге тәуелді болғаны соншалық, солақай жазбагерлердің алдына түсіп жүгіретін халге жетті. Сонымен бірге тығылып жатып тас ататындар көбейді. Мұндай мінез-құлқыты,

психологияны өзгертпесе болмас.

Қоғамдық ұйымдар мен пікір аландарында осындай көкейкесті мәселелер ашық талқыланғаны жөн. Жоғарыда айтқандай, тарихи тұлғаларға арналған жиындардың маңызын арттыру үшін тиісті шешім, мемлекеттік сана қажет. Әйтпесе, қоғамға қозғау салатын пайдалы ойлар тұншығып, көмескілене бермек. Өйткені тарихи датаны, мерейтойды формальды атап өту, науқаншылық елді тез жалықтырады. Қазіргі жастардың ондай іс-шараға қатысудан қашақтап, бойын аулақ салуы жақсы ырым емес.

Жалпы, ұлықтау дегеніміз белгілі тұлғаларға ескерткіш қойып, ауылға, мекемеге, көшеге, аудиторияға атын берумен шектелмесе керек. Қатесі көп, сапасыз, арзанқол



кітап, дәнегі аз, дерегі кем фильм шығару да емес. Сондықтан мұндай жиындарды әзірлеу мен өткізуге сын көзбен қарап, қажет болғанда ұйымдастыру (кім болса да) жұмысына бұқаралық коммуникация құралдарында қоғамдық баға беруді енгізген дұрыс.

Біздіңше, кез келген шараның бірінші тәрбиелік мәніне ықпалас қойған жөн. Тарихи тұлғаның, жеке адамның қайталанбас қасиеттері мен атқарған өнегелі ісін көпшілікке танытып, жеткізу жанашылдықты, жан-жақты шығармашылық ізденісті талап етеді. Ол кезекті жиын, жиналыс емес, есте қаларлық тағылымы мол, ұрпақтар сабақтастығын, дәстүрді жалғастыратын, қатысушыларды бірлікке үндейтін, жастарды рухтандырып, ертеңгі күнге сенімін арттыратын мемлекеттік іс-шара деңгейінде өткені жөн деп санаймыз.

Сәкен СЫБАНБАЙ

Сәуле Әбілдаханқызы қарындасым кеше жақсы жазба қалдырыпты. «Алла» деген сөзді «Аллаһ» деп айтып-жазудың дұрыс еместігі жөнінде. Келісемін, қолдаймын. Өзім де жазғым келіп жүр еді. Енді дәлелдейін.

«АЛЛАҺ» емес, АЛЛА!

Бұлдыбыс («Һ») — қазақ тілінің заңдылығына жат дыбыс. Сол араб-парсыдан еніп кеткен ғой баяғыда. Сіз жазуын «қаһарман» деп жазсыз да, айтқанда-оқығанда бәрібір «қаһарман» дейсіз ғой. Қане, қайсыңыз «ка...» деп бастап, сонау көкірек түкпірі-

тілдерінде араб-парсы сөздері сол күйі жүр. Айтылуы өзгерместен...

Мысалы, шығыс қазақтары «әмбе» деген сөзді жиі қолданады. Бұл парсының «һәмма» деген сөзі ғой... «Әмісе» деп айтатымыз-жазамыз. Ал ол — «һәмиша» (парсы). Сөз басындағы «һ»-нің бәрі түсіп қалған. Сөздің басы түгілі, соңында келсе де, «һ» байғұстың қазақ тілінде көрген күні сол —

естілмей кетеді, түсіп қалады. «Гуәһ» деген сөзді «куә» ғып алдық, «гүнаһ» деген «күнә» боп кетті. «Һ» мүлде жоқ айтылуға. Ал енді осындай өзгелерге қарсы өз иммунитеті бар күшті тілге «Аллаһ» деген жасанды айтылымды күштеп қосудың не керегі бар?

Жалпы, араб-парсы сөздері қазаққа бірнеше пішінде енген:

1) ертеректе, түпнұсқадағы айтылымына жақын күйде (әзиз, ілім, Әбдірахман, Әли, тәлім, т.б.);

2) «әйн» әрпін «Ғ» деп белгілеген Аханның (Ахмет Байтұрсынұлының) төте жазуының ықпалымен (ғазиз, ғылым, Ғабдырахман, Ғали, тағлым, т.б.);

Көрсініз бе, «әзиз» — «ғазизге», «ілім» — «ғылымға», «тәлім» — «тағылымға» айналып кетті! Бірақ екі нұсқа да — өте қазақы! Араб-парсыдан дін, мәдениет арқылы сінді дегенге кісі сенбей, тіпті танымай қалатындай.

3) сөз басындағы, соңындағы естілер-естілмес «һ» дыбысының түсіп қалуы арқылы (әрекет, әл, әжі, айуан, есен, куә, т.б.);

4) керісінше, сол «һ»-ны қатайтып (өйткені жұмсақ «һ» бізге жат) «к» немесе «х» деп айту арқылы (қарекет, қал-хал, қажы, хайуан, қисап, т.б.).

Байқадыңыз, иә: «әрекет» — «қарекетке», «есеп» — «қисапқа» айналып жүре берді! Қай нұсқа болсын өз сөзіміздей сініп кетті.

Осының бәрін түсіну үшін керемет ақылды болудың қажеті жоқ. Тек тіл ерекшеліктерін ажыратып, аңғара жүрген де жақсы.

Мен де еріккеннен «данышпансып» отырған жоқпын. Бір жағы, Сәулетайдың ойын дамытқым келді. Екіншіден, біле жүріңіздерші жай. Сосын «Алла деп айтсақ, Пугачевамен шатастырып аламыз» деу де — бос сөз! Құр ыржан...

«Алланың сөзі де рас, өзі де рас» демеді ме Абай? «Аллаһтың» деген жоқ қой. Ол кісі шағатайша жақсы білген адам. Сөз парқын Абайдан артық танымын деу күпірлік шығар. Демек, «Аллаһ» емес, Алла!

«ТАЙТАЛАС ТАҒДЫР» — ЕЛ ТАҒДЫРЫМЕН АСТАСҚАН ӨМІР ШЕЖІРЕСІ

Қазақ руханиятының жүрегі саналатын Алматы қаласында «Тайталас тағдыр» кітабы көпшілікке таныстырылып, елдік ой мен азаматтық парасаттың жаңа бір парағын ашты. Алматыдағы Ұлттық кітапханада өткен тұсаукесер зиялы қауым назарын өзіне аударған мәңгі мәдени оқиға ретінде ерекшеленді. Жиналған көпшілік бұл еңбекті елдің рухани кеңістігін толықтырған маңызды туынды ретінде қабылдап, автордың көпжылдық тәжірибесі мен уақыт сынынан өткен азаматтық көзқарасының қоғам үшін өзекті екенін атап өтті.

Қоғам және мемлекет қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың «Тайталас тағдыр» атты еңбегі — елдік мұратты, азаматтық парасатты және тұлғалық тәжірибені тоғыстырған терең рухани туынды.

Кітаптың тұсаукесеріне мәдениет, ғылым, білім саласындағы белгілі тұлғалар, жоғары оқу орындарының жетекшілері,



қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері қатысты. Олар туындының мазмұнын елдің тарихи жады мен қоғамның бүгінгі болмысын ұштастыра бейнелеген рухани құнды еңбек ретінде бағалады. Тұсаукесердің жалпы атмосферасы кітаптың ауқымды танымдық мәнін айқындап, оқырманға жол тартқан сәттің салмағын сездірді.

Кітаптың түп бастауы Жетісу өлкесіндегі текті топырақтан өрбиді. Ақсу мен Қапалдың табиғи келбеті, тарихи өмірі, ел арасындағы рухани дүниетаным — автор болмысының қалыптасуына ықпал еткен негізгі құндылықтар ретінде көрініс табады. Әкесі Тұрсын атамның турашылдығы мен еңбекке деген адалдығы, анасы Кенжетай Батырбекқызының ұстаздық жолы — ұлттық

нән, көмей түбінен естілер-естілмес боп қана шығатын «һ»-ны айтып тұрасыздар? «Жауһар» да, «Гауһар» да сол. Айтқанда бәрібір «хат-хабар» дегендегі «х»-ға көшіп кете бересіздер ғой. «Мәһ-һәб-бәт» деп анау эстрадалық акын-әншілердің айтып-оқып жүргені жасанды. Өмірде біреуі бүйтіп қолданбайды. Әйелдеріне солай айтып көрсінші, «сенің денің сау ма?» десін. «Махаббат» дейді, болды.

Қазақ тілінің бір ерекшелігі — шеттен енген сөздерді өз ыңғай-интонациясына қарай бұрып, «жөндеп» алады, адам айыра алмастай ғып өз ішіне сіңіріп жібереді. «Пәуеске» (повозка), «бөкебай» (пуховый)... өздеріңіз білесіздер. Тіпті «Будулай» деген сығанның киносын көріп, бас кейіпкерді «әлгі Быдыбай ше?» дейтін менің шешем.

Ал өзбекте, әзербайжанда, т.б. түркі

қадамдар ретінде көрінеді.

Замандастарға арналған эсселер — кітаптың көркемдік қуатын арттыратын ең терең бөлімдердің бірі. Автор бұл тарауда әр кезеңде бірге қызметтес болған қоғам мен мемлекет қайраткерлерінің адамдық болмысы мен азаматтық парасатын шынайы құрметпен бейнелейді. Сол арқылы оқырманға ел дамуына еңбек сіңірген тұлғалардың ішкі әлемін, олардың ой өлшемі мен өмірлік ұстанымын терең сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, еңбекте Шығыс пен қазақ ойшылдарының ірі өкілдері туралы ой-толғамдар да келтірілген. Әл-Фараби, әл-Бируни, Абай сынды ойшылдардың мұрасына арналған парасатты пайымдар кітаптың философиялық тынысын кеңейтіп, оқырманды терең ойға жетелейді.

«Тайталас тағдыр» — бір адамның тағдыр жолын ғана емес, тұтас қоғамның даму кезеңдерін көркем публицистика тілімен ашып көрсететін ерекше еңбек. Бұл туынды жас ұрпаққа рухани бағдар беретін, орта буын үшін ой өрістерін толықтыратын, зерттеушілер үшін құнды дереккөз бола алатын қомақты шығарма.

Жарыққасын ЖАППАСОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ҰЛТ ТІЛІН ҰЛЫҚТАҒАН ҚАЙРАТКЕР

(Басы 1-бетте)

Семей облысының Абыралы ауданында дүниеге келген Алаштың арда ұлы анасынан алты жасында, әкесінен он екі жасында айырылып, ағасы Әбілқасымның тәрбиесінде өскен екен. Көзін көргендердің айтуынша, әкесі Ысқақ Абыралы өңірінде болыс болған, ағайын-туысқа, айналасына жанашырлығымен есте қалған деседі.

Ағасы Ахмедидің оқуға деген ынтасын байқап, арабша хат танытады. Жеті-сегіз жасында Құран сүрелерін жатқа айтқан ол, орысша да тіл сындырады. Бастауыш мектепті тамамдап, Қарқаралыдағы мұғалімдер гимназиясында оқиды. Жолдама алған соң еңбек жолын Қарқаралы, Қызылжар қалаларында ұстаздық студент бастаған ол 1936 жылы білімін шыңдау мақсатында Алматыға ат басын бұрып, қара шаңырақ ҚазПИ-ге оқуға түседі, профессор Құдайберген Жұбановтан тіл білімінен дәріс алу бақытына ие болады. Ары қарай Ленинградтағы КСРО ғылым академиясында аспирантық оқуын жалғастырып, ғылым даңғылына толықтай табан тірейді. Ұстаздық ұлағаты мен ғалым ретіндегі табандылығын ұштастыра білген сөз зергері талай шәкірттің жолын ашып, ғылымдағы жұлдызын жарқыратты. Зерттеушінің мол тәлімін бойына сіңіріп, кесек-кесек сөздерін ойына қондырған шәкірттерінің бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парасат орденінің иегері, ғалым Асылы Осман: «Ахмедидің 1970 жылға дейін оқулықтар мен жазған еңбектері арқылы білем, 1970 жылдан бастап ғалымның ғылыми шәкірті болдым. Ахмедидің аға бір тақырыпқа ғана тұсалып қалған ғалым емес, қазақ тіл білімінің сан түрлі саласының бәрін де қамтыған жан-жақты зерттеуші. Қазақ ғалымдарының ішінде тіл тарихы мен әдеби тіл туралы ең алғаш пікір айтқан тұлға. Ол өзі ғылымға адал болғаннан кейін, ғылымға адал жандарды да ерекше сезетін. Ат жүрісінен белгілі болатын сияқты, ағайым әрбір адамның сөйлеген сөзінен, ойынан, логикасынан, адамға деген қарым-қатынасынан адамды тандай да білетін, тани да білетін. Сондай көрегендігінің, тани білетінінің арқасында Рабиға Сыздық апамызды сонау Ақтөбеден осында, ҚазПИ-ге шақырып, беделді, белгілі ғалымның болашағына бағдар жасады. Ахмедидің ағайын адамды ұлтына, нәсіліне бөлмейтін адалдығын менің басымнан да көруге болады. Мені өзге ұлт деп бөлмей, кеудемнен итермей, басымнан сипап, арқамнан қағып, туған перзентіндей көріп, халқының кең пейілділігін көрсетіп, мені де сол рухқа баулады.

Ахаңнан оқып, білім, тәрбие алған мұғалім, ғалымдар республикамыздың түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етті, етіп келеді. Ол кісінің шәкірттерінің көбі халық ағарту саласында басшылық қызметте, мектеп директоры, кафедра меңгерушісі, оқулықтар мен методикалық құралдардың авторы, түрлі дәрежелі атақтағы ғалымдар болды. С.Қирабаев, Р.Сыздықова, К.Сәду-

ақасов, С.Сарыбаев, Н.Оралбаева, А.Хасенова, Ф.Мұсабекова, Т.Қоңыров, Р.Әміре, Ә.Хасенов, А.Әбілқасым, М.Ұйықбаев, Б.Көтенбаева сынды қазақтың көрнекті ғалымдары мен профессорлары Ахмедидің білімімен сусындады», — дейді ұстазы туралы толғана сөйлеп.

Әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының тіл біліміне қатысты зерттеулері мен терминдерін одан ары дамыта жіктеген Ахмедидің Ысқақұлы қазақ тілінің морфологиясын, лексикографиясын, тіліміздің грамматикалық құрылысы мен этимологиялық түп-тамырын, тыныс белгілері мен түбір сөздердің мағынасын, сөз, сөйлем жасау ерекшеліктерін, бәрін-бәрін тереңнен зерделеп, ғылыми монографиялар, мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындарына арналған әдістемелік құралдар жазды. Бірнеше мәрте қайта басылған «Қазақ тілі грамматикасы», «Есім сөздер», «Қазіргі қазақ тілі», «Марфология» еңбектері күні бүгінге дейін жоғары оқу орындарының, зерттеушілердің басты оқу құралдарының бірі болып келеді. «Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми зерттеу жұмысының жайы мен міндеттері», «Қазақ тілін оқыту методикасының қазіргі жайы мен міндеттері», «Ана тілін оқытудың түйінді мәселелері», «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеу сөздер», «Қазақ тілі морфологиясының зерттелу жайы», «Қазақ тіліндегі сөздердің топтастырылуы», «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылысы және есім сөз топтары» зерттеулерінде де тілімізге тән түйткілдерді тамыршыдай тап басып, саралаған.

Қазақ тілін жаңа тіл деп ділмәрсігендерге дәйекті түрде тойтарыс беріп, қазақ тілінің бағзыдан тамыр тартқан, тілдік даму нормаларының барлық сатысын өткерген көне тіл екенін еңбектерімен айғақтады, көне жазба ескеркіштердегі жазулармен салғастыра зерттеді. Ежелден адам баласы табиғат құбылыстарына, тіршіліктегі түрлі жайттарға құлақ түре жүріп, бірте-бірте сөйлеуге машықтанғанын, түрлі дыбыстарға еліктеуден еліктеуіш сөздердің қалыптасқанын алға тартты.

Төлтіліміздің көнеден келе жатқанының бір дәлелін ғалым былайша келтіреді: «Қазіргі қазақ тілінде алғашқы екі буыннан кейін ерін үндестігінің сақталмауы кездейсоқтықтан пайда болған нәрсе емес. Бұл құбылыс түркі тілдерінің ерте замандардың өзінде ала-құла болғанымен байланысты болса керек. Бұған тек дауысты дыбыстардың үндестігі ғана емес, дауыссыз дыбыстардың арасындағы үйлесімділіктің алаңы да айғақ. Мысалы, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде: «қыз-лар», «ат-лар», «йаш-лар» сияқты формалармен қатар «қыздар», «аттар», «жастар» болып айтылатыны осыған дәлел.

...Тіліміздің даму тарихында, бір жағынан, сабақтастық заң берік сақталғаны айқын көрінсе, екіншіден, барлық дәуірде де сөздердің шығу, даму, қалыптасу жолдарын бағдарлайтын және оларды бір арнаға түсіріп отыратын берік заң болғанын

көреміз. Оның бірі — дыбыстар мен сөздердің ынтымағы, екіншісі — тілдегі жаңа пайда болған құрылыс-құрылым өзгерістерінің ұзақ уақыт бойы үзбей қолданылғандағы тыңғылықтылық (ықтияттылық) көрінісі».

Айтулы тұлғаның ұлт руханиятының алтын қоржынына қосқан ерен еңбектерінің ішінде онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» құрылуына басшылық еткенінің орны бөлек. Қазақтың ғана емес, бүкіл түркі халықтарының тарихында тың құбылыс болып қатталған онтомдыққа дейін Ахмедидің Ысқақ сөздік құрастырудың жүйелі сатыларынан өткен. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер түзе келіп, жауапкершілігі орасан

«Абай тілі сөздігін» құптап, халқының рухани қажетіне ұсынады. Ақынның туындыларында қандай сөздер, қандай тіркестер қолданылғанын, әр сөз бен тіркестің қай жерде қанша рет өлең жолдарына әр бергенін белгілеп, жеке-жеке мағынасымен, сол тұстағы қоғамдық мәнімен мазмұндайды. Сөздік алғы сөзінде: «Абай өз шығармаларында алты мыңдай сөз қолданыпты. Бұдан Абайдың сөздігі кедей екен деуге болмайды. Шындығында, Абай қазақ сөзін шығармаларында қолданған сөздердің аясынан әлдеқайда көп білген», — деген ғалым, ұлы ойшылдың үйреншікті сөздердің үйреншікті мағыналарына жаңа ренк, жаңа мағына үстеп жазғанына да тоқталған.

Жиырма жылға ұласқан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» құрастыру да онайға соқпады. Көрнекті ғалым Байынқол Қалиев бұл жылдарды: «Қазақша шыққан бүкіл газет-журналдарды, көркем әдебиеттерді, қазақша жазылған мақалалар мен ғылыми еңбектерді, оқулықтардың барлығын карточкаға түсіріп, реттеп, санап көріп едік, жүз алпыс мыңдай сөз шықты. Бір қызығы, әлгі жүз алпыс мың сөздің (60–70-жылдар, Совет үкіметі бар кез) жүз мыңы орысша, алпыс-ақ мыңы қазақша болды. Бұл қазақ тілінің түсіндірме сөздігі болғаннан кейін, қолданыста жүрсе де, орысша сөздерді сөздікке қосамыз ба, қоспаймыз ба деген үлкен мәселе тұрды алдымызда. Ахаң осының жай-жапсарын анықтау үшін Мәскеуге барып, ғалымдармен ақылдасып келді.

Мен Аханнның шәкірті, көмекшісі ретінде шырылдап: «Жок. Бұл — қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Орысша айтылып, орысша жазылып жүрген орыс, Еуропа сөздерін, латын, грек сөздерін сөздікке түгел енгізуге міндетті емеспіз. Ол қазақтың сөзі болмайды», — дегенімде, Ахаң тоқтатып, парасатты түрде пайымдап еді. Шын мәнінде де, кейін онтомдықты аяқтағанда, тұтас сөздікте алпыс жеті мың сөз қамтылды. Соның жеті мыңы ғана орысша айтылып, орысша жазылатын сөздер, алпыс мыңы қазақтың төл сөздері болып шықты. Аханнның көрегендігі сол, егер ол кісі заманға орай жат сөздердің де біршамасын алуымыз керек екенін айтпағанда, сөздік жасағандар «ұлтшыл» атанатын ба едік?.. Сөздікті шығаруға қол жеткізетін бе едік?.. — дейді, қысылтаян сөтте саналы жол тауып, қазақ сөзінің түгелденуін басты мұрат еткен ғалымның тұлғалық болмысын аша сөйлеп. Сөздік жайында: «Қазақ лексикографиясының теориялық мәселелері құнтталып, зерттелмегендіктен, оның көп тұманы айықпағаны, көп түйіні шешілмегені аян.



Солдай бола тұрса да, халқымыздың замандар бойы мектебі жоқта — мектебі, кітабы жоқта — кітабы болып, оның бүкіл азаматтық тарихының, шаруашылық тұрмысының, рухани өмірінің, өмір бақиғы тіршілігінің айғағы болып қызмет етіп келген ана тілінің әрі асыл, әрі бай қазынасынан сөз қалдырмауға тырысып, қордағы материалды сарқа пайдаланып, сөздікшілер көп уақытын, қыруар еңбегін сарп етіп, жетпегенін жетілдіре, толмағанын толтыра отырып, алдарыңызға осы сөздікті ұсынып отыр», — деген Ахмедидің Ысқақ тіл-тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының, өз мәдениетінің, оның дүниелік және рухани қазынасының айнасы болып есептелетінін де еске салады.

Тіл білімі маманы Мырзатай Серғалиевтің жазуынша, онтомдыққа «66 мың 931 атау сөз және 24 мың 498 фразеологиялық тіркес, жалпы алғанда, 103 мың 429 лексикалық-фразеологиялық единица қамтылып, 103 мың 627 түрлі сараптама берілген. 1089 автордың 2597 кітабынан, 108 жеке кітап пен жинақтау, 12 аударма әдебиеттен, 17 оқулықтан, 14 журнал мен 7 газеттен — барлығы 2827 жазба нұсқадан алынған материалдар» екішелікті.

Осындай қадау-қадау жұмыстардан тұратын түсіндірме сөздікті құрастыруда Асылы Әлиқызының да үлесі зор. «Институтта Ахмедидің ағаның жөн сілтеуімен «Абай жолындағы» сөздерді зерттеуді үйрендім. Онтомдық түсіндірме сөздіктің жұмысына қатыстым. Сөздікті жасау кезінде білмегенімді біліп, үйренбегенімді үйрендім. Соның өзі бір ғылыми мектеп болды. Бірде-бір түркі тілдес халықта онтомдық түсіндірме сөздік жоқ. Он тоғызыншы ғасырда Еуропаны француз тілі қалай тербесе, бүгінгі таңда қазақ тілі түркі тілдеріне сондай дем беруде. Қазақтың «бірақ» деген бір сөзінің өзіне жүз отыз синоним бар. Осыны Париж төрінде тұрып айтқанымда, олар қатты таңғалған еді», — деген Асылы апай, басшылық қызметтерді абыройлы атқарып, көптеген мәртебелі сыйлықтарды еншілеген ғалым бүгінде көп атала бермейтінін, еңбектері әлі де өз бағасын алмағанын айтып, ішкі қынжылысын да білдірді. Туған өңірі Семей қаласынан ғалым атына бір көше бұйырмай тұрғаны да шәкірт көкейінде жүр.

Қазақ тілінің көне де көркем тіл ретіндегі табиғатын әр тараптан терең зерделеп, кеңестік идеологияның көрінін жасқанбай, ана тілге араша түсіп, ұлттық тіл ретінде жандануына жанын сала еңбек еткен тұлғаның кемел ілімі ұрпақтар жалғастығымен жасай бермек.



Ұлықпан СЫДЫҚОВ,
академик, философия
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

Халқымыздың біртуар тұлғасы, көрнекті ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері Досмұхамед Кішібекұлының туғанына 100 жыл.

1969 жылдың қараша айы болатын. Қазақ политехникалық институтының үлкен мәжіліс залында институт комсомол ұйымының есеп беру-сайлау конференциясы өтіп жатыр. Ол кезде комсомолдың беделі үлкен. Комсомол араласпайтын іс, шешпейтін мәселе жоқ деуге болады. Жүрегіміз таза, басқарушы партияға, идеологиялық ұран-науқандарға Құдайдай сеніп, жастық шактың жалыны лапылдап тұрған студенттерміз. Зал толы, иін тірескен студенттер мен оқытушылар. Жоғарыдан келген қонақтар, институт басшылары, бәрі қатысуда. Мен автоматика және есептеу техникасы факультетінің соңғы курсында оқып жүргем. Бірнеше жылдан бері комсомол комитеті тексеру комиссиясының төрағасы едім. Жұрт алдында есепті баяндама жасадым. Көпшіліктің мұқият тындап, жақсы қабылдағанын аңғарғандай болдым. Үзіліс жариялана салысымен президиумда отырған институт парткомының хатшысы Досмұхамед Кішібеков мені өзіне шақырды. Комсомол жұмысына байланысты көріп, әртүрлі жиындарда сөйлеген сөздерін тындап жүрген адаммыз. Жүрегіміз басып қасына бардым. Қолымды алып, жылы жүзбен амандасты да: «Ертең маған келіп жолығып кетші», — деді. Бас изедім. Сол күні кеш бойы, тіпті түнімен сан түрлі ойлар шырғауында болдым: «Неге шақырды? Әлде бір оғаш пікірлерім болды ма? Жоқ сияқты». Бұл кісінің философия ғылымдарының докторы, профессор, философия кафедрасының меңгерушісі екенін білетін едім. Болашақ мамандығым болса инженер, ол жағынан да шақырудың себебін таппадым.

Сонымен, келесі күні ол кісінің кабинетіне келдім. Қобалжулымын. Жымия түсіп, қол беріп амандасты, орын нұсқады. Содан кейін оқу, жатақхана жайын сұраудан басталған әңгімеге жүрек тоқтатып, емін-еркін араласып кеткенімді өзім де байқамай қалдым. Ол кезде институтта сабақ тек орыс тілінде жүретін. Басқаны былай қойғанда, екі адамның ауызекі сөйлесуінің өзі осы тілде болатын. Арагидік қазақша сөйлеп қалған кісі өзін оғаш сезінетін. Біздің әңгімеміз ағыл-тегіл қазақша өтіп жатыр. Ол кісі өмір жолымды, аты-жөнімді, мақсат-тілегімді бәрін-бәрін суыртпақтай отырып айтқызды. Үлкен ықыласпен, аса бір таза мейіріммен маған ден қойып отырғанын байқаған сайын шешіле түстім. Кейбір сәттерде, тіпті көңілім де босағандай сезімде едім. Әңгіменің соңына қарай Досмұхамед ағай былай деді: «Сен туралы осыдан екі-үш жыл

бұрын сендерге философия пәнінен сабақ берген доцент Әбдіқадыр Ысқақовтан естіген едім. Ол өзін туралы өте жақсы пікір айтқан. Студенттердің бүкілодақтық ғылыми жұмыстарының байқауына философиядан дайындаған баяндамамен қатысып, жүлдегер атанғаныңды да білем. Содан бері сыртыңнан байқап, көзден таса қылмай жүрмін. Кешегі жасаған баяндамаң да маған өте ұнады. Ойың жүйелі, тың пікірлерің бар. Ұлттың тарихы, мәдениеті мен әдебиетіне деген ынтанды да байқадым. Сөз саптауың да айтарлықтай. Қысқасы, сенің философия ғылымына бой ұрып, аспирантураға түсуіңді қалаймын. Философия — барлық ғылым саласы мен мамандықтар үшін жат ғылым емес. Олардың барлығының түп негізі, бағыт сілтеушісі», — деді. Одан әрі ойын жалғастырып: «Сен математиканы да, физиканы да, әдебиет пен тарихты да, дәстүр мен салтты да білетін жігіт екенсің. Бұл өте керемет! Екіншіден, сен техниканы, әсіресе заманауи электронды, автоматты техниканы оқып, игеріп жатқан мамансың. Таза философияны оқығандар шеңберден шыға алмай қалады. Басқа салаға тістері бата бермейді. Әлемде данқы жер жарған атакты философияның барлығы дерлік басқа мамандықты игергендер. Техниканың аты озып бара жатқан мына заманда руханият пен техникалық дамудың арақатынасын, қабысуы мен қайшылығын зерттейтін маман жоқ. Ақылдымы тындасан, сен осы салада ізденіп, жұмыс істе», — деп нықтап айтты. Міне, осы бағыт менің ғылымдағы жолымды ашты, жаңа ғылыми мектеп дүниеге келді.

Бұл ұсыныс мен үшін мүлде күтпеген, өте тосын жай еді. Күмілжіп қалдым. «Ойлан, уақыт бар. Әрине, философия ғылымын терең игеру үшін өздігіңнен көп еңбектеніп, тер төгуге тура келеді», — деді профессор.

Ақылдаса қоятын да ешкім жоқ. Үш-төрт ай ойландым. Институтты үздік бітіріп, ақыры философия кафедрасына аспирантураға түстім. Кейінірек естіп-білдім, техникалық оқу орнын бітіріп, инженер мамандығын алған мені философия саласынан аспирантураға қабылдатуға рұқсат алудың өзі оңайға түспепті. Институт басшыларынан бастап, министрлікке, одан әрі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне дейін қағаздан қағаз түсіріп, әр деңгейдегі шенеуніктердің алдына барып жүріп, Досмұхамед ағай өз пікірін әрен өткізіпті. Сол кезеңде мен туралы «Кішібековтің жерлесі екен», енді бірде «әйелінің інісі екен» деген сияқты әртүрлі қауесеттер де еміс-еміс құлаққа шалынып жүрді. Досекеннің Сыр бойында туғанын, қайын жұрты Орал жақтан екенін, ал менің Тарбағатай тауының бөктерінен келгенімді көп жұрт қайдан білсін. Әңгіме-қауесет айтып жүргендерді де түсінуге болады. «Айдаладағы инженер баланы Досекен неліктен өзіне тартып, шәкірт етіп жүр» деген сұрақ мазалап жүргені белгілі. Ал ол сұрақтың жауабы біреу ғана еді: Досмұхамед ағайға тән үлкен азаматтық, мейірімді жүрек, тек шын ұстаздың ғана бойынан табылатын қырағылық пен қамқорлық.

Сөйтіп, сонау 1970 жылдардың басынан бастап Досекенге шәкірт болдым. Тағдыр көп жағдайдан, әсіресе білім мен ғылым саласынан ой-пікірімізді, ниет-пиғылымызды ортақ арнаға тоғыстырды. Содан бері 50 жылдан астам уақыт бойы бірге қызмет істеп, қоян-қолтық қатар жүрдік. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қатынас аға-бауыр сыйластығына, тіпті достық көңілге ұласты. Демек, Досекеннің бүкіл ғылыми-педагогтік, қоғамдық қызметі көз алдыма өтті.

Сол жарты ғасырдан астам мезгіл

ішінде өз жүрегіме бұлжымастай етіп түйген сырым, ашқан айдай ақиқатым мынау: Досмұхамед Кішібекұлы — өзі туған, кіндік қаны тамған қасиетті қара топырағынан терең нәр алған, ата-баба рухын бойына мейлінше сіңірген, Отанын шынайы сүйген патриот азамат, парасаты биік, шарапаты мол, жүрегі үлкен, жаны дарқан ұлағатты ұстаз, бір сәтке де тыным таппайтын ерен еңбеккер, ғажап ізденімпаз, философия сияқты біліктіліктің, ақыл-ой маржанының, данышпандық талғамның туын көтерген

ҰСТАЗ

ғылымның ыстығына күйіп, суығына тоңған бірегей айтулы ғалым, қоғамның ілгері басуы жолында, халық мүддесі үшін жан аямай күресетін, ой-пікірін ашық бетке айтатын, өзіндік берік позициясы бар белсенді қайраткер, көпшіліктің құрметтісі, шәкірттерінің пір тұтар үлгісі, аңқылдаған көңілі, бала мінезі бар аяулы дос, немерелерін тым жақсы көретін елпілдеген ата.

Досмұхамед Кішібекұлы (замандастары Досмұхан Кішібекұлы деп атап кеткен) — қасиетті Сыр өңірінің түлегі. Бұл өлке сан ғасырлар бойы қазақ халқының рухани мәдениетін: салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ән-күйін, жыраулық өнерін сақтап, дүниеге паш етіп келе жатқан өңір екені белгілі. Сыр бойы ерте замандардан-ақ сауда жолына айналған, ол арқылы Шығыс пен Батыс елдерін байланыстырған атакты «Жібек жолы» өткен. Сыр бойында Құмкент, Саудақент, Сунақ, Сауран, Яссы, Талас, Баласағұн сияқты қалалар мәдениет ошақтарына айналса, Қорқыт Ата, Әбунәсір әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Қалдырғали Жалаири секілді ғұлама бабаларымыз дүниеге келіп, әлемге баға жетпес рухани із қалдырған. Оған да себеп болған түрлі мәдениеттердің, ғылымдардың «Жібек жолы» арқылы тоғысуы еді. Сыр елін «жыр елі» деп атайтыны да баршаға мәлім. Жыр айтудың бұл өңірде өзіндік мақамы, орындау мәнері бар. Ел арасында кең тараған Нұрым жырау, Базар жырау, Нұртуған жырау дәстүрлерін де бұлжытпай сақтаған тек осы өңір. Оның дәлелі кешегі Көшеней мен бүгінгі аты әйгілі Париж сахнасында дүниежүзілік этнографиялық олимпиадада жүлдегер атанған Алмас Алматов. Досаған, міне, осындай өңірде дүниеге келіп, ана сүтімен бірге ұлтымыздың рухани қазынасының бал қаймағын татып, бесікте жатқаннан ұлттық рухты бойына сіңіріп өскен жан. Оның үстіне, ол туып өскен, балалық дәурені өткен Шиелі атырабы да, бір жағынан, тоғыз жолдың торабы, сан ұлт өкілі бас қосқан, базары ертеден дуылдаған, көлі көп, суы мол, үйрек-қазы ұшып-қонған, табиғаттың бар сұлулығы мен ен байлығы асып-тасқан мекен болса, екінші жағынан, әулиелер ордасы атанған, ұлт мақтанышына айналған қайраткер Мұстафа Шоқайев, әйгілі диқан ата Ыбырай Жақаев, ән перісі Нартай Бекежанов, ғылым жұлдыздарының бірі Шаһмардан Есенов сынды тарландар шыққан киелі жер. Осының бәрі болашақ ұстаздың, зерделі ғалымның қалыптасу жолына, жан дүниесі мен ой-өрісіне молынан ықпал жасағаны айдан анық. Кісілік парасат,

ізденімпаздық, білім-ғылымға деген құмарлық осы ортадан бастау алғанына шүбә жоқ.

Ізденіс жолына біржола бой ұрған Досекен үш жыл бойғы әскери қызметін (әскери ұшқыш мамандығын игеріп, соғыс майданының аспанында атой салған Ұлы Отан соғысының ардагері) 1946 жылы тамамдасымен Қызылордадағы педагогтік институтқа оқуға түсіп, оны бітірген соң КСРО Ғылым академиясы философия институтының аспиранты атанады. Елуінші жылдардың басында

философия ғылымынан қазақ азаматтарының алғашқыларының бірі болып кандидаттық диссертация қорғады. 1972 жылы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

1964 жылы Қазақ политехникалық институтының философия кафедрасына менгеруші болып қызметке кірісті. Содан бергі алпыс жыл бойы осы қасиетті білім ордасында абыройлы еңбек етті. Ұзақ жылдар бойы Қазақ ұлттық техникалық университетінің қоғамдық пәндер кафедрасын басқарды. Осы оқу орнының шаңырағы астында жұмыс істеген кезең Досекен үшін шынайы өсу, кемелдену жылдарына айналды. Шабыттың шырқауына көтерілді, тынымсыз ғылыми ізденістің ләззатын татты. Ең бастысы, ұлағатты ұстаз, парасатты азамат екенін танытты. Өзінің ғылыми-педагогтік мектебін өмірге келтіріп, бұғанасын қатайтты. Сан мыңдаған болашақ инженерге философия ғылымының нәрін құйып, дүниетанымы мен өмірге көзқарасын қалыптастыруға қомақты үлес қосты. Оның ғылыми жетекшілігімен 18 адам кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғап шықты. Досаған қабілетті, ғылымға бейімі бар жастарды іздеп табуға, қамқорлық жасауға, бағыт сілтеуге көп көңіл бөледі. Жоғарыда өзінің ол кісіге қалай ұшырасып, шәкірт болғанды айттым. Досекеннің әрбір шәкіртінің өзінің тағдыры, өз жолы бар. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін, мүмкіндігі мен қабілетін даралап байқап отыру — Досағанның үлкен ұстаздық шеберлігінің бір қыры. Әріптестеріне, шәкірттеріне талап қоя білуі, олардың ізденіске деген ынтасын арттыруы, қажет кезінде шүйіркелесе білуі — бәрі тек үлкен ұстазға тән өнер екенін тағы да баса айтқым келеді. Д.Кішібековке «Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісіне еңбек сіңірген қызметкер» атағының берілуі — ұстаз еңбегінің бағалануының бір көрінісі болса керек.

Әсілі, зиялы қауымның көзі баяғыда жеткен бір ақиқат бар. Ол — ұстаздық өнер мен ғылыми ізденістің аражігі жоқ біртұтастығы. Нағыз ұстаз үнемі ізденіс үстінде болады, ұдайы ғылым мен техника жаңалығынан хабардар болып, білімін тереңдетеді, оны қонымды түрде тыңдаушыға жеткізудің жолын қарастырады. Ал жоғары мектепте дәріс беретін оқытушы ғылыммен шұғылдана ғана, өз лабораториясына шәкірттерін тартып, ғылым құпиясына қызықтыра алса ғана ұстаздық үрдістен шыға алады. Сондай-ақ жастармен қоян-қолтық араласып, өмір шындығын «өз көзімен

көріп, қолымен ұстап жүрген», өзіндік ойы, басқаға көрсетер өнегесі бар тұлға, яғни ұстаз бола білген адам ғана шын мәніндегі ғалым атанып, ғылым жолында жемісті нәтижелерге жете алады.

Досаған ұстаздық пен ғылыми ізденісті ұтымды ұштастыра білген, өз іс-әрекетінде жоғарыда айтылған ұстанымды бұлтартпай басшылыққа алған адам. Ол есімі жұртқа мәшһүр, еңбектері Қазақстан аумағында ғана емес, алыс-жақын шетелдерге танымал ғалым, әлеуметтік теориялар және гуманитарлық ғылымдар методологиясы саласы бойынша ірі маман еді. Оның қаламынан туған, жарық көрген еңбектердің ұзын саны 950-ден асады, оның ішінде 72 кітап пен кітапшалар бар. Оның еңбектері қашан да өмір тудырып отырған, зерттеуді,

қолжазба талқылаудан өтіп, түген жерге оның авторы шақырылып, түрліше сынақ-тергеуге түсті. Көз майын тауысып, алтын уақытын кетіріп жинап-терген небір материалдар, ғылыми саралаудан өтіп қағазға түскен беттер цензураның, партоткрат шенеуніктердің немесе жүйенің қол шокпарына айналған «сарай ғалымдарының» қайшысымен қиылып, түсіп қалды. Қайтесің! Ғылым жолы инемен құдық қазғандай. Досаған жасыған жоқ, буынын босатпады. Монографияның жырымдалып болса да жарық көргеніне тәуба деді. Қазір, шүкір, шығармашылық еркіндігіне қол жетті ғой.

Досағанның «Тарих философиясы және қазіргі заман» деген монографиясы еліміздің тәуелсіздік жолына түскен кезеңінде үлкен маңызды мәселені арқау



нақты тұжырым жасауды қажет ететін мәселелерді қамтып отырады. Пікірталас тудыратын өткір проблемаларды айналып өту немесе сипай қамшылау Досекеннің стилінде мүлде жоқ нәрсе. Мәселен, 1973 жылы жарық көрген «Өтпелі қоғамдық қатынастар» (орыс тілінде) деп аталатын монографиясы біздің қазіргі қоғам үшін, кешегі тоталитарлық жүйеден бүгінгі әділетті Қазақстан қоғамын құруға батыл кіріскен кезеңіміз үшін аса құнды еңбек екені даусыз.

Ал 1984 жылы орыс тілінде жарық көрген «Көшпелілер қоғамы: генезисі, дамуы, құлдырауы» деп аталатын монографиясын дайындауға Досаған 20 жылдай уақытын сарп еткенін мен жақсы білемін. Ол кітапты шығару жолында көрген азабын дұшпанның да басына бермесін. «Көшпелі қоғамды зерттеудің не қажеті бар, ол кімге керек, өткенді аңсау емес пе, ұлтшылдықпен ұштасып жатқан жоқ па, саясатқа қарсы бас көтеру емес пе?» деген сияқты сан күдіктер мен тосқауылдар алдынан шықты. Пәлен жерде

етті. Өйткені тарих философиясы ұлттың төл тарихына тура карап, оны жете тануға көмектеседі. Тарихты тану — өзінді-өзін тану. Бұл еңбек осы проблемаға қатысты алғашқы ғылыми туынды деуге болады.

Қазақ ежелден ойшыл, тумысынан талантты, философ халық. Қазақтың жырларында, толғауларында, термелерінде, макал-мәтелдері мен нақыл сөздерінде қаншама философиялық тұжырымдар жатыр. Д.Кішібековтің «Қазақ менталитетінің табиғаты» атты монографиясы ұлтымыздың осы алтын арқауын саралауға арналған еді.

Ұстаздық ұлағаттығының бір қыры, ұстаздық пен ғылымды әдемі ұштастыруының дәйекті көрінісі — тәуелсіз Қазақстан студенттеріне арналған философия пәнінің қазақ тіліндегі оқу құралы мен оқулығын дайындау ісі болды.

1991 жылы «Рауан» баспасынан авторлар тобының дайындауымен шыққан оқу құралының авторының бірі әрі бас редакторы Досекен еді. Ал 1994 жылы Қазақстан Республикасы Білім министр-

лігінің шешімімен «Атамұра» баспасы республика тарихында тұңғыш рет «Философия» оқулығын жарыққа шығарды. Оның авторлары Д.Кішібеков және осы мақаланың авторы еді. Республика жоғары оқу орындарына арналған «Философия» типтік бағдарламасын ұстазым екеуіміз дайындаған болатынбыз. Содан бергі уақытта біздің екеуіміздің осы оқулығымыз 10 рет қайта басылып шықты. Еліміздің барлық жоғары оқу орындары игілігіне пайдалануда.

Профессор Д.Кішібеков — үлкен ұйымдастырушы, философиялық білімді халық арасына таратуға көп еңбек сіңірген насихатшы. Ол 1967 жылдан бастап 30 жыл бойы республикалық «Білім» қоғамының президиум мүшесі, басқарма төрағасының орынбасары болды. АҚШ, Жапония, Франция, Түркия сияқты елдерде арнаулы дәрістер оқып, Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жетістіктерімен таныстыруға атсалысты. Ал түрлі теориялық және практикалық конференцияларда, симпозиумдар мен семинарларда, Қазақстанның барлық облыстарын түгелге дерлік аралап, көпшілік алдында жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері өз алдына бір төбе. Досағанның осы насихатшылық еңбегін жоғары бағалап Бүкілодақтық «Білім» қоғамы 1980 жылы академик С.И.Вавилов атындағы медальмен марапаттаған болатын. Ал 1985 жылы үздік педагогтік, ғылыми және қоғамдық еңбегі үшін «Халықтар достығы» орденімен, 2022 жылы «Барыс» орденімен марапатталды.

Тегінде шынайы философ есебінде қалыптасу, философиялық дүниетанымның, ойлау жүйесінің иесі атанып, оған әлеуметтік ортаны сендіріп, мойындату қияметтің ісіндей аса күрделі процесс. Философия мамандығы бойынша университет дипломын алып шығу — бар болғаны философия деген ғажайып әлемнің есігін ашу ғана. Себебі философия — бүкіл адамзаттың даналық ой маржаны, әлем құпиясы туралы толғамы, дүниетаным, өмірге көзқарасы, тіршілік позициясы. Нағыз философ — ұшан-теңіз білімнің, жүйелі ойдың, түйінді сөздің, асқан көрегендіктің, үлкен дарынның, ерекше қабілеттің иесі. Оның бойынан биік парасат, зор адамгершілік, әділдік пен адалдық берік орын алған.

Көне грек данышпаны Платон идеалды мемлекет құрылымының моделін жасай отырып, мұндай мемлекетті тек философ басқаруы керек деген қорытынды жасауы тегін емес. Ақсақ Темірді біз көбінесе асқан жауыз, қатал елбасы есебінде ғана білеміз, бізге жеткізуі солай болды. Шын мәнінде, ол асқан ақылды, терең білімді адам болған. Нағашысының кітапханасында жинақталған мол мұраны жорықта жүргенде қоржынға салып алып жүріп, қалт еткенде ылғи оқытып, тыңдап отырған. Алла тағаланың 99 есімін түгел білген кісі. Сол әмірші қоғамдағы барлық жіктерді 12 топқа бөліп қарастырған. Ең жоғарғы топқа пайғамбардың нәсілінен тараған ұрпақтар және ел тізгінін ұстаған салауатты әкімдермен бірге ғалымдарды, ойшыл даналарды қосқан. Бұл да кездейсоқ емес. Ғылымның қай саласынан болсын шырмау бийікке көтеріліп, үлкен жетістіктерге жеткен ғалымдардың барлығы да философиялық ой топшылауға, терең толғамдарға толы еңбектер қалдырған. Оған А.Эйнштейн, Д.Менделеев, Н.Семенов, Д.Сахаров және т.б. ғұлама ғалымдардың ғылыми-шығармашылық жолы дәлел.

Бұдан жасар тағы бір түйініміз — философияның қоғам алдындағы жауапкершілігінің аса үлкендігі. Нағыз философ қоғам тудырған ауқымды проблемалардан бейтарап қала алмайды. Үн қосады, пікір ай-

тады, керек болса бағыт сілтейді. Өзінің айқын, бүкпесіз позициясын көрсетеді. Мұның бәрі оңай дүние емес.

Осы тұрғыдан алғанда Досмұхамед Кішібекұлы — үлкен философ есебінде нағыз жүгін көтерген азамат еді. Ол үнемі ел өміріне үн қосып, өткір мәселелерге пікір айтып, дер кезінде бой көрсетіп, ой түйіндеп отыратын. Кез келген мәселеге дүниетанымдық, методологиялық тұрғыдан баға беріп, объективті жауап іздейді. Философтың саясаткерден айырмашылығы да, міне, осында болса керек.

Мәселен, сонау 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасын кезінде еліміздегі бірқатар басшылар Орталықтың әуеніне еріп, «түгі сыртына шыққан ұлтшылдықтың» (махровый национализм) көрінісі деп көпіріп жатқанда, оған тойтарыс беріп, қарсы шыққан алғашқылардың бірі Д.Кішібеков болатын. «Қазақ халқының ұлтшылдығы» деген қисық түсінікке де күйрете соққы берген ол сол үшін Орталық партия комитетінің идеология хатшысы З.Камалиденовпен, Орталық комитет қызметкері В.Ауманмен және А.Устиновпен де қатты сөзге келіп, кейін бірсыпыра уақыт жәбір көріп жүрген еді.

1991 жылдың бас кезіндегі Ирак-Кувейт шиеленісі де көпшіліктің есінде. Халықаралық қауымдастық Ирак тарапынан көрсетіліп жатқан қиян-кесті қиянатты орынды айыптап жатты. Осы сәтті пайдаланып Америка Құрама Штаттары бас болып бірсыпыра мемлекет Ирак жерін бомбалап от пен күлге айналдырды. Бұрын Иракпен қоян-қолтық қарым-қатынасы бар КСРО үкіметі үнсіз қалды, бәледен басын алып қашқандай болды. Осы оқиғаға байланысты Досекеннің «Социалистік Қазақстан» (1991, 19 ақпан) және «Лениншіл жас» (1991, 28 ақпан) газеттерінде ашық пікірлері жарық көрді. Сондағы Досекеннің жан айқайы — Ирак жеріндегі Шығыс елдерінің мәдениеті, тарихи көне ескерткіштері отқа түсіп, күлге айналмаса екен деген жанашырлық. Сан ғасырлық тарихы бар Шығыс мәдениеті Бағдад-Мысыр елінде шоғырланғанын білеміз. Бүкіл әлемге әйгілі «Мың бір түн» ертегілерінің отаны қалайша жойылып кетпек? Егер де Грециядағы Акрополь, Римдегі Форум осындай қатігездіктің құрбаны болып, ескінің көзі аталатын атакты мәдениет ошақтарының орны өшіп қалса, ең әуелі Еуропа елдері бір кісідей қарсы тұрар еді ғой. Міне, Досағанды қатты күйзелтіп, қолына қалам алдырған мәселелердің түп төркіні осылай еді.

Мына бір жайтқа да тоқтала кетейін. Кеңес үкіметі ыдырап, Компартия мен коммунистік идеологияның өктемдігі келмеске кеткен кезде, көпшіліктің санасында идеологиядан мүлде безіну психологиясы етек алды. Бір идеология шырғауынан құтылды па дегенде, тағы бір идеология құрсауына түсуден қауіптенушілік те бар еді. Сол кезде тағы да алғашқы болып Қазақ телевидениесі арқылы «Біздің тәуелсіз мемлекетке идеология деген не?» деген мәселені көтеріп, дәлелдемелер келтірген осы Досаған еді. Ол «Мемлекеттік идеология қандай болу керек?» деген проблемаға үн қосып, өз пікірін айтты. Осының бәрі Досағанның азаматтық айқын бет-бейнесін, өмірлік берік позициясын көрсетсе керек.

Бүгінде туғанына 100 жыл толып отырған ұлт мақтанышы, біртуар тұлға, ғұлама ғалым Досмұхамед Кішібеков ұстазға жаны жәннатта болсын демекпіз. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді», артта қалған рухани мол мұраның ұлтымыздың өсіп-өркендеуіне қызмет етіп, шәкірттеріңіз бен жас ұрпақты ілгері бастай беретініне сенімдіміз!

Жұмағамбет, Жұмағұл,
Хандармен болған табақтас,
Билермен болған сабақтас,
Асыл ердің данасы.
Халқының болған панасы,
Туар ма, шіркін, қазақта
Бұлардай адам баласы.
Сәттіғұл ЖАНҒАБЫЛУЛЫ

Ожырай кетенің бір старшынының үйірі екен. Көп кешікпей арттарынан қуғыншы шығады. Жұмағамбет аса ірі кісі болыпты. Мініске бір ат шыдамайтын болған соң, жетегіне тағы бір атты ерттеп алып жүрген екен. Ірілігі соншалық, астындағы мінген атының тұяғы жерге тереңірек сіңіп түседі екен. Қуғыншылар жерге сіңіп түскен ат тұяғының ізін көріп, үркіп қалады.

бажбандардың қылмысын әшкерелеп, қазақ салықшыға деген сенімі арта түседі. Жұмағамбет енді Хан сарайында игі жақсылармен бірге отырып, қатар жүретін болады.

Бір күні сыйлы қонақтармен бірге ханмен табақтас болып отырғанда, ханның сақалына үш-төрт күріш жабысып тұрғанын көріп: «Хан ием! Бадай тоғайында үш мүсәпір адасып жүр. Соларды

даласындағы ықпалы үшін бәсекелестік және хиуалықтардың Ресей сауда керуендерін тонауы нәтижесінде өршіді. Хиуаны басып алу 1873 жылдың көктемінде Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфманның басшылығымен басталды. Наурыз айының басында Ташкент, Орынбор, Маңғышлақ және Красноводск қалаларынан (әрқайсысы 2–5 мың адам) жалпы саны 12–13 мың

БЕКЛЕРБЕГІ – ЖҰМАҒАМБЕТ

«Жамағат, біздің тарих – алтын шынжыр,
Әр жерден жиі үзіліп,

деп Есенғали шайыр жырлағандай, қаймана қазақтың басынан қилы-қилы заман өткені белгілі. Әріге бармай-ақ өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы большевиктер төңкерісі, табиғи жұт пен ашаршылық, кәмпескелеу мен ұжымдастыру, ұлт-азаттық көтерілістер, саяси қуғын-сүргін, II Дүниежүзілік соғыс 6 млн қазақтың тоз-тозын шығарып, есінен тандырып, жартысынан көбін жойып жіберді. Кеменгер Әбіш ол кезенді: «Малы менен дәулеті түгілі, ақылы мен әулетінің қайда қалғанын білмей қалған кез болды» деп суреттеді.

Ал әрідегі Патшалық Ресейдің қазақты отарлау дәуірі өз алдына бір тақырып. Азаттықтан айырылған елдің азабы аз болған жоқ. Сол бір кезеңдерде өмір сүрген, аты-союы тарих беттерінен көмескіленіп, ұрпақ жадынан ұмытылған талайлы тарландар өтті. Олардың қызметі заманында мыңдаған адамның өмірін сақтап қалса, жүз мыңдаған бүгінгі ұрпақтың өсіп-өнуіне себепкер болды. Сондай асыл тұлғаның бірі – Хиуа хандығының Беклербегі Жұмағамбет би Жаншораұлы еді. Құжаттарда есімі «Жұмамұхаммед», «Джумамогамед Джаншурин», «Жонмухамед», «Жұмахабет» деп кездеседі.

Шыққан тегі Адайдың Тәзіке арысы. Оның ішінде, Өтей-Төлек атлығынан тарайды.

Өмірзақ Қалбайұлының шежіресінде: «...Төменгі тәзікелер ішінде өткен белгілі кісілерден білмейміз, ал жоғарғы Бесқала атырабында жүрген тәзікелерден Жұмағамбет, Жұмағұл деген зиялы кісілер, Қожатілеу, Нұрмұхан сынды біліктілер болғанын еске салып өтеміз» деп жазады.¹

Өмірзақ ақсақаладың айтып отырған Жұмағамбет, Жұмағұл – осы мақаланың басты кейіпкерлері. Ал Қожатілеу сол Жұмағамбеттің бел баласы.

1838 жылы Нарындағы Исатай-Махамбет көтерілісі жеңіліс тапқасын, Бөкей Ордасын жайлаған тәзікелердің де басына қара бұлт үйірілді. Қолына қару алмақ түгілі, көтерілісшілерді қару-жарақ жасап, оқ-дәрімен қамтыған әйгілі Шәкір ұста бастаған тәзікелер руының шеберлері қудалауға ұшырап, бас сауғалап кетеді. Оның ішінде Жұмағамбет, Жұмағалидың әкесі Жаншора да бар.

Күндердің күнінде ағалы-інілі Жұмағамбет пен Жұмағали Хорезм жағына қоныс аударуға бел буады. Жолда кетіп бара жатып, жол-жөнекей кездескен үйір жылқыны айдап кеткені. Жылқы

Ішінде жол бастап келе жатқан ақсақалы: «Мынау тегін адам емес. Асылы бұл жылқы енді бізге бұйырмайды. Сендер ауылға қайта беріндер!» деп қуғыншыларды қайтарып, қасына бір адамды ертіп жолын жалғастырады. Жолда денесі лашықтың ішінде, аяғы лашықтың сыртында жатқан Жұмағамбеттің үстінен түседі. «Жігіттерді ауылға қайтарғаным дұрыс болған екен, мына дәу, сірә, адамды аман жібермес» деп абдырап тұрған биге Жұмағамбет: «Жылқыңды алуға келдің бе?» – дейді. Сонда ақсақал: «Апыр-ай, мына дененмен барымта жасап жарымайсың. Мандайың жазық, жүзің момын екен. Жылқыңды алуға емес, алған адамды көруге келдің. «Сен енді бұл жүрісінді қой, шырағым, жолыңды өзгерт. Саған ел бастау жарасар», – деп ақ батасын береді.

Содан Хиуа шаһарына жеткен соң, бұлар сол жылқыларды сатып, пұл қылып, түскен ақшаға етікшілік кәсіппен айналыса бастайды. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, ұсталық пен зергерлік өнер қанмен дарыған Жұмағамбеттің тіккен етіктері ел аузында аңызға айналады. Оның етіктерінің бір ерекшелігі – сексеуілдің тамыры мен киіктің терісінен тігіліп, күміспен әшекейленетінінде. Кәсібі гүрлеп, Хиуа базарында аты шыққан Жұмағамбеттің етіктеріне хан сарайындағы ханзада-ханшайымдардан да тапсырыстар түсіп жатады.

Бір күні Хиуа ханы уәзірінен: – Сексеуілдің тамыры мен киіктің терісінен, күміспен көмкеріп тігетін етікші бұрын біздің елде жоқ еді. Бұл қайдан келген етікші? – деп сұрайды. Уәзірі:

– Уа, хан ием! Бұл – бір қырдан келген дәу адай-қазақ. Етіктері әдемі, әрі арзан, әрі тез тігеді. Жұрттың бәрі соған ағылуда, – дейді. Хан, атағы дүркіреп тұрған шеберді көзімен көрейін деп, сарайға алдыруға пәрмен береді.

Жұмағамбеттің алып тұлғасына таңғалған хан:

– Сен мына дененмен етікші болғаның дұрыс болмас. Бүгіннен бастап базардың бажбаны боласың. Сенің түріңнен қорыққан саудагер сарттар салығын уақытында төлейтін болады. Саған сенім арттым, адалдығыңды уақыт көрсетер, – деп, оны Хиуа базарының салық жинаушысы етіп тағайындайды.

Етікшіден бір күнде салықшыға айналған Жұмағамбеттің бұл қызметі де өрге домалай түседі. Аз уақыттың ішінде салық түсімі көбейіп, хан қазынасы молаяды. Хан Жұмағамбеттің адалдығына риза болып, бұрынғы

шығарып жіберсеңіз», – дейді астарлап. Хан «мына қазақ не айтып отыр?» деп мұның сөзіне түсінбей, сол қолымен сақалын сипап қалғанда, алақанына түскен күріштерді көреді. Сонда Жұмағамбет: «Рақмет, хан ием! Шығарып жібердіңіз», – деп палауын жей береді.

Шартараптан келген қонақтар аттанғасын, хан уәзірлерін жинап, Жұмағамбеттің ақылы мен әдебіне, сөз тапқырлығына, адал қызметіне риза болғанын білдіріп, оны беклербегі етіп тағайындайды. Алтын қынапты қылыш, белбеу және Бадай тоғайын иелігіне береді. Сөйтіп, баяғыда жылқысын алдырған қуғыншы Кете ақсақалдың батасы қабыл болыпты. Сыйға алған қылыш бүгінде Бұқара қаласының музейінде сақтаулы. Ал Бадай тоғайы

адам, 56 мылтық, 4600 жылқы және 20 мың түйе қатысқан төрт отряд жорыққа аттанды.

27–28 мамырда Хиуа маңындағы шайқастарда хан әскері жеңіліс тапты. Хиуа 29 мамырда алынды, ал Мұхаммед Рахим хан II Патшаға берілді. 1873 жылы 12 тамызда қол қойылған Гендемиян бейбітшілік келісімі хандықтың Ресей протектораты мәртебесін бекітті. Хан өзін Ресей императорының «бағынышты қызметшісі» деп жариялады және Әмударияның оң жағалауындағы хандықтың барлық жерлері Ресейге өтті. Бұл жерлер Ресейге тәуелді Түркістан өлкесінің Әмудария бөлімінің құрамына кірді.

Тәуелсіздіктің жоғалуы хандықтың ішкі өміріне әсер етпеді, бірақ Ресей билігі хандықтағы құлдықты жойды. 1873 жылы Ресей қарауына өткен жерлерде алғашқы әкімшілік Әмударияның оң жағалауында орналасты.

Ол Әмудария округі аталып, 1874 жылы Әмудария бөлімі болып өзгертілді. Орталығы Төрткүлде орналасты. 1887 жылы Түркістан өлкесін басқару ережесін енгізгеннен кейін, бөлім Сырдария облысына бағындырылды. Әмудария бөлімін Түркістан генерал-губернаторлығына тікелей бағынышты, зор құзыреті бар бастық басқарды. Әмудария бөлімінің жалпы аумағы – 97 960 шаршы верст. Халқының саны – 194 473 адам. Басқару аппараты толықтай Ресей патшасының шенеуніктерінің қолында болды. Құрамында бөлім бастығына бағынған Шурахан және Шымбай приставтары болды.

1873 жылы Хиуа хандығы аумағында 5000 түгін немесе 25 мың қазақ мекендеген. Олар негізінен Қожелі, Көне Үргеніш және Қонырат бектерінде өмір сүрді. Бұл жалпы халықтың үштен бірін құрады. 1873 жылы маусымда Әмударияның төменгі ағысында ғылыми зерттеу жүргізген А.Л.Кун көшпелі қазақтардың оазиске іргелес далалық жерлерді қоныстанғанын жазды. «Кейбір көшпенділер жартылай көшпелі өмір сүреді, олардың егістіктері мен жайылымдары хандықтың шетінде орналасқан» деп көрсетеді зерттеуші. Сондай-ақ отырықшы өзбек халқы арасында да көшпелі қазақтар мен қарақалпақтар жиі кездесетінін атап өткен.

1873 жылы А.В.Каульбарс Әмудария атырауының батыс шетінде Кіші жүзден шыққан қазақ тайпаларының өкілдерін былай көрсетеді: «Байұлынан адай, алаша, Жетірудан табын, сондай-ақ Әлімұлынан шекті тайпасының өкілдері Үлкендарияның жоғарғы және төменгі ағысында қоныстанған.

КІШІ ЖҰЗ ҚАЗАҚТАРЫ
МАҢҒЫШЫЛАҚ ПРИСТАВЫНЫҢ,
ӘМУДАРИЯ БӨЛІМІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ
ЖӘНЕ ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ АРАСЫНДА
КӨШПЕЛІ НЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ӨМІР СҮРІП
ЖАТТЫ. БҰЛ ТЫНЫШСЫЗ, САЯСИ АХУАЛЫ
КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ ЕДІ. ҚАЙ ӘКІМШІЛІККЕ БАРСА ДА,
ҚАЗАҚТАР САЛЫҚПЕН ҚЫСЫЛА БЕРДІ, АЛ КЕРУЕНДЕРІ
МЕН ЖОЛАУШЫЛАРЫН ТҮРІКМЕН ҚАРАҚШЫЛАРЫ
ТОНАДЫ. ОСЫ ШИЕЛЕНІСКЕН ЖАҒДАЙДА
ЖҰМАҒАМБЕТ БИ ОРЫС ПЕН ҚАЗАҚ, ҚАЗАҚ ПЕН
ТҮРІКМЕН, ХАН МЕН БҰҚАРА АРАСЫНДАҒЫ
АРААҒАЙЫН, ДЕЛДАЛ ӘРІ ДИПЛОМАТ ҚЫЗМЕТІН
АТҚАРДЫ. ОЛ МАҢҒЫШЫЛАҚТАН ХОРЕЗМ
АТЫРАБЫНА АДАЙ РУЛАРЫ ҚОНЫС
АУДАРҒАН СОҢ, СОЛ ЕЛГЕ БАС БИ
БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛЫП, ҮЛКЕН
ЖАУАПКЕРШІЛІК
ЖҮКТЕЛДІ.

Қарақалпақстанның Беруни ауданында, Әмудария өзенінің жағасындағы әсем табиғаты бар қорық. Ол жерде Хан заманында «Жұмағамбет қорығы» деп жазылған тақтайша болған екен.

Ал енді Жұмағамбет Хиуа жеріне қай жылдары барды? Өкінішке қарай, біздің қолымызда нақты дерек жоқ. Жұмағамбет шамамен 1842–1843 жылдары туылған. Жиырма жасында барды деген жорамалымыз бойынша, бұл – 1864 жыл. Ол кезде Сейт Мұхаммед хан өлгеннен кейін, билікке Мұхаммед Рахим хан II келген. Жұмағамбетті беклербегі етіп тағайындаған да осы хан.

Мұхаммед Рахим хан II тұсында Ресей империясы Орта Азияны отарлап, Хиуа хандығы тәуелсіздігін сақтай отырып, патшаға мойынсұнды. 1870 жылғы Маңғышлақтағы Иса-Досан көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін, патша әскері 1873 жылы әйгілі Хиуа жорығына аттанды.

XIX ғасырда Ресей империясы мен Хиуа арасындағы шиеленіс Орта Азиядағы Ресейдің кеңеюі, олардың қазақ

Қоңыраттың оңтүстігінде, негізінен, адайлар өмір сүрген. Шоманай мен Қиятжарған арналарының жоғарғы және орта ағыстарында қарақалпақтармен аралас адайлар мен алашалар, Шортамбайдың сол жағалауында табын ауылдары, ал оңтүстігінде қаракесек руы болған. Лаудан бассейнінде (бұрынғы Айбүгір шығанағы) адайлар, алашалар, табындар мен шектілер

жолдаған:

«Я вновь сделал распоряжение, чтобы всякие перекочевки в пределы ханства были прекращены, людей же неблагонадежных и имеющих намерение откочевать приказал отдавать на поруки, с чем и предписал участковым начальникам объявить населению отдела».

Ал 23 ақпандағы тағы бір хатында ол

ЖАНШОРАҒАҰЛЫ



былай деп жазады:

«Никаких перекочевок с правого берега на левый быть не должно. Мне частью известно, что некоторые из старшин левого берега занимаются сманиванием к себе здешнего населения; если это известие подтвердится, то мне придется поссориться со старшинами».

Осылайша, Кіші жүз қазақтары Маңғышылақ приставының, Әмудария бөлімі әкімшілігінің және Хиуа хандығының арасында көшпелі не жартылай көшпелі өмір сүріп жатты. Бұл тынышсыз, саяси ахуалы күрделі кезең еді. Қай әкімшілікке барса да, қазақтар салықпен қысыла берді, ал керуендері мен жоллаушыларын түрікмен қарақшылары тонап, адамын өлтіріп отырды.

Осы шиеленіскен жағдайда Жұмағамбет би орыс пен қазақ, қазақ пен түрікмен, хан мен бұқара арасындағы арағайын, делдал әрі дипломат қызметін атқарды. Ол Маңғышылақтан Хорезм атырабына Адай рулары қоныс

өмір сүрген. Ең көбі — адайлар. Олар Маңғышылақтан Үстірт үстірті арқылы қоныс аударған. 500-ге жуық адай шаруашылықтары Көне Үргеніштің солтүстігінде, Айбүгір шығанағына жақын және Әмударияның батыс арналары — Шоманай, Қиятжарған, Ханарық арқылы көшіп келген».

Кейінірек, 1903 жылы Гиршфельд пен Галкин Хиуа хандығында тек Көне-Үргеніш пен Қожелі бектерінде 17 610 қазақ өмір сүрді деп жазды. Әмударияның он жағалауы Ресейге қосылғаннан кейін қарақалпақ және қазақ шаруашылықтары бірнеше рет Әмудария бөлімінен Әмударияның сол жағалауына көшті. Әдетте, Хиуа хандығына көшіп өтетіндердің көпшілігі антиресейшіл діни үгіт-насихатқа бой алдырған адамдар болатын. Мұрағат материалдарында осы себепті Әмудария бөлімінің бастығы мен Хиуа ханы арасында бірнеше мәрте ресми келіссөздер жүргізілгені туралы мәліметтер бар.

Мәселен, 1876 жылы 12 ақпанда Әмудария бөлімінің бастығы Иванов Мұхаммед-Рахим ханға былай деп хат

аударған соң, сол елге бас би болып тағайындалып, үлкен жауапкершілік жүктелді.

Жұмағамбеттің ресми қызметі туралы бірқатар архив құжаттары сақталған. Біздің қолымызға түскен алты құжаттың алғашқысы төмендегідей:

1-құжат

Әмудария бөлімінің бастығы

25 ақпан 1877 ж. №839

Петро-Александровск

Жоғары мәртебелі Хиуа ханына!

Маңғыстау приставы адай ауылының қазағы Жұмағамбетке өзіне сеніп тапсырылған приставтықтағы барлық қазақтарды басқаруды тапсырды, олар сіздің жоғары мәртебелі хандығыңызда тұрақты көшіп-қонып жүргендер де, әртүрлі істер бойынша уақытша келіп жүргендер де болады. Осы туралы хабарлай отырып, жоғары мәртебеңізден қажет болған жағдайда қазақ Жұмағамбеттің заңды өтініштеріне өз тарапыңыздан қолдау көрсетуіңізді өтінемін.

2-құжат

Әмудария бөлімінің бастығы

28 ақпан 1877 ж. №864

Петро-Александровск

Жоғары мәртебелі Хиуа ханына!

(хижри 1294)

Бұл ретте маңғыстаулық Жұмағамбеттің хаты мен Адай болысының қазағы Айтмамбет Қожықов пен Қаратай

істерді қарастыруға қатысатын лауазымды тұлғаларды шақыруды бұйырсаңыз. Жиналыс күні ретінде маусымның 1-ін белгілеуді жөн көрмес пе екенсіз? Сол күнге мен де істерді талқылауға қатысу үшін өз өкілімді жіберемін. Осы мәселе бойынша өз пікіріңізді маған білдіруіңізді сұраймын, жоғары мәртебелі мырза.

Бөлім бастығының міндетін атқарушы.³

4-құжат

Әмудария бөлімінің бастығы

28 қараша 1877 ж.

Жоғары мәртебелі Хиуа ханына!

Мен Жұмағамбет биге өз тізіміне жазылған қазақтардан салық жинаудан бұрын, қазақтар өзімізге қарасты деп санайтын және сіздің қол астыңыздағы деп есептелетін нәзірлеріңізбен келісуді бұйырдым. Осы жайында, Жоғары мәртебелім, сізге хат арқылы хабарлап, денсаулық пен амандық тілеймін.

Бөлім бастығының міндетін атқарушы.⁴

5-құжат

22 декабрь 1877 г. №4344

Высоко степенному Хану Хивинскому!

Би Мангышлакских киргиз Джумагамед явьясь в колене заявил, что с 384 киргизских (казахских. — Н.Н.) кибиток о которых вы мне писали, взыскана была в прошлом году подать генерал-майором Ломакином при содействии ваших людей. Если это заявление справедливо, то я покорнейше прошу Ваше высоко степенство, разрешить Джумагамеду взыскать с означенных киргиз и в этом году подать в русскую казну. За тем что мне сообщить Начальник Закаспийского военного отдела мнение которого по этому поводу я спрашиваю, буду иметь честь уведомить Вас и донести генерал-губернатору.

И.Д. нач.отд.полковник (подпись)⁵

6-құжат

17 января 1879 г. №159

Высоко степенному Хану Хивинскому!

На письмо мое, Начальник Закаспийского военного отдела уведомил мне, что соглашаясь с моим мнением он находит справедливым таких из киргиз (казах. — Н.Н.) которые кочевали в Хивинском Ханстве до 1873 года считать поданными Вашего Высоко степенства. А таких киргиз (казах. — Н.Н.) которые прикочевали в Ханстве с Мангышлака после 1873 года считать принадлежащими Мангышлакскому приставству. Уведомляя об этом Вам Высоко степенство покорнейше прошу сделать распоряжение, что бы Мангышлакские киргизы кочующие в Ханстве с 1873 года в полном подчинялись бию Джумагамбету Джанчурину и исполняли вес законных его требование.

За тем вопрос о Мангышлакских киргизов кочующих в Ханстве должны считаться решенным. Об этом мною сообщено бию Джумагамбету Джанчурину.

(Жалғасы келесі санда)

Нұржігіт НҰРБОЛАТҰЛЫ,
өлкетанушы

Сатқановтың арызын жолдауды өтіне сұраймын.

Жоғары мәртебелі Хиуа ханына!
(хижри 1294)

Осы жылдың 5-інде алынған Маңғыстау биі Жұмағамбеттің хатын жолдай отырып, сіздің Жоғары Мәртебеңізден өлтірілген қазақтың туыстарына кінәлілерден өтемақы өндіріп алу туралы өкім беруіңізді өтіне сұраймын.

Егер Жұмағамбет хабарлаған тонаушы түрікмендер туралы мәлімет рас болса, онда сізден, Жоғары мәртебелі хан, қайта пайда болған қарақшыларға қарсы қатаң шаралар қолданып, кінәлілерді жазалауыңызды өтінемін.²

3-құжат

Әмудария бөлімінің бастығы

7 мамыр 1877 ж.

Жоғары мәртебелі Хиуа ханына!

Генерал-майор Иванов 1875 жылғы 23 тамыздағы хатында сіздің Жоғары мәртебеңізге Сафар бидің өлтірілген туысы үшін құнды кімнен қаласаңыз, содан өндіріп алуға рұқсат бергенімен, ол бұл кісі өлтіруге айыпталушылардың арасында орыс бодандары да болатынын болжай алмаған еді, қазір белгілі болғандай: сіздің Жоғары мәртебеңіз кінәлі ретінде құн төлеуге бұйырған қазақ Ниетәлі Маңғышылақ приставында тіркелген орыс боданы болып шықты, және ол өз биі Жұмағамбет арқылы бұл кісі өлтіруге қатысы жоқ екенін мәлімдеді, оның дәлелі ретінде Бұрынжықтар сияқты 20 қазақты ант беруге шақырғысы келеді. Мұндай ақталу туралы ол бұрын да мәлімдегенін, бірақ оның мәлімдемесі белгісіз себептермен қабылданбағанын айтады. Ниетәлінің осы өтінішін мен негізді деп санаймын, өйткені сіздің мәртебеңіздің хаттарынан оған да, Бұрынжықтар сияқты, 20 қазақты антқа келтіру арқылы ақталу құқығы берілгені көрінбейді. Сондықтан сіздің мәртебеңізден осы істі қайта қарастыруға мүмкіндік табуыңызды өтінемін. Бұл қажеттілік үшін, сондай-ақ би Жұмағамбеттің түрікмендермен тонау туралы дауларын түпкілікті шешу үшін, қазақтар әлі де қанағаттандырылмағанына шағымданып жатқандықтан, түрікмендер мен қазақтарға, бір-бірінде қарызы барларға съезд тағайындап, барлық істерді сіз тағайындаған лауазымды тұлғалар мен мен жіберген адамның қатысуымен дұрыс қарастыруыңызды сұраймын. Сіздің жоғары мәртебеңіз, Хожейлі қаласында жиналыс өткізуді ыңғайлы деп таппас па екенсіз? Сол жерге даулы істерге қатысы бар барлық түрікмендер мен қазақтарды, сондай-ақ

Автордан:
12 желтоқсан

Айтматовтың туған күні...

Бұл күні қатардағы жазушы емес, қырғыз тарихының жаңа дәуірі дүниеге келді. Қырғыз халқының рухы, еркін ойы осы есіммен тығыз байланысты... Дәл осы күні алапат ақыл иесінің ұлы дәуірі басталды...

Оның рухы, тынысы осы күні туды...

Айтматов феномені... Ол бұл күні уақытқа, шексіздікке, өз дәуіріне сыймайтын ерекше ойлау формаларының, ерекше күш-қуаттың ту ұстаушысы ретінде келді...

Оның сөзі ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ақиқат пен ардың ұлы керуені іспетті... Сөзі мен ойының мәңгілік жолы...

...Осы күнге тағзым етеміз...

Оның сөзінің, ойының жолы мәңгілік...

Сұлтан РАЕВ,

ТУРКСОЙ бас хатшысы,
Қырғызстанның халық жазушысы,
Қырғызстанның экс-мәдениет министрі

АЙТМАТОВ: АЛҒАШҚЫ ЖӘНЕ СОҢҒЫ

...Шыңғыс Айтматов жөнінде сөз бастағанда ойыма екі оқиға келеді. Ол – Айтматовты соңғы рет көрген күнім... Бұл оқиға жадыма әбден жатталған, көкірегімдегі өшпейтін елестей сезіледі... 1975 жыл. Жаз. Сол жылы мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына аттандым. Аттестат «5», «4» деген бағаға толы. Мектепті жақсы аяқтаған едім. Оқуда үздік балаға барлық жоғары оқу орындарының есігі ашық тұрғандай, тапсырсам болды өтіп кетердей сезімде жүрдім.

«Шу» дегенде Мәскеуге қарай бағыт алып, киношы боламын деген үмітпен қазіргі Ресей мемлекеттік кинематография университетіне жөнелдім (бұрынғы ВГИК – *Всесоюзный государственный институт кинематографии*). Бұған дейін осы атакты оқу орны жайлы Сергей Герасимовтің өнерханасында оқып жатқан Замир Ералиев пен «Советский экран» арқылы танысып қалғанмын. Ол кинорежиссер болу үшін қандай талаптарды, жобаларды жасау керектігін маған пошта арқылы тәптіштеп жазып тұратын.

Сергей Эйзенштейннің 6 томдығынан бастап, Довженконың, Герасимовтың, Кулиджановтың, Пырьевтің, Әйтеуір, барша классиктердің кино туралы жазған еңбектерін оқып шықтым. Оқығанда да, өзім сонау түпкірдегі ауылдан, жарыған клубы жоқ жерде өстім, менің оқығандарымның барлығы миымда механикалық әсер ғана қалтырған еді. Түсінгенімнен түсінбегенім көп дегендей.

Бірақ ол кездегі амбиция, жастық максимализм ВГИК-тің босағасына жетелеп апарған. «ВГИК» дегенді жүрегіме жазып алғанмын, оның атын жазбаған жерім қалмаған: мектептің партасы, дәптер-кітап парағы, жолға, қар бетіне, дуал, автобус, өсіп тұрған терек, дәретхана, аялдама, Әйтеуір, жазуға болатын жердің барлығына жазып шыққаным рас. Қырсық қылғанда ол оқуға қаншалық жазғанына емес, біліміңе, таланға, ой көкжиегіңе қарап алатынын естен шығарған сияқтымын.

«Өтіп кетемін» деген ой мені азғырды. Сөйтіп, Мәскеуге барып, жазатын жердің бөріне жазып, өнімде де, түсімде де армандаған атакты ВГИК-тің босағасында тұрдым.

Мен келгенде, тура мені күтіп жатқан сияқты есігі де ашық, дәліздері бос екен. Бірен-саран арлы-берлі жүрген адамдар болмаса. «Молодой человек, вы куда?» деген вахтадағы кісінің сөзі төбемнен мұздай суды құйып жібергендей сезілді. «Я приехал поступать!» – дедім. «Куда?» – деді вахтер, «Как куда? Во ВГИК...» – дедім мен. «Молодой человек, была бы хорошо, если вы еще через неделю пришли... Экзамены давно закончились... Езжайте домой, следующий год придите...» – деп, тағы бір шелек суық суды төбемнен құйып жібергендей болды.

Сөйтсем, емтихандардың біткеніне екі күн болыпты. Шығармашылық оқу орындарында емтихандардың ерте басталатынын ұмытқан екенмін... Сөйтіп, баяғы амбициямның жапырақтары саудырап төгіле бастады...

Фрунзеге қайта қайттым...

Менсінбей, мұрныма шүйірген Фрунзенің оқу орындарына барып бақ сынамақ болдым. Солайша Қырғыз мемлекеттік университетінің тарих факультетіне тапсырдым. Тапсырсам болды өтіп кетемін деген көңілімдегі желік әлі де күшінде. Жоктан гөрі жақсы ғой деп осы оқу орнына келдім. Тарихтан – 5, әдебиеттен – 5, ағылшын тілінен – 4, шығармадан (соңғысы) – 2 алдым. Опырылып түскен жардай болып еңсем түсіп кетті. Көкірегімді күйдіріп, ашытып бара жатқан «Әкімнің Сұлтан қызы құлап қалыпты» деген сөз.

Оқудан жолым болмады. Көңіл күй жоқ, көкірек бос. Ештеңеге зауқым жоқ...

Көңілім құлазып Фрунзенің Маркс пен

бәлкім барлығы біле бермейтін бір шындықты айту, бір жағынан бұл шындықты тарих үшін де, естелік үшін де айту парыз... Шықам мен Шықамның есіміне байланысты естеліктер, санада сақталған естеліктердің барлығы тарихқа айналып бара жатыр... Ұлының ұлылығы да осында... Жыл өткен сайын Шықамның ұлылығы әрбіріміздің жүрегімізге орнаған рухани ұлы Тау секілді көк тіреп бара жатыр... Ұлы Манас дүние салғанда да арманы жүрегіне сыймаған, қырғыздың көкірегі ұлы арманға толған шығар... Айкөл Манасты жоғалтқан қырғызым... дәл сол күні Манас рухты ұлын жоғалтып, арманы дүниеге сыймай, кеудесін ұлы күйік кернеген...

– Естідің бе? – деді.

– Естідім... – дедім.

– Шықамнан айырылды, – деді бір кезде, қабағы салыңқы. – Ағам жоқ... Енді Шықамды лайықты құрметпен шығарып салуымыз керек. Бір-екі күнде сүйегін алып келеді...

– Медет Шоканұлы өдетінше орнынан тұрып, терезе жаққа қарай жүрді...

– Шықамды қай жерге қоямыз? – деді, маған қарап.

Бұ сөз Шықамның арамыздан кететініне әлі де сене алмай тұрған маған басқаша, айтуға мүлдем дәтім бармайтын, Шықамға лайықсыз сөз секілді естілді. Тіл ката алмай, біраз ұзатып

АЙТМАТОВ ЖӨНІНДЕ

(Болашақта жазылатын кітаптың штрихтары)

Бұл күн жүректе қалды...
10.06.08...

...Шықаммен ақырғы жолы Шоң-Арықта, Байымбет Мұраталиев жездемнің үйінде отырдық. Арамызда ақсақалдардан Оморбай Нарбеков, Дәулетбек Шалдыбеков бар еді. Шықам бұл дастарқанға кешігіп келді. Сол кезде Ресей киногогерлері Шықамның мерейтойы қарсаңында Сокулук жақта деректі фильм түсіріп жатқан. Сол түсірілімнен біраз кешігіп келді. Ол кісі келген соң ортамыз толып, үйдің іші нұрға бөленгендей болып кетті. Шықамның оң жағында мен отырдым. Ұлы адамның ұлылығы кішкентай ғана дүниеден байқалып қалады ғой, жарықтық, сол жерде отырған үлкен-кішінің барлығынан кешірім сұрап, «мені күтпей... бастай бермеңдер, мәдени министр...» деп қалды. (Ол кезде мәдениет министрі едім.)

Шықанды күтудің де рақаты бар екенін сонда сезіндім.

Ол кісісіз қалай тамағымыздан ас өтпек? Шықаммен алдағы мерейтой іс-шаралары туралы пікір алмасып қалудың жақсы мүмкіндігі туды. Сөйлесіп алдық. Шықам отырған жер, ол шыққан төр дүниенің кіндігіне айналып кететін. Оған деген сый-құрмет, көкірегіміздегі мақтанш сезімі барлығымыздың көзімізде тұрды. Залқарға қарап отырудың өзі адам үшін зор бақыт еді.

Ұзақ сөйлестік...

Бір сағаттай отырды да, көңілінде бір алаңның бар екенін, оны айта алмай отырғанын байқадым. Бір мезетте құлағымға «Барлығыңды күттіріп қойдым, енді шыға берейін десем қалай болар екен, Сұлтан?» – деді. Сөйтсем Шықам осы жерден Алматыға жолға шықпақ екен. Оны Байымбет жездеге (Бү кісілер Шықамның інілері. Шекерден.) «Шықам жолға шығады екен, асығып отыр», – деп құлаққағыс қылдым. Олар даяр болып қалған үлкен асты тездетіп, қорытынды сөзді Шықамға берді.

Жарықтық адам бұл жерде жиылған үркердей топқа құрмет көрсетіп, тұрып сөйледі. «Мен енді, советский адаммын да...» – деді. Шықам өте терең сөздер айтты. Оның сөзі дастарқан айналасындағы шағын топқа ғана емес, Әлемге айтылғандай болды. Әрбіріміздің жүрек түпкірімізде жатқан сөзді айтты. Әр сөзі жердің өзі көтерігісіз өте ауыр салмақты еді. Әлемнің сөзін айтып тұрып, оны қарапайым тұрмыспен, осы жерде отырған әр кісімен байланыстырды. Ұлылығының өзінде үлкен қарапайымдылық тұрды... Шықам ақ батасын берді де, сапарға аттанып кетті... Сапар алдында бәріміз Шықамменен суретке түстік... Қолын алып, жанында тұрып, зор мақтаншыпен суретке түстік...

Шықам Алматыда төрт-бес күн қалып, ары қарай Қазанға кететінін айтты...

Суретке түстік...

Бірақ бұл сурет Шықаммен түскен ақырғы сурет екенін білген жоқпыз...

Суық хабар дүниеге таралды, Дүние Шықамды жоқтап қалды... сол күні мені Медет Шоканұлы шақырды (Президент Әкімшілігі басшысы М.Ш. Садырқұлов). Бәріміз қара жамылып, қайғылы кейіпте жүрміз. Медет Шоканұлының кабинетіне кірдім. Әрдайым «Кір, дорогой!» (М.Ш. бұл сөзді маған ғана айтады екен десем, ол кісі барлығын осылай қарсы алады екен. Бірақ барлығымыз жеке өзімізге айтылғандай қабыл алатын едік.) деп тосып алатын Медет Шоканұлының не айтатыны бесенеден белгілі еді. Отыр дегендей орындықты нұсқады. Біраз үнсіз отырып барып тіл қатты.

бара жатқанда... Шоканұлы сөзді ары қарай жалғап кетті...

– Однозначно... Ала-Арша емес... – деді. – Бірақ, қай жерге екенін мен де айта алмай тұрмын. Саған бір күн уақыт беремін... сен ертең ерте нақты ұсыныстармен кел, – деді.

Медет Шоканұлының бұл сөзі миымды найзағай оты құсап тіліп түскендей болды.

– Давай, ойлан дорогой... – деді кабинетінен шығып бара жатқанда. – Ең жақын-дарына, Илгиз ағаға, Роза апайға, ұлдарына айтпай-ақ қой. Окончателный шешім қабылдаған соң өзіміз айтамыз, – деді.

Кабинеттен ауыр жүк аркалап алғандай шықтым.

Күні бойы ойландым, түнде де көз ілмедім. Шықамның кітаптарын алдыма қойып, қайта көз жүгіртіп өткендей болдым. «Саманшының жолы» повесіндегі

«*Отец, я не знаю, где ты похоронен.*

Посвещаю тебе, Торекулу Айтматову...»

деген эпиграфын көзім шалып қалды... Бұл сөзді оқыдым да, ішімнен «Таптым» дегендей болдым. Медет Шоканұлы ұсынысыңды аргументтермен дәлелдеп айтып бер деген. Аргументтер миымда сайрап тұр... Бірінші аргумент – эпиграф, екінші – атасы Төреқұлдың сүйегі қойылған Ата Бейіт, ол жерді «Ата Бейіт» деп Шықамның өзі атады емес пе... Атасы жатқан жерге ұлы беріледі... деген түсінік бар... Бұл аргументтің мәнісі терең көрінді маған...

Медет Шоканұлы үнемі бір ғана емес, бірнеше нұсқаны талап ететін. Екінші нұсқаны да қарастырдым. Ол – Совет, Ахунбаев, Жантошев көшесіндегі саябақ еді. Аргумент қаланың іші, саябақ, жастар көп жүрген жер. Қарсы беті Медакадемия, ұлттық консерватория, дене шынықтыру академиясы, онан кейін Бүбусара Бейшеналиева атындағы мәдениет университеті... Бірақ өзім ішімнен Ата Бейітті дұрыс көріп тұрдым. Ертесі таңертең Медет Шоканұлының кабинетіне келдім.

– Ну, чо... Ұсыныстар бар ма? – деді Медет Шоканұлы. Кешегі аргументтердің бәрін нұсқаларымен айтып бердім. Шоканұлы орнынан тұрды да... Бір қолын қалтасына салып (ол кісінің осындай әдеті бар):

– Ата Бейіт... Интересен... – деп қалды ойланып. Стратег адам екен, екінші нұсқа туралы аузын да ашқан жоқ.

– Мен онда бұл ұсынысты Первойға берейін... Қандай жауап болады... Жи... – деп қысқа қайырды.

Сыртық шықтым.

Баяғы «Шықамнан айырылып қалдық» деген сөзбен келісе алмаймын... Медет Шоканұлының жауабын алаңдап күні бойы күттім... Қолдау таппаған ғой деп ойым оңға, санам санға бөлінді.

Түнгі сағат 21:13-те, осы күнге дейін минут, сағаты есімде... Медет Шоканұлы қонырау шалды.

– Первый одобрил... Ертең ертемен Ата-Бейітті көріп кел, қай жеріне қоямыз... Түстен кейін барлығымыз барып, тағы көреміз... – деді.

Шықам әкесі Төреқұл Айтматов жатқан Ата Бейітке, өзі «Ата Бейіт» деп ат берген... Қырғыздың ұлы тұлғалары жатқан жерге жерленді...

Топырақ сол жерден бұйырды...

ҰСТАЗ

Алматыдағы Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінің кіре берісінде Шыңғыс Айтматовтың «... У меня есть две национальные святыни с которым я еду в другие страны с которым переступаю порог других народов.

Это – «Манас и Мухтар Ауэзов. Это

АЙТМАТОВ... АТА-БЕЙІТ... МЕДЕТ САДЫРҚҰЛОВ...

10.06.2008... Шықамның дүние салған күні... Бұл күн әр адамның жүрегінде қайғылы күн, Еске алу күні...

...Көптен бері көкіректе сақталып келген,

символы моих народов» деген сөзі жазылып тұрады. Мұражай-үйге кіргендегі тау тұлғаның жүрекке ең жақын сөзі осы...

Бұл да Шықамның ұлы қасиеті. Бұл түсініктер ұлт мәдениетіміздің көпірі сынды. Өнер өнерден туындайды. Осы тұста ұстаздың парқын, бағасын шынайы шәкірттер алған үлгісі арқылы оны еспеттеп келген. Бұл өлмейтін, өшпейтін көне мәдениет феномені. Шықамыз Манаспен ауызданып, Манаспен өмір сүрді, Манас оның Алтын аяғы болды, Манаспен мәнгіліктің құдіретін алды. Манас деп басын иді, Манасқа өмірін арнады.

Бұл қасиет оған ұстазы — Мұхтар Әуезов-

Шықамның даналығы өз ұстаздарын қасиет тұтып, олардың дүниетанымын әрдайым қастер тұтып келгенінде болар. Олардың қолын ұзартқан. Бәлкім, Айтматовтың Айтматов болмағының сыры да осында шығар...

Ұстазы да жоқ, ұстанымы да жоқ, сыйлағаны да жоқ, ес тұтқаны да жоқ, сенімі де жоқ бұл заманнан қайтып шығар екенбіз?..

Киелі кітапта айтылады: «Егер сенің ұстазың жоқ болса, демек, сенің ұстазың шайтан...» деп. Айтматов әрбіріміздің ұлы ұстазымызға айналғанда ғана қарағай басын шортан шалған бұл заманның жарық көшесіне шығамыз...

АЙТМАТОВ ЖАҢА БҮРКІТ...

Шыңғыс Төрөқұлұлы жаңа ғана елшілік қызметтен (Еуропадан) Бішкекке қайтып келген кез...

Бір-екі күн ғана болған шығар. Кабинетке есікті сырт еткізіп ашып, хатшы қызым кіріп келді. Алабұртып алған. Демін әрен алып, саскалақтап тұр.

ЭССЕ...



тен мирас болды. Манастың емес, Қырғыздың басына ауыр күн туып тұрғанда Мұхтар Әуезов ұлы эпосымызды қорғап, қазақ болса да қырғыз үшін таудай еңбек сіңірді. Сонда Манастың «зиянды» екенін айтып, қоламтаны үрлегендер өз арамьздан шыққан жоқ па? Ол ғана емес Айтматовты да қудалап, тамырына талаб шаппақ болғанда жас Айтматовтың талабын қолдап, дем беріп Айтматов үшін Мұхтар Әуезов басын бәйгеге тіккен...

Байрығы тарихта Барысбек қаған құрған Қырғыз қағанаты да өз ішімізден шыққан сатқындардың кесірінен талқандалып, екі ғасыр еліміздің есі ауып, есеңгіреп қалған жоқ па? «Қырғыздың жауы қырғыз» дегенге сенгім келмейді. Ол қырғыздың түбіне жеткен қырғызБАЙлығында. Осы іштен шыққан жаулар нешеме мықтының тұқымын құртпады ма?

Ұлт болғаннан кейін ұлттың рухы, ұлттың көсемі болу керек. Ол — Айтматов. Талассыз. Оған тас атқандар да арамьзда жоқ емес. Киелінің киелілігін білмеген не деген жайдақ ел болып барамыз?!..

Әрбір елде киелі символы болады, ол біз үшін — Манас, ол — Айтматов.

Шықам Манас, Мұхтар, Саяқбай туралы небір ғажайып нұсқаларды қалдырды...

Ұстаз — бұл түсінік біздің ұлттық Култ болған. Дүние ұстаздың айналасында айналып, біз одан тәлім, өнеге, сыбаға алғанбыз. Бұл — қырғыздың қанына біткен табиғи академиясы.

— Сұлтан Әкімұлы, Шыңғыс Айтматов келді...Қабылдауда отыр... — деді. Хатшы қыздың сөзінен кейін орнымнан атып тұрып, есікті ашсам қабылдауымда Шыңғыс Айтматов тұр екен. Үлкен кісінің қабылдауымда тұрып қалғаны үшін қатты қысылып барамын. Кейін қатшы қызға «Шыңғыс ағаны бірден алып кірмедің бе!» — дедім. Сөйтсем Шықам «Жұмыс істеп жатқан адамды алаңдатып қоймаймын, әуелі сен кіріп айтып шық, қызым...» деген екен...

Шықаммен жылыұшырасып кабинетке кірдік. Алып жазушы ең алдымен хал сұрасып, қабырғада ілінген картиналарға көз жүгіртті де, өзінің суретін көріп: «Мына суретте жасырақ кезім екен...», — деп қойды.

— МИД-тен келе жатыр едім, екі істі бірден бітірейін деген оймен мәдениет министріне де соға кетейін деп кеп қалдым, — деді Шықам.

Шықам алыс жолдан, Еуропадан жаңа келген кезі. Оны да жұмыс істеп жатқан жерінен қозғап, орнынан алғандарын жөн көрмей жүргенмін. Шықам Еуропадағы қарайған шаруаны тындырып жүрген. Ол жақтағы қадірін өз көзімізбен көргенбіз.

— Айтпақшы, романыңды аяқтап қалдым, көптен бері қол босамай... Сенен де ұят болды...қол босамай... Жазушының түйсігін білесің, бір ой, идея келсе өзін ұмытып кетеді, — деді Шыңғыс аға алдына келген шайдан ұрттап. Шынында («Жанжаза» романы), қолжазбамады бергеніме екі жылдан асып

кеткен. Шықамның оқығаны былай тұрсын, қолына алып қарағанының өзі қаншалық мәртебе, мақтан. — Аз қалды... Осы деммен жалғасып кете барса жақсы романға айналатындай... Жазушыны білесің, барлық күшті қорытындыға, финалға сақтайды, шығарма да осы қорытынды үшін жазылады, — деді.

Шықам маған біраз шаршаңқы секілді көрінді. Әлде қызметтен кеткендіктен бе, маған солай көрінген... Оның көңіл күйі, ауаны, ішкі дүниесі мандайында жазылып тұрды. Содан ба екен... Елшілік қызметі туралы бірдене айтуға дәтім жетпеді.

2004 жылы бір сұхбатымызда ол кісіге бір сұрақ қойған едім. Сол сұхбат кейін ұлы жазушымен үлкен сұхбат ретінде жарық көрді. («Любовь сотворил вселенную, веселенная вечна» жазушымен болған осы сұхбат Шықамның ұсынысымен 8 томдық жинағына енген) Сонда былай деп жауап берген еді... «Біз дүниенің қай бұрышында жүрсек те, әйтеуір, бір уақытта өзіміздің туып-өскен жерімізге ораламыз... Кіндік қан тамған жер деп бекер айтылмайтын шығар... Осы кіндік қан тамған жер әрдайым ой-санамда жүреді...» деді орнынан қозғала беріп. Сондықтан ба, көкейде тұрған сауалды қоя алмадым...

Шықаммен көп сұхбаттастық. Бір заматта «Мақұл, мәдениет министрі, мен барайын» деп орнынан қозғалды. Кетіп бара жатып: «Басқа сөз жоқ па? Барлығын сөйлескен сияқтымыз», — деді. «Басқа сөз» дегенінің мәнісін екі күн өткен соң барып білдім.

СІМ-ге барғанда Шықамды ТҮРКСОЙ-дың бас хатшылығына ұсыну жөнінде айтқан екен. Бірақ бұл сөз маған жетпеген еді...

(Ол туралы кейін жазбақ ниетім бар). Шықамды сыртқа шығарып салдым. Шынында да, қабылдау бөлмесінде бес-алты кісі жиналып қалыпты. Шықам барлығымен амандасып, екеуіміз сыртқа шықтық...

Шықамды мәдениет министрлігінің ғимаратынан Шүй проспектісіне дейін шығарып салдым. «Қалаған жағыңызға көлікпен апарсын», — деп едім, болмады... «Жүргенді сағынып қалыппын...» — деді. Осы қысқа ғана сөзде қаншалық үлкен мән жатқанын іштей сездім. Адам туған топырақтың кереметін табанымен сезеді емес пе...

Ол кісімен осыншалық ұзақ сөйлесіп, әңгіменің қызығына кіріп кеттім бе... Әйтеуір, көкірегімде көптен бері қойғым келіп жүрген құпия сауал бар еді... Соның уақыты келгендей, сұрағым келді...

— Сізден көптен бері сұрағым келіп жүрген бір жай бар еді... — дедім. Шықам тоқтай қалып Сұра... — деді.

— Газетте ана жақ, мына жақта жазғандарды оқысыз ба? — дедім. Шықам бұл сұрағымға күрсініп алды, оқымасам да таныстарым айтып қалады анса-санда...

Сөз ыңғайы сол кездегі Шықамды қаралаған мақалалар болатын. Кейбір жазушылар, газеттер, сары ауыз балапандарға дейін Шықамның «Жемиласынан» бастап, жеке-басына дейін сөз қылып, ұлы адамның атына көлеңке түсіруге әрекет қылысып жатқан.

— Осы қарауыздарға жауап беріп қоймайсыз ба, бұл басқа шыққандық... — дедім де, Шықамның қайтадан қатты күрсінгенін көргеннен кейін жерге кіріп кете жаздадым. Жер жарылып кеткен жоқ. Шықам маған жалт қарады да, тоқтай қалып былай деді, сол сөз әлі құлағымда жаңғырып тұрады:

— Сұлтан, айтшы, мен сонау биікте ұшып жүрген бүркіт болсам, бақ-бақ етіп батпақтан басқаны көрмеген бақалардың деңгейіне түсейін бе?.. Бүркіттің шындығын да, бақаның бақылдағанын да Жаратқан біліп тұрады. Шындықтың кімде екенін... Жаратқан білген сон... олармен сөз жарыстыруға болмайды... — деп жауап берді.

Берген жауапты естіген соң қызарып кеттім. Бірақ Шықамның бұл жауабы өмір бойы сабақ болды... Сол жауапты есту үшін де осы сұрақты қоюым керек пе еді деп қалдым...

Шықам «Енді сен бар, мен жолымнан қалмайын», — деп ары қарай кете барды...

Соңынан қарадым, оның сұлбасы бара-бара көрінбей қалды...

Оның сол қарайған сұлбасына бәріміз зармыз қазір...

АЙТМАТОВ ЖӘНЕ СЕЗІМ...

2004 жыл.

Шыңғыс Төрөқұловичпен келісіп, кешкісін Ала-Аршадағы үйіне бармақшы болдым. Көптен бері Шықаммен әдебиет, руханият, саясат, тіл, шығармашылық жөнінде сөйлескім келіп жүрген. Бірақ алыс өлкеде Елшілік қызметте жүрген Шықам аз ғана уақытқа келгенінде жолығып, сөйлесе алу мүмкін емес еді. Құдай жар болып, тернертең өзі телефон шалып, «кешке келіп кет» деп қысқа ғана

қайырған. Сол сөзді естігеннен соң маған сол күн Шықамның өзі айтқандай «Ғасырдан да ұзақ күн» болып кетті. Кешті шыдамсыздана күттім. Заңғар жазушымен жолығып, әңгімелесуден артық ештеңе жоқ еді мен үшін. Екі қоянды бір оқпен атқандай, ол кісімен сұхбат жасап алудың да мүмкіндігі келіп тұрғандай сезілді маған. Егер жолығып қалсам, қарсы болмаса біршама сұрақтың жауабын алсам деп дайындалып жүр едім. Ол кезде «Азаттық» радиосында істеп жүрген кезім, бұл сұхбатты жазып алсам, радиоға үлкен олжа емес пе. Шықам да онды-солды сұхбат бере беретін адам емес. Ол жағы да бар...

Сол күні қайдан шыққанын менімен бірге істейтін Жарқын Темірбаева апайға (жаны жәннатта болсын, апай өткен жылы арғы дүниеге өтіп кетті. Ақкөңіл, ішінде жамандығы жоқ жан еді.) «Бүгін Шықамға барамын, үйге келіп кет», — деді деп айта салғаным. Жай айта салған едім. Мені де алып кет деп Жарқын апай тас кенедей жабысып алды. Апайға мұндай кезде бірдене түсіндіру қиын. Айтқанын істемей қоймайды. Ақыры мақұл дедім. Апайдың мінезін, бас-көзге қарамай сұрақ қоя салатын әдетін де білемін. Бірақ бір шарт қойдым. «Сұрақты мен ғана қоямын, сіз тек микрофонды ұстап тұрасыз үндемей...» — дедім. Оған апай да келісті. Шықамға жолықсам болды деген тілекпен менің бұл шартыма көне кетті...

Кешінде Ала-Аршадағы Шықамның үйінің алдында жолығатын болдық. Кешкі сағат жетіде мен келдім. Келіскеніміздей. Жарқын апай жоқ. Біраз күте тұрайын деп, жиырма минуттай тұрдым. Бір кезде асығып-сасып Жарқын апай да келе қалды. Жай келмей кіші қызын ертіп келіпті, жарықтық. Енді не деймін?.. Қызыңызды әкелмей-ақ қоймадыңыз ба деймін бе? Ол сөзді айтқызбай Жарқын апай «Шықамыздан қызыма бата алып берейін...» — деп, менің айтпақ болған сөзімді тоқтатты.

Үшеуіміз үйге кірдік. Шықам «Кел, Сұлтан, қалайсың? Бұл қарындасымды танымадым», — деген соң мен таныстырдым. «Жарқын Темірбаева, «Азаттықта» көптен бері бірге жұмыс істейміз», — дедім. Апайдың қызына бір қарап алды да, «бұл періште сенің қызың ба?» — деді. «Жоқ, Шыңғыс аға, бұл менің қызым, сізбен кездесуге барамын деп едім, болмай еріп алды», — деді Жарқын апай ыңғайсызданып. Мен апайға жайлап қарадым, ол көзқарасымнан да «Баса-көктеп кететін әдетіңізге бастыңыз ба» деген ойымды ұққан сияқты. Кінәлі кейіпте маған қарады. Арадағы ыңғайсыздықты Шықамның «бала деген — періште ғой» деген сөзі тарқатып жібергендей болды. Бұл сөзді естіген Жарқын апай батылдана түсіп «Шыңғыс аға, сіз батанызды берсеніз, өмір бойы ұмытпай жүреді», — деді.

Осылай түннің бір уағына дейін сөйлесіп отырдық. Шықам үйде киіп жүретін халатымен отырды. Менің сұрақтарыма жауап берді. Қазіргі кездегі глобализация, әдебиет, иман, билік, даналық пен зұлымдық туралы әңгімелестік... Әйтеуір, көп мәселені талқыладық. (Кейін бұл сұхбатым «Махаббаттан адам жаралған, махаббаттың өзі мәңгілік» деген атпен шыққан. Шыңғыс ағаның 7 томдығына кірген...)

Бір мезгілде шай ішіп, дәм таттық. Сағат 12-ден кетіп қалды. Жарқын апай «Шыңғыс аға, сізбен суретке түсіп алсақ бола ма?» — деп қалды. «Суретке халатпен түссем болмайды ғой, киініп шығайын» — деп, біздің «осылай да бола береді» дегенімізге қарамай арғы бөлмеге кіріп кетті. Мен Жарқын апайға сағатты көрсетіп, «Суретке басқа күні түссеніз болатын еді ғой», — дедім. Шықам костюм-шалбар, галстук тағып шықты. Бәріміз суретке түстік. Бір мезгілде апай қызына бата сұрады. Шықам керемет бата берді. Енді барлығы бітіп шығайық деп жатқанда, баяғы Жарқын апай «Бір сұрақ қойсам деп едім», — деді. «Бер, бере бер...» — деді Шықам.

«Шыңғыс аға, сіз өміріңізде Бүбісарадай ешбір әйелді сүйіп көрмесеніз керек!» — деп күтпеген сұрақты қоя салды. Бұл сөзді естіген Шықам орындыққа отыра кетті, мен тұрмын құлаған жардай болып. Не дерімді білмедім. Арғы бөлмеде жемгеміз.

Шықам отырып «Ух!..» деп ауыр күрсінді де, терен ойланып қысқа ғана «Ол солай» — деді.

Шықамның күрсінгенінен ұлы махаббаттың жанартаудай болған күшін де, құсалықты да, мұңды да, бақытты да, арманды да, қайғысы мен қуанышының да сездім. Күрсінуге — мәңгіліктің өзіндей болып естілді, өйткені «лишь память, нас вернёт туда, где мы любили, тех людей, кого забрали небеса...»


Бұл күрсініс құлағымнан өмір бойы кетпей келе жатыр...

Ол — адамдық ұлы сезімнің күрсінісі еді...

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,

Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының хатшысы, профессор

Тоқболат Тоғысбаев... Осынау есімді сонау өткен ғасырдың 60-жылдарында қазақтың әдебиеті мен өнеріне имене басып келіп, алғашқы, тырнақалды туындыларымен топ жарып, танылған, қысқа ғана он-жиырма жылдың ішінде елге танымал болған саңлақтардың қатарында атаймыз.



Сол тұста бір шоғыр жас каламгерлер, жазушылар, ақындар Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Асқар Сүлейменов, Қалдыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова және тағы басқалар жарқ етіп көрінді. Осынау дарынды, жас буынның алғашқы аяқ алысына оқырман назар аударды, туындыларын қуана қабылдады. Себебі бұл буын талантты буын болды.

Тап осындай құбылыс, бір ғажайыбы, сурет, қылқалам өнерінде де қайталанды. Кешегі, алдыңғы буын ағаларының ізін басып, өздерін жаңа қырынан, жаңа тақырыптарымен, жаңаша бояу жағу стилімен, тың ізденістерімен көрінген бұл буынның тегеуріні қатты болды. Себебі бұлар дүркірей көтерілді...

Бұлар өз қолтанбасын таныта келді. Бір-бірін қайталамай келді. Жоғарыда айтып өттім, кешегі қазақ қылқалам өнерінде сенді бұзып, әрқайсысы бір-бір мектептің негізін қалап, алғашқы қазығын қаққан Әбілхан Қастеев, Қанафия Телжанов, Молдахмет Кенбаев, Айша Ғалымбаева, Жанатай Шәрденов, Үкі Әжиев сынды мэтрлердің үлгісін көрген, солар бастап берген жанрлық бағыттардың, көркемдік ізденістердің тереңіне бойлап, енді өзіндік стильдік өрнектерін іздей бастаған жемісті тұс болатын бұл.

Әсіресе бұл буынның маңдайына ұлттық колоритті терең аңғарып, сонымен қатар әлемдік қылқалам өнерінің шыққан биігімен ұштастыра отырып қылқалам өнеріндегі ұлттық бояуды өркендету бақыты бұйырды. Ұлттық бояуға табан тіреп, тамыры терең ұлттық құндылықтарға арқау сүйеуден алдыңғы буын ағаларымыз да кенде қалған жоқ еді. Мысалы, Әбілхан Қастеевтің, Айша Ғалымбаеваның, Қанафия Телжановтың ұлттық бояуы кем еді деп кім күмән келтіре алады? Ұлттық бояу, ұлттық дінгек тұтас арна ретінде, әрине, әу дегеннен қазақ суретшілерінің барлығының асыл мұраты, алтын өзегі, шығармашылық қиялға жаңа тыныс берген қымбат қазынасы болды. Оған еш талас жоқ.

Ал енді Тоқболат Тоғысбаев өз қатарларын, өнер сапарына бірге аттап, бірге шыққан Салихитдин Айтбаев, Шаймардан Сариев, Әбдірашит Сыдыханов, Исатай Исабаев, Мақым Қисамединов, тағы да басқа бір шоғыр сол тұстағы Қазақстан кескіндемесінің жаңа буынын бастап келді. Өз үнімен, өз дауысымен, яғни өз қолтанбасымен келді.

Осы буынның алды, міне, бүгін сексен беске, тоқсанға келіп жатыр. Биыл аман жүргенде Тоқболат көкеміз де сексен бес жасқа толар еді... Өкінішке қарай, ол алпыс жасын да тойлай алмай кетті. Елу алты жасында өмірден озды.

Тоқболат Тоғысбаевтың үш талантты шәкірті болды. Бірі – Ерболат Төлепбаев, екіншісі – Бексейіт Тұлқиев, үшіншісі – қолданбалы өнердің шебері, суретші, гобелен өнерінің шыңына шыққан тұлға Қанат Қалқабаяв. Осы інілерін тәрбиеледі, бәйгеге салды, өз қанатындай жанынан тастамайтын. Ата қыранның балапандарын баурап өсіретіні сияқты Тоқаң да осынау үш інісін баулып өсірді. Қанаттыңа қақтырмады, тұмсықтыңа шоқыттырмады. Алғашқы,

өсер тастайтын қызыл бояу мен жер бетінің шексіздігін бейнелейтін көк бояу бір-бірімен жарасым тауып, он сегіз мың ғаламның сыры мен құпиясын Абаймен бірге танып, түйсін дегендей ой тастайды. Қылқалам құдіретін суретші алғашқы туындыларынан бастап сәтті пайдаланған екен.

Келесі суреттер – «Қызыл түстегі натюрморт» (1967), «Қажы-Мұқанның портреті» (1971), «Аламан бәйге» (1971), «Махамбет Өтемісов» (1972), «Асхана» (1972), «Ән салып тұрған таулар» (1973), «Құрылысшылар үні» (1973), «Жастық шак» (1975), «Халық суретшісі Айша Ғалымбаеваның портреті» (1976), «Ұя» (1987), «Түрксіб» (1987), «Жылылық» (1988), «Киіз үй» (1990), «Хабар» (1991),


өткен батырдың тұлғасын сәтті сомдаған полотнолар өнер әлемінде сирек.

Тоқанның замандасы, досы болған дарынды суретші Мақым Қисамединов қана графика жанрында Махамбет бейнесін тосыннан терең бейнелеген туындылар сериясын өмірге әкеліп еді...

Тоқболат ағамыздың өзі де өмірде батыр тұлғалы, ұзын бойлы, жауырындары қақпақтай, жұдырықтары тоқпақтай, өте сұсты, бірақ достарына келгенде өте мейірімді, соңғы нанын бөліп беретін, соңғы дәмін қонағының алдына қуана қоятын мәрт, жомарт жан болды.

Шеберханасы Алматының жүрек тұсында, қазіргі Арбатқа айналған Панфилов көшесі мен Әйтеке би көшесінің қиылысқан

ҚЫЛҚАЛАМ ЖӘНЕ ТАҒДЫРЛЫ ТАЛАНТ



«Қажымұқанның портреті»

сенімді шәкірттері де осылар болды. Ананың сүті, ауылдың самалы еді үшеуін бір бұлақтың басында, Тоқболаттың қасында тоғыстырған...

Үшеуі де таудың бауырында дүниеге келді, тауға қарап ержетті. Осынау ұшар басын мұз, қар көмкерген тұмса табиғат, жарыса, жамырай аққан қос өзен Қасқасу мен Сайрамсу үшеуіне ата-анасынан кейінгі ең қымбат, ең қастерлі, жанына жақын, баға жетпес құндылықтар болғанын білемін.

Біздің ауылдың өзі сурет еді. Табиғаттың өзі бойында ана сүтімен келген дарынның болса, соның көзін ашатын құдірет еді. Сондықтан Тоқболат ағасына еліктеп Ерболат та, Бексейіт те, Қанат та жеті жасынан бастап сырлы бояуға үйір болды. Олар мектеп қабырғасында жүріп-ақ алғашқы туындыларын өмірге әкелді.

Тоқболат ағамыз алғашқы туындыларын Абай образынан бастапты. Құнарлы тақырыпты бірден тапқан. «Ойшыл Абай» атты 1971 жылы салған суретіне көз салсаңыз, ой үстінде отырған данышпан ақынды жазбай танысыз. Заманынан көп қиянат шеккен, елінің, ағайынның алауыздығын, дұшпан көңілін көп көрген, жүрегінен өткізген, енді келіп жалғыздықты өзіне серік еткен қайран ақынның тығырыққа тірелген ішкі жан дүниесін майлы бояу айна-қатесіз жеткізеді.


Кемелгер ақын сонда да елінің болашағына сенеді, ертенінен үміт күтеді, білім, ғылым, Алла жолына кәміл сенетін Хакім Абай өз халқының жарық жолға түсіп, күллі адамзат жүріп өткен ұлы сапарда көш соңында қалмайтынына сенімді. Артқы фонда салынған күн іспеттес жер шары, алдында парактары ашық жаюлы жатқан кітап, қос алақанын қаусыра ұстаған салалы саусақтары, сонан соң таңның шапағындай

«Айдың тұтылуы» (1991), «Жазғы бақ» (1992), «Аналар» (1978), «Асанәлі Әшімовтің портреті» (1973), «Бауыр» (1985), «Шаттық күндер» (1987), «Шығыс интерьері» (1990), «Ана мен бала» (1996), «Гүлдер» (1996), «Күз» (1965), «Зибагүл» (1983), «Суретшінің тұғыры» деп аталады. Сан-салалы бағыттағы, әралуан тақырыптағы полотнолар. Бір-бірін қайталамайтын суреттер. Сюжеттер. Пішіндік, формалық үлгілері де әралуан.

Суретші бір туындысынан екінші туындысына ауысқан сайын өсіп отырады. Шеберлік мағынасында. Суретшінің қылқаламынан туған «Абай» картинасы мен «Махамбет» картинасының бір-бірінен айырмашылығы жер мен көктей. Қайталау жоқ. Бояулары да бір-біріне ұқсамайды.

Алдаспан ақын Махамбеттің бейнесінде кара бояу мен ал қызыл бояу басым. Неге? Махамбеттей жалынды, азулы ақынның портретін беруде суретші осынау түстерге кездейсоқ басымдық беріп отырған жоқ. Маң далада, арқасын жон-жон Нарын құмдарына тіреп отырған айбатты, айбарлы ақынның бойынан бірден қайрат пен қайсарлық қатар көрінеді.

Салалы саусақтары мен күш-қайраты тасыған батырдың қурыштан құйылғандай сом денесі, туған жеріне табанын тіреп,



«Асанәлі Әшімовтің портреті»

қандай жау келсе де селт етпей отырған батырдың от шашқан көзі, іріліктің белгісін беріп тұрған сом-сом біріктері мен тепсе темір үзетін аяқтары, осының барлығына жарасып тұрған баһадүрлер ғана қиетін темір торлы сауытқа ұқсас сыртқы киімі, барлығы Махамбеттей арысымыздың арманда кеткен тағдырын түгел баяндап тұрғандай...

Ханның басын шауып, отырған алтын тағын тас-талқан ете алмай кеткен, еліне, бауырларына сеніп опық жеген, қандыкөйлек досы Исатай батырдан соғыс үстінде тірідей айырылып, енді барар жері, басар тауы қалмаған қайран ақынның, бірақ өлімді де сескенбей, селт етпей күтіп алған, бір елі шегінбей, жаралы жолбарысша соңғы демі біткенше тайталасып, арпалысып

жеріндегі тоғыз қабатты суретшілер үйінің жетінші қабатындағы ұядай бөлме болды. Біз, Қасқасудан шыққан бір топ бозөкпе студенттер, үнемі аш, үнемі жалаңаш жүретін жастар ағамыздың шеберханасын паналаушы едік. Біреумізді де кеудемізден итерген жоқ, қашан барсаң да қайнап, пісіп, дайын тұратын кеспесі мен сәбіз, пияз қосылған қуырдағы әзір тұратын. Осынау сағымға айналған сағаттарымды, сақалын сипап қойып аңқылдап алдымыздан шығатын ағамызды, көкемізді сағынамын.

Жастық шағым, жақсы күндерім көкемізбен бірге кетіп қалғандай көрінеді. Сол бір 1996 жылдың алғашқы жаз күндерінде



«Махамбет Өтемісов»

суық хабар келді де, көкемнің үлкен жүрегі, батыр жүрегі кенеттен тоқтады да, біз, бір топ бауырлары тұлжетім қалдық. Асқар тауымыз, жердің шетінде, желдің өтінде бізге пана болып тұрған жарта құлады. Бүгінгі күнге дейін орны ойсырап тұр. Көкемізді ешкім ауыстыра алмады.

Бір ақиқат бар. Шын мәнінде, бір өзі, сөз басында айтқанымыдай, сонау ғасырдың 60–70 жылдары қылқалам өнеріне қадам басып үлкен серпіліс әкелген, дүр етіп келген, «алпысыншылар» деп аталған кілең дарындылардың қатарында «бір әлем» болып ғұмыр кешкен, сонында жүзге тарта елеулі туындылар қалдырған, әсіресе «ұлттық колорит» деп аталатын бағытты байытқан, бояу жағу стилінде үлкен төңкеріс жасаған, тұтас мектеп қалыптастырған біртуар суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз Тоқболат Тоғысбаевтың есімі қазақ өнерімен бірге жасай береді.

Өзі туып-өскен Тасарық атты елді мекенде суретшінің атында үлкен, еңселі мектеп бар. Түркістан облысы, Төле би ауданында. Сол мектептің кіре берісінде суретшінің батыр тұлғалы, айбынды, қызыл мәрмәр тастан қашалған биік мүсіні күнге осынау қасиетті қазақ мектебінің киелі табалдырығын аттаған жүздеген оқушыларды қарсы алып, үйлеріне шығарып салып тұрады.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ,жазушы, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Алматыда оқитындар баяғыда ауылға келгенде Үкімет үйінен бастап Ленин сарайының, «Қазақстан» қонақүйінің, «Арман» кинотеатрының, Пионерлер сарайының, Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының, Цирктің, «Арасан» моншасының, М. Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс саябағының, тіпті ел аузында «Үш мушктер» атанып кеткен тұрғын үй кешенінің (осы үйдің қасынан өткен ҚазГУ-дің *журфагінде оқитын студенттер «бұл үйде Темірбек Қожакеев ағайымыз тұрады» деп, декандары дәл қазір алдарынан шыға келетіндей қорқып өтуші еді — әзіл*) қасында түскен суреттерін көрсетіп, қызықты тарихтарын жарыса айтып, мақтанып жатушы еді. Сол фотобейнелерге қарап отырып байқағаным, Алматы тұрғындары мен қонақтарының суретке ең көп түсетін орындары — Үкімет үйі мен Ленин сарайы және «Қазақстан» қонақүйі ғимараттарының, М. Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс саябағының маңайы екен.

Осы суреттердің ішінен ерекше еңселі көрінетін Үкімет үйінің ешкім біле бермейтін ең алғашқы құрылыс жобасы бар. Жақында, жақында деймін, «әні жазам, міні жазам» деп жүріп оған да біраз уақыт болып қалыпты, осы Үкімет үйінің о бастағы жобасын көріп ә дегенде қатты таңғалдым. Өйткені сәулетшілердің алғашқы жобасында Үкімет үйінің үстінде (*суреттерде*) көкке ұмсынған күмбезі болыпты. Иә, кәдімгі күмбездің дәл өзі. Архив кудүрлігінің арқасында сызбаларының суреті де сақталыпты. Бірақ кейін сіз бен бізге белгісіз себептермен алып ғимарат күмбезсіз салынып, пайдалануға берілген.

Жаңа Үкімет үйін саламыз деген ниет (*алғашқы Үкімет үйі қазіргі Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының, бұрынғы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік Университетінің ғимараты болған*) 1937 жылдан басталыпты. Алматы қаласының сол тұстардағы бас сәулетшісі М. Мендібаев өз монографиясында оны, тіпті 1933 жылдан бастайды. Бірақ құрылыс жұмысы екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан кейінге қалдырылған. Сол игі іс 1948 жылдың 15 қаңтарында қайта қолға алынып, Қазақ КСР-нің Үкімет үйін салу туралы арнайы кеңес өтеді (*хаттамалары бар — К.С.*). Кеңеске қатысқандар болашақ құрылыс орнына қосымша шуруф салып, геологиялық деректерін анықтау жөнінде Қазақакемжоба, «Қазақакемқұрылыс» және ҚазКСР Ғылым академиясының геологиялық институтына мерзімін көрсетіп, оны 1948 жылдың 23 қаңтарына дейін орындауға шұғыл тапсырма береді. Бұл хаттаманы сол кездегі ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Д.А. Қонаев бекітеді.

Бірақ Ашхабадтағы жер сілкінісі мен 1937 жылы жасалған «Леноблжобаның» техникалық жобасына он жылдай уақыт болғаны ескеріліп, жобаны қайта жасау арқылы жер сілкісіне және тағы басқа кемшіліктеріне байланысты күшейту қажеттілігі анықталады. ҚазКСР Коммуналдық шаруашылық министрі С.Эпикетке 1949 жылы 11 қаңтарда хат жазылады. Сөйтіп, сол жылдың 31 наурызында ҚазКСР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің отырысымен №4 хаттама жасалып, онда жер сілкінісіне қатысты айтылған кемшіліктер бойынша хаттама жасалады. Оған ҚазКСР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің төрағасы Д. Кононенко, ғылыми-техникалық кеңес хатшысы Баспаев қол қояды.

Архив құжаттарында ғимарат құрылыстарына байланысты бұдан басқа да хаттамалар мен хаттар баршылық. Соның бірі ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Д.А. Қонаевтың 1949 жылдың 8 қыркүйегінде КСРО Қала құрылысы Министрі Рубаненкоға жазған хаты. Д.А. Қонаев онда ҚазКСР-і Үкімет үйінің техникалық жобасының қайта жаңғыртылуы жөніндегі жұмысты жеделдету жөнінде сұрайды. Дәл осындай хатқа 1951 жылы ақпан айында (*қай күні екені көрінбей қалған — К.С.*) ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н.Д. Ондасынов та қол қойып, сәулеттік сызбаларының кешігуі салдарынан Үкімет үйінің құрылысын бастаудың кешеуілдеп тұрғанын КСРО Қала құрылысы министрі Г. Поповқа жеткізеді.

1951 жылдың жазында журналист А.Ва-

КҮМБЕЗ КІМНІҢ КӨЗІНЕ КҮЙІК БОЛАДЫ ЕКЕН?

немесе бұрынғы Үкімет үйі қалай салынды?



силев «Үкімет үйінің құрылысында» деген тақырыппен көлемді мақала жариялап, ол өз жазбасында «В центре Алма-Аты сооружается Дом правительства Казахской ССР — самое большое здание столицы республики. Объем его десяти павильонов будет составлять 120 тысяч кубических метров. Высоко над окружающими постройками поднимется выходящий на юг шестизэтажный корпус главного павильона, а купол зала заседаний достигнет наивысшей точки — 45 метров» деп мақтанышпен жазды (*«Казахстанская правда», №131 (6926) 10 маусым 1951 жыл*).

Бірақ «Қазмемқұрылысжобаның» бас сәулетшісі М.М. Мендіқұлов осы «күмбез» жөнінде «Высотная часть здания — купол над залом пленумов не получил убедительного решения, переход о высокого барабана к шлемовидному куполу архитектурно не выделен, он маскируется довольно странными по силуэту вертикальными элементами, которые совсем не гармонируют со строгим обликом здания. Сам купол имеет вялую и невыразительную форму и завершается непрорисованным шпиелем» депті өзінің «Алматы қаласының сәулеті» деп аталатын 1953 жылы ҚазКСР ҒА баспасынан шыққан кітабындағы мақаласында (*М.М. Мендіқұлов, Архитектура города Алма-Аты., Изд-во АН КазССР. 1953. С.52-54 75-77*).


Журналист А. Васильевтің мақаласы мен бас сәулетші М. Мендіқұловтың жарық көрген кітабының арасында екі жылдай уақыт жатыр. Сондықтан «М. Мендіқұловтың пікірі А. Васильевтің мақаласынан соң іле-шала айтылды ма, жоқ кейін, 1953 жылы жазылды ма?» деген сұрақ туады. Кейін жазылған шығар дейін десем, «Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап» деген мақал бар. Уақыты өтіп кеткен соң ондай пікірдің қандай қажеттілігі бар?» дейсін. Одан соң, мұндай пікір Үкімет үйінің құрылыс жұмысы қызып, Алматыға басы қосылған ел зиялыларының назары үлкен құрылысқа ауған тұста айтылмаса, ол пікірдің құндылығы қанша? Демек, М. Мендіқұловтың мақаласы құрылыс жұмыстары жүріп жатқан тұста жазылып, кітабына кейін енгізілген болуы керек деп ой қорытуға негіз бар.

Үкімет үйінің күмбезі жөнінде айтқан пікірі үшін бас сәулетші Малбағар Мендіқұловтың жазғырып, кінәлауға болмайды. «Айтылмаса, сөз жетім», пікір айтылмаса бола ма? Бірақ сол күмбезді «қайтсек көрнектірек, қайтсек ғимаратқа үйлесімдірек жасауға болар еді?» деген сәулетшіге тән нақты ұсыныс неге айтылмады? Мәкеңнің мақаласынан бұл сұраққа жауап табылмады.

Малбағар Мендіқұловтың өмір жолы кез келген қиындықты жеңем, болашақта үлкен сәулетші болам, елім үшін бар өнерімді аямаймын деген жеткіншек ұрпаққа үлгі боларлық. Ол — қазақ халқы арасынан шыққан тұңғыш кәсіби сәулетші. Сәулет өнері ғылымының тұңғыш профессоры. КСРО құрылыс және архитектура академиясының корреспондент мүшесі. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі. Қазақстан сәулет мектебінің негізін қалаушылардың бірі.

Ресейдің Орынбор облысы, Адамов ауданында 1909 жылы 10 қарашада туған оның

екінші дүниежүзілік соғысқа өзі сұранып барғанының өзі жүректілік емес пе?! Одан кейін Ташкент қаласындағы Орталық Азиялық индустриялық институтының архитектура факультетіне оқуға түсіп, оны 1936 жылы үздік бітіргені де «Бәрекеді!» деуге тұрады. Сол тұстағы зиялылардың көбісі әдебиетші болып келетінін ескерсек, сәулет өнері мен құрылыс саласының маманы жоқтың қасы еді. Міне, сол 1936—1941 жылдары «Өзбек жеңіл өндіріс



жобасы» мен «Ташкент қаласының жобасы» жобалау институттарында архитектор, аға архитектор, топ басшысы қызметін атқарды. 1941 жылы Ташкент қаласының бас архитекторы болып қызмет етті. Осы жылдары «Ташкент қаласының жобасы» институтында Өзбекстан астанасының орталығын жобалаумен шұғылданған. Атап айтқанда, Науаи даңғылы мен Ә. Науаи атындағы театр, Ташкент қаласындағы «Ғылыми қызметкер» үйін және бұқаралық тұрғын үйлер жобасын жасады. Қарақалпақстандағы Нүкіс қаласында Ішкі істер халық комиссариатының Бас өкімшілік үйінің жобасын ұсынған да Мәкең. Үлкен Ташкент каналының Ангрен дүкерін, Ферғана каналы, Қырғызстандағы Шу каналдарында да қолтанбасы қалған. Сондай-ақ Өзбекстан архитекторлары одағы басқармасының төрағасы да болды.

Соғыстан соң, 1945 жылы М. Мендіқұлов Ташкент қаласына қайтып оралып, 1947 жылға дейін республикалық «Өзбек жоспарлау-жобалау» институтын басқарды. Міне осы тұста, 1947 жылы Қазақстан Үкіметінің арнайы шақыруымен Алматыға келді. Ол кезде Үкімет басшысы Нұртас Ондасынов, ал орынбасары Дінмұхамед Қонаев болатын. Қысқасы, М. Мендіқұловтың Алматы қаласында да сәулетші ретінде қалдырған айшықты іздері өте көп.

Сондықтан «тәшкен көрген» М. Мендіқұловты «күмбез атаулыға жиренішпен қарайтын коммунист-атеист еді» деу күпірлік болар еді. Бірақ Алматыда өздерінің «тақыр кедей» отбасынан шыққандарын мақтан тұтатын, молдаларды «дүмше» санап, мешіт пен мазар күмбездерін көрсе айдалаған қашып, ал алда-жалда баяғы хандар мен билерді, батырлардың елдік пен ерлік істерін мадақтап романдар, ғылыми зерттеулер жазатындар болса, оларды «ескілікті аңсаушылар» деп есекке теріс мінгізетін, тіпті, түрмеге жаптырып жіберетін зиялы қауым өкілдерінің де көп

болғанын ескерсек, А. Васильевтің мақаласындағы «Күмбездің биіктігі 45 метр» деген асқақ сөз, мақтаныш сезімнің әсерінен соң Кремльге қарай ағылған арыздардың да біраз болуы мүмкін-ау деп ойлайсың. Атеист-академиктер мен қызыл-профессорлардың, төңкеріс ісіне адал қаламгерлердің де сыбыр-күбірі кезінде талай арыстардың түбіне жеткенін ойласақ, бұл қисынға да еріксіз бас шұлғуға болады. Бірақ сол буынның өкілдері Кремль билеушілерінің өздері де шіркеуге тән мұнаралар мен күмбездердің қак ортасында отырғанын елеп-ескермей, еліміздегі өз діни архитектуралық дәстүрімізге тән күмбездеріміз бен мұнараларымызға алара қарап, жақтырмай өтті.

Бірақ қазақ қай кезде де өзінің қазақы қалпын бәрібір еске алып, оны қала сәулетіне ебін тауып киюластырып жібермесе, қазақ бола ма?! Алматы қаласына сексенінші жылдардың басында барғандар Пионерлер сарайының үстіндегі күмбезді көріп ерекше сүйсінетін. Сол күмбездің қасындағы аспан әлемін тамашалауға арналған мұнараның да күмбез пішіндес бейнесіне риза болатын. «Арасан» моншасының күмбезі де көңілге қонымды

жасалған еді ғой. Ежелгі шаһарлардың қақпасы сынды арқасы қандай өдемі ойластырылған. Ал іші баяғы мұсылман әлемінің сәулет өнеріне сай көз тартып тұр. Ең бастысы, бұларға ешқандай пікір де, сын да айтылмай, пайдалануға берілді де кетті.

Айтпақшы, алғашқы құрылыс жұмысы сонау отызыншы жылдары басталып, елуінші жылдары пайдалануға берілген Үкімет үйінің сол алып ғимараты 1990 жылдардың аяғында жекешелендіріліп, оқу орнына айналған кезде, қаншама еңбек пен тердің арқасында дүниеге келген ұлттық құндылықтың бір ғана әулеттің, бір ғана жеке тұлғаның меншігіне айналғанына ішім ұдай ашыды. Мен ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу барша қазақстандықтар сол тұста осындай сезімді бастан кешірді десем, қателеспейтін шығармын.

Дәтке қуат қылатыным, ата тарихтың көзі мен сөзі — бұрынғы Үкімет үйі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі географиясы» тізіміне енгізілді. Өте орынды шешім. Өйткені бұл — Қазақстанның тәуелсіз ел болуына қызмет еткен қасиетті ғимарат.

Бұл үйде Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаев ұзақ жыл жемісті қызмет етіп, алқалы кеңестерін өткізді.

Бұл үйде 1990 жылы 25 қазанда «ҚазКСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» қабылданды.

Бұл үйде 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңы» қабылданды.

Сондықтан бұл үй, бұл ғимарат — бір отбасының ғана емес, әрбір қазақтың, әрбір қазақстандықтың отбасы үшін де киелі, қасиетті шаңырақ.



Құдиярбек АҒЫБАЕВ

Биылғы жаздың қалай тез өткенін білмей қалдым. Жылдағыдай Байжансай руднигінде тұратын Ұлбала әпкемнің немесе Алғабас совхозында тұратын Перизат әпкемнің де үйіне қыдырып бара алмадым. Сабак бітісімен ауылдағы бригадир ақсақ Жақып мектептен қолдары босаған жоғары кластың оқушыларының аты-жөндерін үй-үйді аралап жүріп совхоздың науқандық жұмысына жазып әкетті. Соғыстан кейінгі жылдарда еркек кіндікті аз, барының өзі жарымжан не мүгедікті болған соң барлық науқандық жұмыстар, негізінен, әйелдер мен осы жоғары кластың балаларының иығына түсетін. Жылда қоңыр күз жақындай бастағандан-ақ көрші Сайрам ауданының отар-отар меринос тұқымды жібек жүнді қойларын қыркымнан өткізіп, терісі жып-жылмағай боп жеңілдеген соң біздің Бозбұтақтағы, мен ес білгеннен бермен қарай жұмыс істеп тұрған қой тоғытатын тоғанға топ-тобымен айдап әкеледі. Ауылдағы тірсегінің әлі, білегінің күші бар-ау деген оншақты баланың қожайыны ақсақ Жақып бригадир десе болады. Күн сайын таң атпастан есіктің алдында атын ойнақтатып, қамшысын үйіріп, ертеңгілік тамағымызды да дұрыстап ішкізбестен алдына салып, жұмысқа шығарады. Аспан жерге түсіп, жер қақ айырылып кетсе де үкіметтің жұмысы бірінші кезекте орындалуы тиіс. Ал баласына жаны ашып, жұмысқа жібермеген үйге совхоздың жерінен бір арба шөп те, бір қап жем де берілмейді. Қорасындағы жан бағып отырған оншақты мал мен бірер ірі қарасының бетіне қарап отырған ауылдастар сосын да оған қарсы келе алмайды. Қырдың шүйгін шөбіне тояттап, үстіндегі пысынатқан қалың жібек жүннен арылып, әбден семірген, сүйтіп күйектен шыққан отар-отар қойлар бірінен кейін бірі креолин толған тоғанның бас жағындағы үлкен қораға қамалады. Қасымдағы Әліпбек, Сейітбек, Бекмырза, Анар, Серік, Орынтай және араларындағы ең кішкентайы мен осы қойларды кешкі бесінге дейін жанталасып жүріп тоғанға тоғытамыз. Семіз саулықтарды бір-бірлеп артқы сирағынан сүйреп тоғанға түсіру оңай емес. Кейбір асаулары жұлқынғанда өзімен бірге сүйреп әкетеді. Қол мен аяқтың талмаусырағаны былай тұрсын, аш өзегін шұрылдап, көзің қараятты. Аяқтағы киген кебіс-бөтенкелер жырттылып, тоз-тозы шығады. Саулықтардың тұяғы езіп, көк ала боп көгерген аяқтарымыздың қанаған жерлерін шүберекпен байлап алып, екінші отарды майға шомылдыруға кірісеміз.

— Алдымызға келген әрбір отарды, немістің шабуылдаған бір батальоны деп ойлаңдар. Әкелеріміз бес жыл қан майдан-да жүргенде жауға қалайша төтеп берсе, біз де, бұл қиындыққа шыдаймыз. Солай ма, жігіттер?! — деп, ішіміздегі бізден үш жас үлкен Сейітбек бізге дем беріп, анда-санда жігерлендіріп қояды.

— Сейітбек, осы жүрген алтаудың ішіндегі, сенен басқа, бесеуіміз де, қоймен бірге бір мәртеден тоғанға сүнгіп, креолинге шомылып шықтық. Үстімізге қарашы, малмандай май сасып тұр!.. Сәбеттің солдаттығын, бет-әлпеті де дәл осындай сорақы болмаған шығар? — деп, Әліпбек оған жыламсырай сұраулы жүзбен қарады.

— Қойды сирағынан сүйреген күйі тоғанға жеткенде айналдырып жіберіп, мойнынан құшақтап итеру керек. Қарын-

дарын ашса, қазір ақсақ Жақып анау асхана жақта тамақ әзірлетіп жатырмын деді. Тамақ ішкен соң бойымызға жаңадан күш қосылады, — деп Сейітбек бәріміздің көңілімізді бір көтеріп тастады. Қарнымыз шұрылдап, бәріміз сәлден кейін ішетін майлы сорпаның дәмі мен иісі мұрнымызға келгендей сілекейімізді жұтып, асхана жаққа телміре қарадық.

Біздің ұзағырақ үзіліс жасап, отырыңқырап қалғанымызды алыстан байқап, жанымызға келген ақсақ бригадир Жақып қамшысын шошандатып, сөзге килікті.

— Жігіт деген шыдамды, қиындыққа төзімді болады емес пе? Неменеге ұзақ демалып отырсыңдар? «Креолинге түсіп, май сасып қалдық» деп уайымдап жүрсіңдер ме? Енді есесіне, денелерің шынығып, қотыр, қышым, теміреткі деген жаралар өмірі шықпайтын да, жұқпайтын да болады. Екі отар қой ғана қалды. Сол біткен соң анау өзендегі иірімге бір малтып ал-

майды. Май төгілген ағаш едендегі тесікке сол аяғым кіріп, тайғанып жығылғанда аздап жарақаттап алғандаймын. Ақсаңдай басып жерге отыра кеттім.

— Жігіттер, соғыста, алғашқы солдатқа немістің оғы тиіп, жараланып, мұрттай ұшты!.. — деді, қасыма кеп жантая кеткен, Орындай тентек, маған сығырая қарап, жаны ашыған сыңай білдіріп.

— «Күлме досқа, келер басқа» деген, басына келсін!.. Тұра тұр, бәлем... — деп Әліпбек досым маған болысып, Орынтайға шүйлікті. Жаныма келіп, тобығымды ұстап, ары-бері аударып тексеріп, — Сіңірің созылған, шығып кетпегеніне шүкір! — деп қолдау көрсетті. — Ауырып тұр ма? — деді қайталап сұрап. Көзі мұңға батып, енді болмаса Орынтайға тиісе жаздап, шын жаны ашып тұр. Оның көзі, әсіресе мені аяғанда қасіретке толып кетеді.

— «Жығылсам, жер көтереді» емес пе?! — деп басымды шайқадым. Орнымнан бірден түрегеп кете алмадым..

ҚЫДЫР АТА,

сандар, денелерің сергіп, бойларына түкте жұғып қалмайды. Қане, отыра берместен, тез іске кірісіңдер. «Тайды мінгені, баланың жұмсағаны білінбейді» деген, — деп қолыңдай бастады.

Түске дейін іске құлшынып кіріскен балалар қазір анау қойлар иіріліп тұрған қораға беттегісі келмейтін тәрізді. Май төгілген еденнен ірі саулықтарды сүйреп, тоғанға сүнгіту барған сайын ауырлап бара жатыр. Басқаны қайдам, әсіресе менің әл-дәрменім түгесіліп, кейде көзім қарауытқандай. Бір рет қоймен бірге терең тоғанды аяғына дейін жүзіп шыққан мен тағы да креолинге батсам, соңына дейін малтып шыға алар ма екенмін? Ішегім шұрылдап, сол сасыған майыңды еріксіз ішіме жұтып қоятын сияқтымын.

Асырып айтты көрменіз, он бес-тегі балаға үп-үлкен саулықты, май төгіліп, бетінен аяқ тайып жығылатын еденмен төрт метрдей жерге сүйреп апарып тоғанға лақтыру анау айтқандай жеңіл шаруа болмай бара жатқандай. Ары кетсе, он бес минут жұмыс істеп, он минут үзіліс жасаймыз. Соған әрең шыдаймыз. Намыс бәрінен де жоғары тұрады екен. Өзімнен бір-ақ жас үлкен Әліпбек құрлы жоқпын ба?.. Көзімнің астымен оған қарап қоямын. Ендігі менің шамамды теңестіріп, жарысып қимыл танытар адамым сол ғана секілді. Орынтай тентекті сұқаным сүймейді. Әкесі майданда өліп, жесір қалған Бөпеш шешеміздің ерке-шолжанына жақын жүрмеген абзал. Сәл тиіп кетсең, қып-қызыл бәлесі жұғады. Әбден төбелесіп, екеуіміз «ата жауға» айналғандаймыз. Тек, Әліпбектен ғана аздап аяғын тартады. Оның үнемі менің досым боп, сөзімді қолдайтынын көре алмай, өліп кете жаздап жүр. Оның үстіне мен шаршадым деп, шетке жығыла кетсем, ақсақ Жақып айтқан, совхоздың жәрдемге беретін жем-шөбінен біздің үй құр қалмай ма?.. Жок, жұмыстың аяғына шамалы ғана жақындап қалғанда шаршадым деп сыр бергенім болмас. Қолыма ілінген саулық бұл жолы да ірі, қауқары дилы боп шықты. Күштілігі сондай, мені тоғанға жете берерде өзімен бірге ілестіріп, сүйреп әкетті. Тоғанға қалайша, екінші мәрте сүнгіп кеткенімді сезбей қалдым. Біткен жерім осы деп, жанталасып, терең тоғанда, қойдың мойнына жармасып, әрең дегенде аяқ жақтан сүйретіліп бір-ақ шықтым. Сейітбек қолымнан шап беріп ұстап, жиекке көтеріп шығарды.

— Аяғыңды ауыртып алғансың ба?.. — деген дауысқа қарасам, шынында да, орнымнан тұрайын десем, тобығым бастыры-

— Зәрем зәр түбіне кете жаздады ғой!.. Орынтайдың сыбағасын өзім берем. Сен жазылып кетесің, — деді Әліпбек досым. Осы кезде бір қызық оқиға болды. Қораның ішінен «Ойбай!.. Ойбай!.. Аяғым-ай!..» деген дауыс естілді. Әліпбекке ілесіп, ақсаңдай басып, қора жаққа ұмтылдым. Әліпбектің айтқаны дәл келді. Ендігі кезекте Орынтай тентектің де, аяғы менің аяғым кірген тесікке кіріп, оңбай сүрініпті. Кәдімгідей, тәп-тәуір жарақат алған секілді. Жерде домалап, екі бүктетіліп, аттанға аттан қосып жатыр. Балалардың бәрі үр-пиісіп қалды. Осы кезде шойындап ақсақ Жақып та жетті.

— Қызғалақтар... Бір қойға шамаларың жетпей жатыр ма?! Сендерді де жігіт дейді ғой?.. Әлі жұмыс бастан асады. Жаз жылжып өтіп барады. Сендер болмаса, кім істемек, осының бәрін... Ертеңнен бастап қырдағы шөпті орымға, сосын, жинауға шығамыз!.. — деп ақсақ Жақып қарсы айкайға басты.

— «Жаны ашымастың қасында, басың ауырмасын» деген, — деп Әліпбек кіжініп құлағыма сыбырлады.

Бес жігіт ортамыздағы Орынтайды кезек-кезек аркалап, тамақтанып әлденіп алған соң, бір белден асып, ауылға қайттық.

Біздің аулымызда бір түрлі, есі кіресілі-шығасылы адамдар көп. Олар ауыр тұрмыстан қажыған ба дерсің, бір қарасан, ақымақ та, енді бірде қарасаң, шетінен ақылды. Шетінен тілін безеген, сөз бермейтін шешен. Демек, бір жағынан — олаймыз, бір жағынан — былаймыз. Үлкендер де кейде өте бауырмал, тату боп көрінсе, енді бірде бір-бірін өсектеп, ауыл үй отырып, бір-біріне біраз уақыт бас сұқпай кететін де кездері болады. Бірақ бұл ұзаққа созылмайды. Өзіміз от тастаймыз, артынан өзіміз ағайын боп, су себеміз. Бірақ бұл біздің ақымақтығымыздан да емес. Біздің көңіліміз ойлаған ойымызға емес, сөзбен сөзге жауап беріп, қызбалыққа салынғанымыздан ба деп те ойлаймын. Бар кілтипан, осында!.. Кеше ғана біздің туысқан Беркімбай атамның үйіндегі Өсеркүл әжем үйге келіп, ауылдың жоғары жағында тұратын керен құлақ Палаш ұстанын қылығын айтып, жаға ұстатты. Әншейінде бүкіл ауылдастарының өтінішін жерге тастамай, көмектесіп жүретін, мейірімді, сөзге жоқ, саңырау ұста кеше жас бұқасын базарға жетектеп бара жатып, онысы жетекке көнбей қойыпты. Ары сүйреп, бері сүйреп, әбден ыза болған атамыз «Әй, иттің ғана баласы-ай!.. Сен биік пе, әлде мен биік пе?!» — деп,

жуан жұдырығымен қақ маңдайдан бір періп қалса, жас бұқа сол тұрған жерде тіл тартпастан мұрдем кетіпті. Өсеркүл әжем аузы аузына жұқпастан осыны өсектеді де, артынша біреу қуғандай, тез үйіне кетті. Сонынан ауыз үйге ілесе шыққан апам оның кебісін «ұмытып» кеткенін айтты.

— Өсеркүл қазанға салған еттің иісін сезіп, қалашын әдейі қалдырып кеткен шығар!.. — деп төрде төсекте жатқан әкем әзілдеді. Айтқанындай, ет пісіп, дастарқанға қойылатын кез жақындады-ау дегенде, Өсеркүл әжем де үйге жетті-ау.

— Үйбүй, қараң қалғыр... қартайған кісиде ес болушы ма еді? Кебісімді таба алмай, іздеп бармаған жерім жоқ. Содан, әзер дегенде, осында қалды ма деп келсем... жатыр екен ғой! — деп, дастарқанның шетіне қисая кетті.

Бригадир ақсақ Жақыпты алайық. Бүкіл аулымызда оны жақсы көретін адам жоқ шығар. Әйтсе де, бір қызығы, ол осы ауылдағы әрбір шаңыраққа көмектесіп,

шаруаларына қол ұшын беріп жүреді. Жетім-жесірге отын-суын кіргізісіп, қысқа малдың жем-шөбін түсіріп алу да осы ақсақ Жақыптың құзырында жүзеге асады. Бәрінің күні соған түсіп тұр. Есесіне ақсақ Жақыптың айтқаны екі етілмей орындалады. Енді қайтсін, мынадай елге қаталдық танытпасаң, басына шығып кетпей ме. Жаман атына жарбиып мініп алады да, әр үйдің алдына кеп, көшеден айқайлап, әмірін беріп кетеді. Осы шағын ауылдың бала-шағасы былай тұрмақ, үлкендеріне дейін қожайын.

Бүгін де таң атпастан ауыл ортасындағы жалғыз көшені басына көтеріп, өріске шыққан малмен жағаласып, үй-үйді кезіп жүр.

— Ертеңнен бастап, қырдағы орылған шөпті жинауға, маялауға шығамыз. Қолына айыр ұстай алатындар түгелдей жұмысқа шығады. Алдымен, совхоздың шөп планын орындап алайық, сосын, әр шаңыраққа тиесілі үлесін бергіздіремін, — деп дауысы қарлыққанша сөйлеп, дікендеп барады. Біздің үйде бас көретін жалғыз мен. Апам мен әкем екеуі де жасы келген соң, есік алдында еңселерін әрең көтеріп жүр. Жасым он бесте болса да еңбекке жарап тұрған өзім. «Жүгірген тазының табаны тозбас» деп апам айтқандай, кішкентай болсам да намысқа тырысамын.

Күн әлі шықпаған. Ауылдың бас жағынан сиыр мөңіреп, қораздың шақырған үні естілді. Күндегі әдетпен ерте ояндым. Көшенің қарсы бетіндегі, үйі есікпе-есік отырған досым Әліпбек екеуіміз онаша отырып, бригадир ақсақ Жақыптың қандай жұмысына жарайтынымызды ақылдастық.

— Анау, атпен сүйреп жүріп шөп оратын дөңгелекті ораққа отырып көрсек қайтер екен, ә?.. Бір жағы, рөлде шіреніп, отырып ап жұмыс істеген жеңіл шығар?! — дедім.

— Атай көрмегін оны. Аттың сырын да білмейсің. Оның үстіне, орақтардың жүзі қылыштың жүзінен бетер лыпып тұр. Құдай оның бетін арман қылсын, егер де байқамай, қалың шөп арасында жасырынып жатқан бір тасқа соғылып, орағың тіреліп сынса, шаруан бітті дей бер!.. Орағың сынғаны былай тұрсын, орындықтан ұшып кетіп, орақтың жүзіне бір-ақ түсесің. Ана Қарағайдағы ауылда былтыр бір дардай кісі осындай ораққа туралып, мерт болған жоқ па? — деп Әліпбек табан астында қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, менің төбе шашымды тік тұрғызып, иманымды ұшыра жаздады.



Жомарт ИГІМАН

*Көздегені олжа мен пайда ғана,
Қуыс кеуде обалды ойлана ма?!
Ел қалмапты алаяқ ылаңдамаған,
Жан-жағымға қарап ем, айналама.*

*Адалдардан айласын асырыпты,
Арсыздықпен қауымды басыныпты.
Несиеге кіргізіп аңғал жұртты,
Миллиондап қарызға батырыпты.*

*Алдау, арбау... жазылмас кесел деп ұқ,
Қоғам теріс айналсын секемденіп.
Алаяқ па, телефон шалған кім деп,
Жауап қатпай тұтқаны көтермедік.*

*Жарасатын тентектігі, ерлігі,
Жарасатын менмендігі, өрлігі...
Алыс қалды алып-ұшқан аусар шақ,
...Сабыр суы татар дәмім ендігі.*

ШЫНДЫҚ ПЕН СҰМДЫҚ

*Көптің бірі ем іздеп шыққан шындықты,
Сапарласым болып еді кіл мықты.
Жарты жолда айнып қалды барлығы,
Көрді-дағы жылмаңдаған қулықты.*

*Бұл фәниден іздегендер шындықты,
Бақ таппады, қайта қайғы-мұң жұтты.
Ел жүрегі шайлықты рас көргенде
Сұр жыландай сумаңдаған сұмдықты.*

*Тебендей боп тозып темір етігім,
Жоқты таппай қайтпаймын деп бекідім.*

ҚАЛДЫРАМЫН ҚОЛТАҢБА – ӨРНЕГІМДІ

ӨМІР

*Өмір – еңбек, ықылас, пейіл деймін,
Еңбектеніп тер төксем, жеңілдеймін.
Ықылас кеміп, пейілім тарылмаса,
Талқысынан тағдырдың жеңілмеймін.*

*Өмір – үміт, сөнбейтін шырағы бар,
Тәттілігі тым ерек, тұнады бал.
Үзілмейді үмітің сенім болып,
Өлең болып өріліп, жыр ағылар.*

*Өмір – намыс, еңсемді көтергенім,
Өмір өзен, өткелсіз өтем дедім.
Намысымды сын сәтте қайрамасам,
Бүгінге бүгілмей жетер ме едім?*

*Өмір ғажап, біледі жұрттым мұны,
Шақырады алдыға сиқырлы үні.
Пешенеме жазулы, аз ба, көп пе,
Маған берген тағдырдың мүмкіндігі.*

*Ғұмыр бойы тоқыған, тергенімді,
Қалдырамын қолтаңба-өрнегімді.
Алғаныма өмірден тәубе деймін,
Безбендейді уақыт бергенімді.*

**ДОС ҚАБІРІНІҢ
БАСЫНДА**

*Біздің көңіл тағы да досқа асықты,
Өзіңді іздеп, елегізіп босқа күтті.
Сен кеткенде келеміз дескен едік,
Саған барар сүрлеуді шөп басыпты.*

*Тағдыр салып жүрекке жара, жамау,
Қатарымды аяусыз тонаған-ау.
Саған барар сүрлеуді шөп басыпты,
Құлақтары қалқиған молаң анау.*

*Айдауына дертіңнің көне кетіп,
Не опа таптың ажалға ере кетіп?
Кім келгенін сыбырлап айтар саған,
Зиратың тұр құлағы елең етіп.*

*Антыңа адал, сертіңе берік едің,
Әлдиледі ертерек сені өлім.
Ағайынның аяғы саябырсып,
Ұмыта ма күні ертең төңірегің?*


*Сыр бөлісіп, шыға алмай құмарынан,
Көңіл қалды, не айла бар, сірә, бұған.
Мен тірліктің ырқына көнермін-ау,
Жан дүниемді қайтейін құлазыған?!*

АЛАЯҚ

*Пысықайлар жан беріп, жан алуда,
Қоғам қулық-сұмдықтан қаналуда...
...Алдандым да сан соғып қалдым, міне,
Ай мен күннің, амал не, аманында.*

*Пікірлеске көңілімнің төрін бердім,
Күдікке емес, үміт пен сенімге ердім.
Ұзын жолда сапарлас болған адам,
Жібі түзу жан болып көрінген-ді.*

*Алдау, арбау екенін ойлағаны,
Кеш ұғындым, пенде екен пайда амалы.
Қақшып кетті қалтамды ойда-жоқта,
Жанға батты сенімді лайлағаны.*



*Жүрегімді жылытып үміт деген,
Бұған дейін ешкімнен үрікпегем.
Аңдап басып аяқты, төңірекке
Үйренермін қарауды күдікпенен.*

**ДӘНІККЕННЕН
ҚҰНЫҚҚАН ЖАМАН**

*Сындарлы сәтте, нәпсі, сыналып ең,
Құлқынның соңы құрдым, сірә, білем.
Астыққа қамбадағы дәнiккен соң,
Қарсақ та iн қазбай ма құлағымен.*

*Заман озды, десек те талғам басқа,
Құныққанды бола ма аңғармасқа.
Қауіп қылып жаздың ба, ақын бабам,
«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа».*

*Адалдығың тұра алмас арашаға,
Қарынбайлар қоңсыға қараса ма?
Құдық өңеш жемқордың заманы бұл,
Ханнан бастап жалғасқан қарашаға.*

*Зауал, тыйым һәм тойым бар ма бұған,
Ойламайды басқаны өз қамынан.
Жырып қалсам дейді екен су басынан,
Алып қалсам дейді екен арбалыдан.*

*Көп қарғысы кем емес жай оғынан,
Деп сенетін аңғал жұрт баяғыдан.
Ал әзірше қол салған қазынаға,
Құныққанның туып жүр айы оңынан...*

ЕСКІ СУРЕТ...

*Сақи тағдыр сыйлаған соң жарық күн,
Өмірден өз үлесімді алыппын.
Шәкірт бейнем түсті кеше қолыма,
Сурет емес, мен ескіріп қалыппын.*

*Қадіріне жете алмаппын бес күннің,
Ертең деумен ерте күнді кеш қылдым.
Жастық шақтың жарқылының ізі жоқ,
Қу тірлікті қуып жүріп ескірдім.*

*Жастық дәмі, таңдайымда бал шырын,
Бұл өмірдің басы – сайран, арты – мұң.
Жоғалтыппын қызыл-жасыл дәуренді,
Жоғалтыппын жанарымның жарқылын.*

*Алла қолдап жүрексiнiп қағып ем,
Шындық жасасынған үйдiң есiгiн.*

*Ақиқатты ар-иманы күзеткен,
Көргiм келiп қағып едiм iзетпен.
Дiмкәс бiреу аяғына шалынып,
Ашты есiктi тұрғандай бiр сүзектен.*

*Қоғам оны жүнжiтiптi үйпалап,
Тергеу, тiнту... тиесiлi сый-табақ.
Үзiледi-ау жiңiшкерiп жiптей бiр,
Маңдайына жазылғаны ұйқамақ.*

*Туралықтан болдық ендi жасқанар,
Арылмастай ластаныпты аппақ ар.
Домаланып өтiрiк жүр жорғалап,
Доңыздай боп семiрiптi-ау бәтшағар.*

**ДҮНИЕҚОРЛЫҚ ЕРТТЕП
МІНЕ АЛМАДЫ**

*Айнымайтын сырлас досым – өлеңім,
Бiлiмiм мен бiлiгiм ғой – сенерiм.
Танылуға тырысадым жасымнан,
Жағынуға жоқ ебiм.*

*Күпсiнгенде көкiрегiн жел кеулеп,
Кеуде қақса бәзбiреулер мен-мен деп.
Көз көрiмде тұрса-дағы бiуiгiм,
Ұмтылмадым өңмеңдеп.*

*Одырайып олай қарап өтсе кiм,
Бұдырайып былай қарап жетсе кiм,
Тымырайып төмен қарап кетсе кiм,
Ешкiмдi де сөкпедiм.*

*Таңғалмадым анау жүрсе абынып,
Таңданбадым мынау жүрсе қабынып,
Алданбадым қызыл-жасыл қызыққа,
Дүние қуып жанығып.*

*Адамдардың таза шықтай таңдағы,
Көңiлiнiң жағасын кiр шалмады.
Дүниеқорлық жүректерiн қарайтып,
Ерттеп мiне алмады.*

*Сыртқа шығып жүретұғын нұры iшкi,
Достарым бар несiбелi, ырысты.
Көз келгенге бiтпейтұғын бұл сипат,
Көпке болғай жүғысты.*

Қара



Қуаныш ДӘЛЕЙ

Қазақстан

*Тағы да тереземді қағар, көктем,
Келем деген сияқты еді кеткенде олар...
Биылғы қыс суықтау,
Заманаға
Айта алмай жүрген әлде өкпем болар?!*

*Әне-е... аспан бұлыңғыр, бозамықтау,
Көре алмайды әрнені көз анықтап...
Мынау алаң –
Бүрсеңдеп уайым жүр,
Анау бұрыш –
Қалтаңдап азап ықтап!..*

*Бақтар иен.
Айнала тыныш...
Түнек
Буырқанар бұл көңіл ұрыс тілеп...
Алакөз қоғам,
Адам...
Иттер
Сосын,
Үрей мен суық жел жүр тіміскілеп...*

*Айнымай сол баяғы лас сүреңнен,
Мінген қоғам суретке қасқыр емген...
Айналып өтіп жатыр қалың тобыр,
Автобус алмай кеткен маскүнемнен.*

*Шықырлап табандарда қар ысқырып,
Сөнбек отты жұлдыздар қағыстырып...
Жалт қаратып тобырды, тұрады алдап,
Жүрегі емес, қоғамның жағы ысқырып...*

*Дала – күңгірт,
Жел – теріс,
Жол бұзылған,
Айдаһардың аузында ал қызыл дән...
Көз қабынан дорбасы, толып бермес
Құл басқарған қоғамның қарыны – зындан!*

*Тағы да тереземді қағар көктем,
Бұл өмір...
Лағыл жаңбыр жауар көктем...
Қариды көкірегімді,
Е, замана,
Өкпемнің бір сынығы саған кеткен...
Тағы да...*

Әмікүн

*О, Әмікүн,
Ойланбайтын өмір жайлы тым ары,
Көзіңдегі мұңсыздықтың мұнары
Жүрегімді жасулап алар екен деп
Сенің момындығың төтем боп
Қолым создым ізгіліктің парағын
Алдыма әкеп жаюға...
Бар амалым
Жетпей қойды,
Жаны таза жуылған,
Сендей емес,
Ұжымақтан қуылған
Адам ата зәуәтінің ішінде,
Күнға көп шатылғандар пішінде
Тұр екенмін,
Жүрегім де қап-қара,
Жанарым да қап-қара,
Қаламым да қап-қара!..
Сол жұмақтық сезімді аппақ күйінде
Ас қып ішіп, киім етіп иінге
Бір адамға жасай алмай қиянат,*

аспаннан алғандай боп суырып...

Жанарыңды аңқау құстар ұялап,
Бар адамды бауыр, туыс, дос етіп,
Жүрегіңнен ашып қойып қос есік...
Біреуінде бұл жалғанмен жалғасып,
Біреуінде арғы өмірмен алмасып.
Екі дүние ортасында тұрып ап,
Айналытсың пәк өмірдің жырына!
О, Әмікүн,
Мен де сендей боламын деп құлындым,
Әуеніне кеудемдегі дүрсілдің.
Құлақ түріп, кеттім сосын түңіліп,
Жанары жас түн тұр екен үңіліп.
Қиянаттар табаныма ұя сап,
Жасайды екем оны тағы жиі аса...
Жалғандықпен күресем деп
Бұрыла
Бергенде оның айналыттын құлына!
Дәл өзіңдей момындықты ту етіп,
Бар адамға арай төгіп жүретін.
Ұлтын, жұртын, руы мен ұлысын,
Атасы кім, өлісі мен тірісін
Керек етпей, қолдан келсе болғаны,
Тек, жақсылық жасау керек,
Бар мәні
Мейірімнің теңізінде телегей,
Қалқып жүрген құтқарушы кемедей
Бауырына тартып алып барлығын,
Бұл жалғанның сәтке болса зар-мұңын
Ұмыттыра беретұғын бар жанға,
Сендік жүрек тән еді асқар тауларға...
Ұлы емессің, ұлылардан тағы да
Асқақ тұрсың,
Періштелер жаныңа,
Жайласып ап жүректердің бәріне,
Дән егетін сендік сезім нәрімен...
Ауыл қалды шалғайында Алтайдың,
(Бақыттысың, сен сол маңда
қартайдың...)
Өмір мынау зулап өтіп баратқан,
Қауырсындай қалған түсіп қанаттан.
Қалқып жүрген біздің тағдыр, міне, осы
Күнде адалдықтармен күресіп,
Сатып алып, сатып беріп, сатылып,
Күндер өткен сайын оған жатылып...
О, Әмікүн,
Аспай жатып алпыстан
Сен өлгенде атқан оқтан қалт ұшқан —
Ізгілікті жамбасынан сыз өтіп,
Жүрген, сірә, жан бар ма екен күзетіп?!
Әй, білмеймін,
Әй, білмеймін,
Білмеймін...
Басып қалған қарт Алтайды түндей мұң...
Медеу етіп сол күндерді жаным,
Беремін тек сағына...

Егделік

Антекила,
Жастық шақтан қашқан жан,
Кәрілігің бала күннен басталған.
Ұпайларын санай алмай молыққан,
Саған қандай қазына еді жолыққан?!
Ту сыртыңнан жүруші еді қуалап,
Ал сен болсаң, шөл сағынған дуадақ...
Бар байлықты итере сап арыға,
Аңсай бердің тек ақылды зарыға...
Сақал көрсең бар діліңмен құлап қап,
Мосқал ойды мініп жүрдің құлақтап!
Жылдар бойы кәрі тарихты жұлмалап,
Мұжып жатты сендегі ес,
Түн қарап:
«Ана, мұндай көрмеп едім дүлейді»,
Шарасыздан жерге қарап сілейді...
Ненің күші сені сондай егделік
Қошаметтеп, отырғызған төр беріп?!
Қуыршақ пен асықты да танымай,
Түн қызықтап, шақпақ тасты жанымай.
Мелишениң жүлдыз санап, ай қарап,
Қуанатын жүрегіңді қайғы орап.
Есалаң шақ әуейлігін өлтіріп,
Көзің алдын ой мен шерге толтырып.
Ұлы ақыл мен балғын тәннің қапысыз



Табысқанын
Мақсаттарға ақысыз.
Тек ниеттің адалдығы, ақтығы,
Тәңір өзі берген жолдың жаттығы.
Жеткізерін саған қарап сезінгем,
Тағы... қорқып тұрдым сонда өзімнен...
Уадаила,
Ең бір көркем сәттердің,
Көбісі өтті парағында дәптердің,
Енді артыңа бір қарашы, қандай күн,
Қылы қарап қиысынан маңдайдың...
Сағаттарға елжірей қап тұрғанын,
Ертең мұнда көтерілсе бір жалын...
Қалай жауап берер іші босаған,
Күрғақ бастар...
Кешір бізді жасаған!
Суық үрей көрінгенмен дос емес,
Мінекей түн, аспан үнсіз, көше бос,
Тағы да сол сынған қарындаш ұшынан,
Уақиғалар жатты саулап...
Ысыған.
Ой пешінде лаулап тұрды жалғандық,
Оған сенген кеше ұлап қалған жұрт...
Койшы бәрін...
Қарт боп туған жас ұлан,
Енді саған жете алмаймын,
Асығам!
Ғұмыр бойы еріп келдім соңыңнан,
Інжу тердім басып өткен жолыңнан...
Тамырымда ағып өткен бұлақтар,
Қайсы өзенге қосылады,
Шырақтар
Жолдарыма жағылса, оның барлығы,
Пешенеме жазылған сөз жарлығы...
Ал ендеше, тағы оза түс,
Қайырылма,
Қуаныш та,
Үміт те сен,
Қайғым да...

Қапылита
Көкіректі бунаған,
Ана, күңгірт ойларым- ай,
Туу, надан...
Айға қарап теріс беті құлаған,
Жүрегіме теңестіріп,
Мынаған
Сендім ғой мен сенгендей боп
Күн жаман.
Болады деп құдай сөзін ұрлаған —
Қасиетсіз тақуалар кейінде,
Сөйлеп кеттім бей тілде...
Жыл өзегін бойлап аққан күнге ұсап,
Жүрегімді алған жайлап мұңлы шақ,
Мен сендерге болсам-дағы қарыздар,
Андюлар

Көкірегімде қар-ызғар,
Жатады енді айлар бойы жібімей,
Сол азапты тартатын да тірідей,
Мәңгі ұйықтамай ояу жатар бар өмір,
Ескі жүрек,
Тозған көңіл...
Және бір
Шанағынан күй қашатын домбыра,
Күмбірлейді құмарды естен тандыра...
Уақыттарды мың жылдықпен қаусыра,
Тарихыңды түгендейді таусыла
Жыртығынан жел гүлеген ескі естен,
Жылтыңдайды қара бала, көште өскен...
Бір тамырын балта қиған сәмбі тал,
Толқындармен жағаласып қан жұтар
Қос бұрымды әлдилеген самал жел,
Ертең оған тікен ұрар...
Маған кел
Опасыздар еліндегі мың қауым,
Түнге берер жүрегінің нұрларын...
Ал, қош енді,
Барлығыңа
Қолың бер,
Жорықтарға аттанатын толымды ер.
Сөздің десін топ ортада басым қып,
Жауатуғын таңдайларға жасып бұлт.
Көшіп жүрер жүрегіңде жыл бойы,
Ол — адамның пайғампардай ізгі ойы...
Сыңғырлатып бұлақтардың күмісін,
Аралатып таудың жұртын, ну ішін
Қайтар едім, сенің оған баратын,
Жоқ орайың, жоғалыпты сағатың...
Саған сенем, сенгендей боп Құдайға,
Ей, ізгілік
Жанымдағы шын айғай
Оқыс келген жалғыз ойға жылынып,
Шың басында қала берді ілініп!

* * *
Сезесің бе қайғымды ұлы
Айдың нұры және
Шарап толы бокалдар...
Ащы сигарет
Өз түтініне қақалған?

Жапырлаған сұрақтар,
Жасқа толған қарашық,
Ит пен мұңның таласы...
Қою түтін ішінде
Қалғандаймын мен өзімнен адасып!

Құдырбек,
Көтерейік сенің
Сәтің үшін өміріңнен құтылған,
және
менің жолдарымның қара түнге жұтылған
Біржақ ұшы тәңірінің дәрегіңде

Енді бір саласы,
Адымыма байланған...
Тағы да,
Бір қара көлеңке бар
Соңымда
Ұзақ ойланған!

Сапарлардан оралмаған бақытты
сол жандардың
Құрметіне сен де алып қой
Бір бакал
Ей, Жамалқайғы,
Көздерінде мұң тұнған!
Бейіттердің құлыптасына
және де
Жазылмай қалған
Сөздер үшін ұмытылған...

Тереңінде қалғып тұрған
Түйсіктерге тіл қатпай,
Тербете бер,
Ей, Тамбура,
Тәңірінің
Махаббатынан ұшып шыққан
Үндерден шашыраған ырғақтай...
Бізге
Түнге кету керек күн батпай.

Қашқын матрос

Капитан,
Рұқсатың бер,
Кетем жолға,
Ұстама ұстамасты бекер қолда!
Енді қайта шығуға құлқым да жоқ
Қан мен жасқа шыланған сапарларға.

Ажал иісті майданның өтіндегі
Есіңде ме Сантьяго жетімдері?
Бейкүнәлар өлімі қан суытып,
Жанды ауыртты кек пен шер жетілгені...

Бұлақ аққан көзден жас кесектері,
Марянна...
Жаныңа не септеді?
Матростың ойнағы иі қанбас
Махаббат тер мұңкіген төсектегі...

Не сыйлады бұл өмір сұстан басқа?
Көк теңізге алмадай ұшқан бастар.
Екі ауыз сөзге келмей өлтірісер,
Бір-біріне қас емес, дұшпан достар!

Жағалауға бір күн де дамылдамай,
Оһо, адам мекені,
Қалың қалай?!
Қаңғылестеп келеміз ай аунатып,
Иен арал, еш айлақ қабылдамай!

Самарқау бір көз тастап өткеніне,
Қауым отыр қанжарын кекке білеп...
Тоң ұрады көздердің қарасы да,
Жез сіміріп алғандай беттері де!

Аяусыздыққа алмасқан ақыл алма,
Ажал еккен қолдар-ай аты маңға...
Теңіз болып толқиды түсімде ылғи,
Жуылмаған жұққан қан сапыларда!

Төбіренбес көңілдің мұзы қалың,
Білем сеңнің бір күні бұзыларын...
Толқындарды қып-қызыл қанға бөлеп,
Күн құлайды теңізге жүзі жалын!

Жапырағын жанымның жел құлатып,
Осынау бір қайырсыз жолды ұнатып.
Мен кемеге мінген күн
Зар жылаған,
Бір әуенге тұншығып өлді бақыт...

Бізбен бірге жүр мың сан аруақ жүзіп...
Есімде туған жердің жәннат күзі.
Көне қала,
Байырғы шарапхана,
Тапылика,
Ескі дос,
Қалмақ қызы...

Капитан,
Рұқсатың бер,
Кетем жырақ,
(өлім болсын, мейлің, өтеуі бірақ...)
О, қара бұлт!
Мұрнымда шарап иісі
Келе жатыр зәулімнен бокал құлап...

Осыдан 50 жыл бұрын, 1975 жылдың 3-5 желтоқсан күндері Алматы қаласында жас ақын-жазушылардың Республикалық үшінші Кеңесі өтті. Оған еліміздің барлық өңірінен алдын ала іріктелген 150-ге тарта талапты да талантты жастар қатысты. Сол жолы Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық бөлімінің басшысы, белгілі жазушы Жайық Бектұров өндірісті өлкеден төрт жас ақынды – Абзал Бөкен, Тілеуғазы Бейсембеков, Тортай Садуақасов және мені осы жиынға делегат етіп жіберген еді. Қазір бұл азаматтардың бәрі (менен басқасы) – республикаға танымал ақын, бірнеше кітаптың авторы, әдеби сыйлықтардың иегері.

Сол күні салтанатты шара сағат 10-да басталды. Құттықтау сөз Жазушылар одағының хатшысы Қалаубек Тұрсынқұловқа берілді.

– Қымбатты қонақтар, қош келдіңіздер! Бүгінгі басқосуымыздың негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің табалдырығын алғаш аттаған талапкерлердің шығармашылығын шыңдап, олардың жарқын болашағына бағыт-бағдар беру. Қарымды қаламгерлердің өнегелі өмір жолымен таныстырып, өзара тәжірибе алмасу. Бір сөзбен айтқанда, қолына қалам ұстаған жастарға шынайы қамқорлық көрсету. Сол үшін біз сіздермен үш күн бойы осы қасиетті қара шаңырақта дидарласамыз. Ертең секциялық жұмыстар аяқталған соң, атақты ақын-жазушылармен кездесіп, еркін әңгіме-сұхбат жасауға мүмкіндіктеріңіз бар. Сол жерде олармен ескерткіш ретінде суретке түсуді ұйымдастырып отырмыз! – деді жиналған қауымға. Бұдан кейін алдағы атқарылатын іс-шаралардың бағдарламасымен таныстырды. Алқалы жиын аяқталысымен, алыс-жақыннан келген жастар бірнеше секцияға бөлініп, ой-пікірлерін ортаға салу үшін жазған шығармаларын талқылауға кірісті.

Келесі жұмыс күні қызықты сәттен басталды. Танертен Жазушылар үйінің бірінші қабатында атақты ақын Мұқағали Мақатаевты аяқ астынан кездестірдік. Кіреберіс дәлізде сырт киімін шешіп үлгермеген ұлы ақынды алғаш көргенде, жастар бірден сене қоймады.

– Жігіттер! Мен Мұқағали ағаларың боламын! Жақынырақ келіндер! Басқосуларың басталғанша сендерге сиясы кеппеген туындыларыңды оқып берейін! – дегенде ғана жастар қасына жинала кетті... Мұқан қолындағы қос елі «қызыл дәптерін» парақтай түсіп, ара-тұра қоныр шашын салалы саусақтарымен серпіп тастап, шабыттана өлең оқыды!

*«Айығып келем,
Айығып келем бәрінен.
Емделіп жүрмін,
Жақсылар берген дәрімен.*

*Мен үшін өмір тарылған емес, әлі кең,
Кеңістіктерге сапарға шығам әлі мен!»*
Осылайша жырдан шашу шашқан Мұқағали:

– Мынау менің түнгі сағат 4-те жазған өлеңдерім! – деп тағы да екі-үш шығармасын оқыды. Секциялық жұмыстарға қатысуы тиіс жастар ақын туындыларын тапжылмастан тыңдап, ерекше рақат сезімге бөленді, тіпті олар «Жігіттер, секция отырысы басталып кетті. Басшылар келсін деп жатыр!» деген шақыртуға да құлақ аспады. Бұл

Мұқағали поэзиясының құдіреті еді! Осы кезде Мұқан:

– «Сергей, Сергей...

Сергелдеңге түстім ғой, мен де сендей!» – деп, бір күрсінді де: – Енді жолдарыңнан қалмаңдар! Рақмет бәріңе! Бара қойыңдар, балапандарым! – деп ризашылығын білдірді. Түстен кейін жастар қазақтың атақты ақын-жазушылары: Бауыржан Момышұлы, Сапарғали Бегалин, Шерхан Мұртаза, Әбу Сәрсенбаев, Әнуар Әлімжанов, Әбділла Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Олжас Сүлейменовпен бірге суретке түсті. Сол күні Виктор Николаевич деген

Бейсембеков, Жәркен Бөдеш, Шаһизада Әбдікәрімов, Сәуле Нұрмұханбетова, Мейірхан Ақдәулетовтер өз өлеңдерін оқып, көпшіліктің құрметіне бөленді.

Мырзашөл өңірінің тумасы, алматылық студент ақын Мылтықбай Ерімбетов кешегі Кеңес одағының солқылдақ саясатының салдарынан республикамыздың оңтүстік аймағындағы бірнеше ауданның «жері» 1956 – 1961 жылдары Өзбекстанға уақытша берілгенін айтып, мерзімі аяқталған соң, тен жартысы Қазақстанға қайтарылмағанын өлең тілімен өкіне жазды, тіпті «Менің мұным – Мырзашөл» деп аталатын циклды топтамасынан

Ол анық.

*Табанымыз жасыл шөппен боялып,
Жасыл белді жалаң аяқ кезгенбіз!»*

Осылайша, ақындықтың ауылына ат байлаған автор, күні бүгінге дейін қолынан қаламын тастаған жоқ. Бірнеше кітабы жарық көрді. Оқырманның іздеп жүріп оқитын ақынына айналған Абзал ағамыз бертінде Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.

Бір кезде залда отырған Мұқағали ақын шыдамады.

– Қалеке, мен де өлең оқийыншы! – деп қолын көтерді.

– Қазір, Мұқа! Мына жігіттен сон... – деп Қалижан аға басын изеді. Көп

ЕСТЕ ЖҮРГЕН

ЕСТЕЛІК

фотограф шалдың айы оңынан туды. «Бүгін осы суреттің 100 данасын сатып, бір тоқтының «ақшасын» жинап алдым!» – дегені әлі есімде.

5 желтоқсан күні Республикалық Кеңестің қорытынды жиыны болды. Оны әдебиетіміздің көрнекті ақыны Қалижан Бекхожин жүргізді. Жекелеген секция жетекшілері: Тұманбай Молдағалиев, Хамит Ерғалиев, Қадыр Мырзалиев, Сафуан Шаймерденов, Қалтай Мұхаметжанов, Тұрсынбек Кәкішев, Оспанхан Әубәкіров сияқты әдебиет саңлақтары әр алуан жанрда қалам тербеп жүрген жас толқынның жазған шығармаларына тереңірек тоқталды. Олардың қарым-қабілеті жайлы ой-пікірлерін ортаға салып, ақыл-кеңестерін айтты.

Өз кезегінде қазақ поэзиясының пайғамбары Әбділла Тәжібаев жастарға ақ батасын беріп:

– Мен Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновтің табиғи талантына таңданамын! Сендердей кезінде екеуіне сәт сапар тілеп, газеттерге өлеңдерін жарияладым. Бүгінде сол шәкірттерім – қазақтың атақты ақындары. Мен олармен әрдайым мақтанамын! Керек десен, екеуін де өзіме ұстаз санаймын! – деп ағынан ақтарылды.

Осы кезде тағы бір қызықты жағдайдың куәсі болдық.

– Әне, Мұқағалидың өзі де келе жатыр! – деді Қалижан Бекхожин, көпшіліктің назарын есіктен кіре бастаған Мұқан бұрып. Сол сәтте жастар құрметпен қол соқты! Еш нәрседен хабары жоқ ақын ақырын ғана жымып, алдыңғы қатарға барып жайғасты. Әбділла ағамыз әңгімесін одан әрі жалғастырды:

– Қымбатты достар! Қазіргі кезде қатарымыз жыл өткен сайын талантты жастармен толығып келеді. Әсіресе Серік Ақсұңқарұлы, Ұлықбек Есдәулетов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Несіпбек Айтөв сияқты ақындардың өлеңдерін газет-журналдардан жиі оқып жүрмін. Мен олардың болашағынан үлкен үміт күтемін. Осы отырған сендердің араларыңнан да сондай мықтылардың шығатынына сенімдімін! – деп сөзін аяқтады.

Иә, абыз ақынның үкілі үміті уақыт өте келе ақталды. Жоғарыда аты аталған ақындар – қазір қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері. Бәрі ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Бұдан кейін қарымды қаламгерлердің жетекшілігімен өткен әртүрлі секция жұмысына қатысушы жас ақындар: Ерлан Бағаев, Абзал Бөкен, Тілеуғазы



үзінді оқыды:

*«Қыдыр қонған ел едік бағы қалын,
Жерімді тартып алды, неғыламын?!
Мырзашөл, қош бол енді, амалым жоқ,
Құдайдың салғанына бағынамын!»* –

деп мұзасына мұңын айтты. Ала тақиялы ағайындардың арасында қалып қойған қандастарымыздың қайғысына ортақтасып, әлі де болса тарихи жерімізді қайтару керектігін тілге тиек етті. Оның әрбір өлеңінде туған жерге деген сағыныш, өмірдің терең иірімдері, шынайы адамдық мінез көрініс тапты.

Тағы бір талантты жас ақын Жәркен Бөдеш өмірдің өтпелі тұстарын өлең жолдарымен әдемі өрнектей білді:

*«Ауыр-жеңіл көтертпей қоймайды өмір,
Мінезі бар алайда қойдан қоңыр.
Көңіл шіркін ерттеулі арғымақтай,
Өлеңдетпей қойсын ба ондай көңіл!»*

– деп ой түйгенде, залда отырған көпшіліктің көңілі бір серпіліп қалды.

Сол күні Жазушылар үйіндегі мерекелік шара ақындар өлеңімен жалғасты. Қайсыбірінің оқыған туындылары есімде қалыпты... Табиғаттың тамаша көрінісін адам жанымен әдемі үйлестіре білген қарағандылық лирик ақын Абзал Бөкеннің жыр шумақтары жүрекке жылылық сыйлады:

«Қырларыңнан гүл тергенбіз,

кешікпей Мақатаев сахнаға шықты.

– Айналайын Мұқағали, ақылың бар азаматсың ғой! Көп емес, бір өлең оқысаң жетеді. Есесіне, сенің жолыңды қуған жастардың туындыларын көбірек тыңдайық. Онсыз да уақыт жетпей жатыр! – деді Қалижан Бекхожин. Мұнысы әдемі ескерту болды. Өйткені шабыттанып кетсе, Мұқанды тоқтата алмайтынын үлкендер жағы жақсы біледі екен.

– Жарайды, Қалеке! Айтқаныңыз болсын! – деді де, бір өлеңін жатқа оқып, соның былай түйіндеді:

*«О, Муза!
Мәңгі жастық!
Қайран досым!
Қай күні ауар екен сайран қосым.
Поэзия – жастық қой жалын ұшқан,
Жас күнде жазғаныңдай қайдан болсын.
Поэзия!
Менімен егіз бе едің?»*

– Сен мені сезесің бе, неге іздедім? – деген тұлғалы ақын уәдесінде тұрды. Жырсуіер қауым ұзақ қол шапалақтады. Ол жас талапкерлерге сәттілік тіледі де: «Мен енді басымды жазайын!» – деп сәл жымыды да, сахнадан түсіп есікке қарай беттеді. Ұлы ақын сол кеткеннен мол кетті... Араға үш ай салып, 1976 жылдың көктемінде 45 жасында дүниеден озды.

– Аға буын ақындар әрдайым жастарға қамқорлығын аяған емес! – деді көпшілік

алдына шыққан «Жалын» журналының Бас редакторы Тұманбай Молдағалиев. Оған дәлел ретінде жақында ғана Жарасқан Әбдірашевтің құрастыруымен жарық көрген «Көктем тынысы» (1975 ж.) деп аталатын топтама жыр жинағын айтуға болады. Менің алғы сөзіммен жазылған бұл кітапқа 49 жастың өлеңдері енді. Бұлардың көбі – бұған дейін осындай алқалы жиындарға қатысқан, есімдері жырсыүйер қауымға жақсы таныс, келешегінен мол үміт күттіретін жастар.

Атап айтсам, олар Н.Оразалин, И.Сапарбаев, С.Аксұңқарұлы, Е.Зікібаев, Ж.Жақыпбаев, А.Шаяхметов, З.Елғондинова, Т.Рахимов, Т.Садуақасов, К.Әмірбеков, К.Сауғабаев, Ж.Боранбаев, А.Егеубаев, К.Әбілев...

Иә, осыдан 50 жыл бұрын Тұмағаның ақ батасын алған жастар, уақыт өте келе, әдебиет өлкесінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қарымды қаламгерге айналды.

*«Көктемде күркірейтін нар өзенім,
Еске алам сусағанда жан өзегім.
Сартерек – сағынышым солқылдаған,
Бал қызық, бал дәурен, таза кезім...»*

Осылай туған жердің тынысын төрт жол өлеңге арқау өткен Асқар Егеубаевтың ақындық иірімдеріне залда отырғандар ризалық танытты. Алғашқы шығармашылығын поэзиядан бастаған ол есейе келе сан қырлы талант иесі болды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін», Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігін» үш том етіп қазақ тіліне тәржімалады.

Жыр кешінде Темірхан Әліханов сияқты талантты ақындарға уақыт жетпей қалды... Ол шыдамастан сахнаға атып шығып, өлеңін оқуға оқтала бергенде төрде отырған Шерхан Мұртаза ағамыз:

– Сен кімсің? – деп онша ұната қоймады...
– *«Үлгермеген ел-жұрты әлі танып,
Жыр жазатын жүрекпен қаны тамып.*

*Танымасаң, танып қой, Шерхан аға,
Мен боламын Темірхан Әліханов!»* – деп аяқ астынан жауап берді ақын. Сөйтті де, жақында ғана қазақтың әйгіл әншісі Әміре Қашаубаевтың 50 жылдан кейін Франция елінен тұңғыш рет табылған үн таспадағы әні жайлы әсерін өлеңмен жеткізді.

*«Қаншама жылдар аңсаумен сені,
Қамғып келеді қазағым.
Сен жайлы енді селдетіп өлең жазамын.
Алыста қалған алтын ба ең?
Айналдым сенен, аруақты әуен,
әз әнім!»* –

деп, жыр пернесін ағытқан, түйдек-түйдек ой түйінін тарқата білген Темірхан Әліханов бұл күнде қазақтың мандайалды ақындарының қатарында. Қазір Түркістан өңірінде тұрады.

Иә, үш күнге созылған Алматыдағы Республикалық алқалы жиынның соңғы күнінде Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы (қазіргі тілмен айтқанда Басқарма төрағасы) белгілі жазушы Әнуар Әлімжанов жастарға шығармашылық табыс тіледі. Ертең-ақ олар әдебиетіміздің берік уығын қадайттынына үлкен сенім артты. Әлімжановтың айтқаны айдай келді. Сол жиынға қатысқан өрімдей жас ақын-жазушылардың алды қазір жетпістен асты. Олардың көбі қазақ әдебиетінен ойып тұрып өз орнын тапты...

Қымбатты оқырман! Міне, содан бері де 50 жыл зымырап өтіпті. Уақыт неткен жүйрік еді! Сол күндерден сыр шерткен, есте қалған естелігіміздің бірі үзігі осындай...

Әли ТОЙЖІПТОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері

Жалпы, мен ұзақ жылғы өмір тәжірибемді таразыға салып қарасам, ұлтқа қызмет ету, өз жұртыңды жаныңдай жақсы көру, оның дамуына аз да болса үлес қосуға ұмтылу адамның қай жерде туып, қай жерде өскеніне қатысты емес сияқты көрінеді. Ол жеке тұлғаның алған тәрбиесіне, біліміне, ішкі мәдениетіне және бала кезден қанына сіңген қасиетіне байланысты-ау деген ой келеді.



тануға жол ашты. Сонымен бірге «Омбы қазақтары» энциклопедиясын және «Атырау облысының тарихын» 3 том етіп шығарып, ол мындаған да-намен оқырмандарға таратылды. Ол 2004 – 2025 жылдар аралығында 50-ден астам халықаралық, оның ішінде еуропалық одақ жобаларына қатысып, мектеп оқулықтарын қайта жазуға араласты. Сондай-ақ «Ежелгі дәуірден бүгінгі Қазақстанға дейін» деген тақырыптағы академиялық 7 томдық тарихи іргелі еңбекке де Зиябек Ермұханұлы жетекшілік етіп отыр.

Ол 2021 жылдан бастап Саяси құрбандарды ақтау жөніндегі комиссияның жұмысына белсене араласып, тарихи әділеттіліктің орнауына өлшеусіз

ҰЛТТЫ СҮЮДІҢ ҮЛГІСІ

Әріптесіміз, академик Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов туралы

Сол айтқандай, бүгінде Қазақ елінің тарихына, оның кемелденуіне, тарихтың ұлтымыздың, шын мәніндегі, шынайы жылнамасына айналуына өлшеусіз үлес қосып жүрген ғалым, академиялық Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зиябек Ермұханұлы Қабылдиновты сондай жандардың бірі және бірегейі деуге әбден болады.

Зиябек Ермұханұлы 1965 жылы, 13 желтоқсанда Ресей Федерациясы, Омбы облысы, Таврия ауданы, Байдалы ауылында дүниеге келген. Ол басқа елде туып, басқа тілде білім алса да, оны қоршаған адамдардың көбі өз ұлтымыздың өкілдері болды. Олар бас қоса қалса, қазақ тілінде сөйлеп, қазақтың дәстүрлері барлық жерде салтанат құрып жататын. Бұл Зиябектің кішкентай күнінен санасына сіңіп, түбінде өз ұлтыма еңбек етсем деген үмітін үрлеп, арманына айналдырған сәттер еді.

Ол 1991 жылы Омбы мемлекеттік университетінің тарих факультетін, 2000 жылы Құқықтану және халықаралық қатынастар институтын құқықтану мамандығы бойынша бітіріп шықты. Университетте оқып жүргенде университеттің тарихи және этнология экспедициясына қатынасып, Батыс Қазақстандағы қазақтардың тарихы мен этнографиясы туралы көп материалдар жинақтады. Бұл жас ғалымға өзінің туған халқымыздың өткені мен бүгінгі әлі де болса тереңірек білсем деген ерекше ықыласын туғызды.

Ол сол жылдары Омбыдағы «Қайнар» қазақ қоғамының жұмысына белсене араласып, Омбы қазақтарының өз Отанымен байланысын нығайтуға, қазақ тілін үйренуге, мәдени-рухани байланыс орнатуға көп үлес қосты. Осы жерде мұғалім болып жұмыс істеп, оларды Қазақстанда болып жатқан барлық саяси, мәдени жаңалықтармен үнемі хабардар етіп отырды.

1996 жылдан бастап Зиябек Ермұханұлы қалай болғанда да Қазақстанға қоныс аударуға ден қойып, ол жақтағы

жұмысын да, жайлы тұрмысын да өз еліне деген перзенттік парыза айырбастап, бір күнде көшіп кетті. Алғашқы кезде Павлодардағы С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетте жұмыс істеп, өзінің іскерлігімен, білімдарлығымен, ізденгіштігімен көзге түсті. Көп кешікпей осы университеттің Қазақстанның және дүниежүзінің ортағасырлық тарихы кафедрасының меңгерушісі дәрежесіне көтерілді. Бұл қазақ тарихына деген ерекше ықыласы ауған жас ғалымға даңғыл жол ашты, ол ғалымдар қауымына танымал бола бастады, өз жұртының керемет қолдауына ие болды.

Сондықтан да болар, Зиябек Ермұханұлы 2004 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университетке жұмысқа шақырады. Алғашқы әзірде қызметін жай оқытушы болып бастаған ол, арада бір жыл өткенде осы университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі проректор дәрежесіне көтерілді. Бұл жас ғалымға көрсетілген үлкен сенім еді.

Осы жылдың соңында университеттің «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметіне тағайындалды. Жұмыстан қол үзбей жүріп, 1997 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаса, бұдан кейін «Ресей аумағындағы Батыс Сібір қазақтары диаспорасының қалыптасуы» тақырыбында докторлық диссертациясын абыройлы қорғап шықты. Мұның өзі қазақ ғалымдарының ерекше қызығушылығын туғызды, себебі өзінің байырғы мекенінде тұрып жатқан қазақтардың тәуелсіз Қазақ елімен байланысы, болашақтағы даму тенденциясы бұрын көп жазыла да, айтыла да бермейтін тақырып болатын.

Зиябек Ермұханұлы жоғары оқу орындарында тек қана дәріс берумен шектелмеді, ол сабақ бере жүріп, 500-ден астам ғылыми мақалалар мен зерттеулерін жарыққа шығарды. Мысалы, XVIII–XX ғасырлардағы Батыс-Сібір қазақтары, Абылай хан және Ресей, Қазақстан тарихы мен Астана тарихы, танымал тұлғалардың өмір тарихы жайлы монографияларды жазып шықты. Бұл қазақ тарихын әлдеқайда тереңірек

үлес қосты. Сонымен бірге ол өз тілін жетік меңгерумен қатар, ағылшын тілін де жақсы үйреніп, шетелдік ғалымдардың тарихи еңбектеріндегі жаңалықтарын аударып отырумен де айналысады. Мысалы, көптеген шетел жоғары оқу орындарында өткен ғылыми басқосуларға қатынасып, олардың озық үлгілерін отандық оқу орындарына енгізуге үнемі күш салып келеді. Ол жергілікті, республикалық, шетелдік баспасөзбен де тығыз байланыс орнатып, 400-ден астам мақалалар мен аудармалар, түрлі ғылыми пікірлер жариялаған. Телеарналармен де тұрақты байланыс орнатып, ғылымдағы, оның ішінде тарихтағы жаңалықтарды көзі қырағы көпшілікпен бөлісіп отырады. Мысалы, 2017–2025 жылдар аралығында 250-ге жуық архив, университеттер, ғылыми-зерттеу институттары мен шетелдік музейлермен ғылыми ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылған.

Зиябек Ермұханұлының осындай ұзақ жылғы ғылыми қызметі елеусіз де қалып жатқан жоқ. Ол талай рет өзі жұмыс істеген ортада үздік ғылыми қызметкер аталып, талай рет жоғары атақтарға, бағалы сыйлықтарға ие болды. Бірақ ол Қазақстан тарихының жоғын түгендеп, барын халықтың игілігіне айналдыру басты мақсатым деп біледі. Сол мақсат жолында ғылыми жұмыстармен айналысумен бірге, университеттерде дәріс береді, кездесулерге қатысады, басқосуларда баяндама жасайды, шетелдерге шығып, қазақ тарихына қатысты барлық мәліметтерді жинап, әріптестерімен бөліседі, әйтеуір қарап отыратын бір күні жоқ. Бұл – ғылымға берілген, соны өз ұлтын сүюдің өмірлік ұстанымына, азаматтық парызына айналдырған парасатты адамның ісі. Бүгінде 60 деген асқаралы жасқа енді толып жатқан әріптесіміздің алдағы қызметіне сәттілік, алға қойған мақсаттарының орындалуына шын жүректен тілекшіміз.

Ғабит КЕНЖЕБАЕВ,
академик,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих және құқық факультетінің деканы

Қытайда қазақ жазба әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан, алты томдық әйгілі «Қылмыс» романының авторы, 40 жылға таяу ғұмырын Қытай түрмесінде өткізген Қажығұмар Шабданұлының туылғанына биыл 100 жыл. Ол 1925 жылы Шығыс Қазақстан облысының (қазіргі Абай облысы) Таңсық елді мекенінде дүниеге келген.

Жуырда редакциямызға орта бойлы, ашаң жүзді, шашын ақ қырау шалған, өзі де сөзі де салмақты Талғат деген азамат келіп, «Мен – Қажығұмар Шабданұлының баласымын әрі іздеушісімін» деп таныстырды. Біз «Қылмыс» роман-эпопеясының авторының өзі келгендей аңтарыла, танырқап қолын алып төрге оздырдық. Соны сезгендей Талғат сөзін бастап кетті.

– Уақыт ұзаған сайын, соңында іздеушісі жоқ талай жақсының есімі жадымыздан өшіп, көңілімізден көшіп барады. «Көзден кетсе де көңілден кетпес» жанның бірі әрі бірегейі әкеміз Қажығұмар Шабданұлының дүниеге келгеніне биыл 100 жыл, өткеніне де 14 жыл өте шығыпты. Бүкіл ғұмырын туған елім, жерім, қазағым деп армандап өткен әкеміздің есімі жылдан жылға көмескіленіп, ұмыт болып бара жатқандай. Осыдан бірнеше жыл бұрын бұқаралық ақпарат құралдары жерден жеті қоян тапқандай Қажығұмар туралы жапа-тармағай туыстарынан, таныстарынан сұхбат алып, халыққа ақпарат беріп жатты. Қазір ол үрдіс бәсеңсіп, атақты «Қылмыс» роман-эпопеясының авторы өмірде болмағандай. Осыны көріп, сезіп отырған туған-туыстарымен жанашыр жақын біздердің де қабырғамыз қайысады, – деп Талғат өзімен бірге әкелген сарғайған құжаттар мен өңі кете бастаған суреттерді үстел үстіне шығара бастады.

– **«Жалғыз жүрсен, жолмен жүр, жолдан жолдас қосылар. Жолдан жолдас қосылса, жолың болмас несі бар» демекші Талғат бауырымыздың берер келмегенін сезіп, қуана қарсы алдық. Біздің сұрайын деп отырғанымызды іші сезгендей өзі туралы әңгімесін жалғады.**

– Мен – Талғат Қажиақбарұлы Шабдан 1956 жылы Қытай Халық Республикасы Дүрбілжін қаласында дүниеге келдім. 1965 жылы Семей облысы (қазіргі Абай облысы) Аягөз ауданы «Овцевод» совхозының сегіз жылдық мектебіне I класқа барып, интернатта оқыдым. Әке-шешем өмір бойы мал бағып, көшіп қонып жүрді. Біз Кеңестер одағына 1962 жылы оралғанбыз. 1975 жылы Семей облысы, Үржар ауданында он жылдық мектепті бітірдім. 1975–1977 жылдары азаматтық борышымды Монғолияда өтеп қайттым. 1979 жылы Алматы технология техникумына түсіп, 1982 жылы тамамдадым. Қазір Алматы қаласында тұрамын.

Қажиақбар әкемізден он бір ағайындымыз. Әскерге барып ант қабылдаған соң полк командирі үш айлық Азбука Морзе (радио операторы) оқуына жіберді. Аталған мамандықты тәп-тәуір меңгеріп шықтым. Оқуымды тамамдап өз әскери бөліміме қайтар кезде Мәскеуден арнайы бөлімнен бір капитан келді. Алаңда (плацта) қару қолдану жаттығуларымен машықтанып жатқан едік. Штабтағы тәртіпті бақылаушы кезекші сарбаз мені штабқа шақырып жатқанын жеткізді.

Штабта жоғары шенді бірнеше офицерлер отыр екен. Әскери тәртіп бойынша қолымды шекеме таяп өз командиріме келгенімді баяндадым. Осы кезде командирімнің қасындағы капитан: «Ей баран, ты должн с перва мне доложить», – деді. Мұндай сөзден кейін қаным басыма шапшып кеткенін өзім де байқамай қалдым. Арқама асқан алпыс оғы бар автоматты жұлып алып, окшантайын іске қосып әлгі неменің қолына ұстата салдым да: «На! Расстреляй мне как 37 году, одного барана меньше станет!» – дедім. Полк командирінің саяси қызмет жөніндегі

орынбасары мені құшақтап алып далаға шығарып жіберді. Содан өз бөлімімде бір айға дейін қолыма қару бермеді. Кейін Алматыда техникум бітіргеннен кейін зауыттар мен фабрикаларға, құрылыс кәсіпорындары мен мекемелерге жұмысқа алмаған кездер де болды.

– **Әскери қаруыңды ұсынған капитанның кесірінен емес пе?**

– Сол қылығым үшін сазайымды тартқан болатынымын. Әйтпесе олар менің басымнан сипады дейсіз бе? Тіптен

ашаршылықтан бас сауғалап, ата-анасымен Шығыс Түркістанның Дөрбілжін ауданына ауып барған.

1940 жылы Дөрбілжін қаласындағы орталау мектепті бітірген. 1941–1945 жылдары Үрімжі қаласындағы (Шығыс Түркістан) педагогтік мектепте оқыған. 1944 жылы Үрімжіде оқып жүрген кезінде «ұлттық азшылықтар көтерілісіне байланысы бар» деген айыптаумен Қытай билік орындары тарапынан қудаланып, абақтыға түскен.

себепті екеумізді айырбастап әкемді босатуын сұрадым. Басқа амалым болмады.

Дәл осы тұста Қытай үкіметі тарапынан саяси себептерге байланысты заңсыз қудаланғаны үшін Қажығұмар Шабданұлы қамауда отырған кезде Лондон қаласында штаб-пәтері орналасқан адам құқығын қорғау «Халықаралық рақымшылық» («Amnesty International») ұйымы оны «ар тұтқыны» деп танып, Қытайдың құзыретті ресми орындарынан ол кісіге байланысты әділ тергеу мен ашық сот

ҚАЗАҚТА ҚАҒЫП КЕТКЕН

оған байланысты емес. Сол заманның хикметінің бірі ғой. Үйдегі байланыс құралының өзі тындалатын. Оның сырын кейін білдім. Арнайы бақылайтын орындар мені Қажығұмардың ағасына берген Маздап деген баласымен шатастырған болуы керек. Екеуміздің жас арамыз да бір-ақ жас. Әкеміз қытайдан келгеннен бері малда болды. «Овцевод» совхозында жүргенде шөп жиналған маяларға жасырын түрде тындайтын қондырғылар іліп кетеді екен. Әкеміз бізге мая жаққа бармауымызды жиі қайталайтын. Ол құрылғыны әскерде өз көзіммен көріп, қолыммен ұстаған адамдардың бірімін. Ешбір жанға зиянымыз жоқ болса да Кеңес үкіметі бізге сенбеді ғой. Себебін ішіңіз сезіп отырған шығар.

– **Туыстық қарым-қатынасты халқымыз қашан да жоғары қойған. «Ағайынның қадірін ағалы болсаң білерсің, ата-ананың қадірін балалы болсаң білерсің» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой.**


– Бұл дүниеде адам баласына берілген сыйдың есебі сансыз. Соның бірі – ағайын-туыстарымыз. Жанымызға ауырлық түссе жұбататын, киналғанда арқа сүйерін, қуанғанда қуанышыңды бөлісіп, өкпелесек назыңды көтеріп қателігімізді



Қажығұмар мен ағасы Қажиақбар

кешіре білетін тек ағайын-туыстарымыз ғана. Туыстық жағына келетін болсақ, Құрманұлы Шабданның төрт ұлы Қажыкелді, Қажиақбар, Қажығұмар, Ажығұмар. Осы аттары аталған ағайынды төрт адам жақсы болсын, жаман болсын қазақтың салт-дәстүрі бойынша маған әке болып келеді. Ол жағынан ешкімнің күмәні болмауы керек. Қазақ деген халық жер шарындағы ең берекесі мықты, табиғатты қорғай білген, сол табиғат аясында төрт мезгілге сай өмір сүріп, ұрпағын өрбітіп осыншама ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ұрпағына қалдырған.

«Малымды алсаң ал, жанымды да ал, бірақ пейілімді алма» деп бір Аллаға жалбарынған халықпыз. Қажығұмар менің әкем Қажиақбардың бір анадан туған інісі. Туған жері қазіргі Жетісу облысы, Бөрлітөбе ауданы, Тауқұм деген жердің алтыншы ауылында дүниеге келген. Кеңес одағының жүргізген солақай саясатының арқасында 1930 жылдардың басында Қазақстанды жайлаған



Қажығұмар Шабданұлы жолдасы Мәруэн Қасымқызымен

1946–1951 жылдар аралығында Дөрбілжін орта мектебінде мұғалім болып ұстаздық еткен. Жергілікті халықтардың мәдени-ағарту көтерілісі кезеңінде Дөрбілжіндегі «Қазақ-қырғыз ұйымын» басқарған.

1952 жылы қызмет бабымен Үрімжі қаласына шақырылып әуелі «Одақ» журналының, кейін «Шұғыла» журналының бас редакторы болды.

Қажығұмар әкеміз: «Қазақ елі өзінің көк байрағын желбіретіп, дербес тәуелсіз мемлекет болса екен» деп армандап өтті. Адам өлтірген жоқ, мемлекеттің ақшасын ұрлаған жоқ. Ол өз өмірінде өлең, жыр, әңгіме, повест, романдар жазды. Қалай жазғанын, қалай жарыққа шығарғанын екі елдің де көзі ашық, көкірегі ояу жандары жақсы біледі. Қазақ болып туылғаны үшін студент кезінде үш жыл Үрімші қаласында, онжылдай Мырза түрмесінде, «социализмге, марксизм-ленинизм-маоизмге қарсы адам» деп Такламакан шөліндегі Тарым лагерінде 22 жылдай мерзімді өткерді. Оны толық еңбекпен өтеп шыққан соң, араға он жыл салмай 1986 жылдың желтоқсанында «ұлттық дербестікті көздейтін «Үміт» атты партия құрды және Қазақстанның астыртын ұйымдарымен байланыс жасады» деген айыптаулармен, «шетел жансызы» деген желеумен 15 жылға бас бостандығынан айырылып жазаланады. Жаза мерзімін Үрімжі қаласының №1 түрмесінде өткізді.

– **Осы жағымсыз хабар етек алғанда еліміз Кеңес өкіметінің әлі ашса алақанында, жұмса жұдырығында еді ғой. Бұл ақпаратты сіздер қалай қабылдадыңыздар, қандай әрекетке бардыңыздар?**

– Қажығұмар әкемізді ақырғы рет 1986 жылы «Кеңес одағының шпионы» деп қамағанда төбемізге жай түскендей абдырап қалдық. Соған қарамастан, «Қамшы.kz» деген порталға барып сұхбат бердім. Ол кезде Қажығұмар әкеміз өмірде бар болатын. Сұхбат барысында мен Қажығұмар Кеңес Одағында, Қазақстан жерінде туған, ал мен Қытай Халық Республикасында туылғанын айттым. Сол

жүргізуін жүйелі түрде талап еткен екен.

Тағы бір айта кетер нәрсе 1967 жылы Қажығұмар әкеміздің қайтыс болғанын естіп, есіміздің шыққан кезі бала болсам да есімде. Ата-аналарымыз ешкімге сыр білдірмей Құран бағыштап жетісін, қыркын берді. Ал 1984 жылы тірі екенін естіп, елдегі бүкіл туыстары жиналып қуанып, Ақсарбас шалдық.

– **Қажекеннің тірі екенін естіген соң хат жазысу, хабарласуға мүмкіндік болған шығар?**

– Бұл кезде Қажығұмардың қызмет орны Үрімжіде болғанымен, кеңсесі Шәуешектегі өз үйінде еді. Сол себепті Шәуешек қаласы «Тарбағатай» газетінің редакциясына (Қажығұмарға) деп мекен жайын көрсетіп, хат алмасып тұрдық. Әкеміздің жазуы маржандай болатын. Кирилицемен төгілдіріп жазатын. Бізді, басқа да туған туыстарды сағынып жазған хаттарын оқып отырғанда көзден маржан жастың қалай тамып кеткенін байқамай қалатынбыз. Әсіресе 1985 жылы желтоқсан айында Қажығұмардың ағасы Қажиақбарға жазған хатында: «Қазіргі күй-жайымыз өте жақсы, ешқандай қиыншылық жоқ. Тірі шағымызда, денсаулығымыздың бар кезінде бет көрісіп алуға асығуымыз қажет. Биыл мен 60 жастамын, сен 64-тесің ғой ағатай, соны ескер» депті. Бұл әкемнің бізге жазған хаттарының бірі ғана.

– **Жоғары жақтағы билік өкілдеріне Қажығұмар Шабданұлын елімізге оралуына жәрдем беруді өтінген хаттарыңыз нәтиже берді ме?**

– Қағазға да, қаламға да тыным болмады. Жоғары жаққа әкеміздің елімізге оралуын сұрап, өтініш түсіре бастадық. Қажығұмар әкеміздің туған ағасы Қажиақбардың атынан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа (24.07.07); Сол кездегі ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаевқа; Алматы қаласы ІБ көшік-қон полициясы басқармасының бастығы Т.А.Қаттабаевқа; Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пьерес де Кул-

лерге, СОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачевқа, Сыртқы істер министрі Шеварднадзеге, КСРО Жазушылар одағының хатшысы Смирновқа, сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағын басқарған Олжас Сүлейменұлына, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы басшысына хат жазды. Бірақ бұл хаттарға жауап келмеді, хабарсыз кетті. Барлық хаттардың түпнұсқасы мен көшірмелері әлі күнге менде сақтаулы.

– Әкеңіздің өлеңдері мен қанатты сөздерін есіңізге түсіріп көріңізші?

– Әкемнің жазған өлеңдері аз емес. Солардың бірі 1947 жылы жазған «Жаз қалам» атты өлеңі:

*Жарағың көп, жағдай деп,
Жарқын үміт күнің бар.
Жау жалаңдап, жалмап жеп,
Жылап өткен түнің бар.
Жау жайлаған түнекте,
Жан қиналған үнің бар.
Жауыз қара жүрекке,*

ҚАЗЫҒЫ БАР...



Маздап Қажығұмарұлы мен Талғат Қажығұмарұлы

– Талғат аға Қажығұмар Шабданұлына бостандық сұрап, елге оралуы үшін орасан зор жұмыстар атқарып, қол қусырып отырмағандарыңыз көрініп тұр. Сонда да бір өкінішіңіз бен өтінішіңіз бар сияқты ма қалай?

– Иә, оның рас. Шындық іздеп шырылдап, әділдікті қуып аласұрған қуанған да, қайғырған да сәттеріміз аз болған жоқ. Қазақтың ең орныққан, маңызды қағидасының бірі – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету. Ұрпаққа ең үлкен тәрбиені де осы бір ауыз сөзбен бойына сіңірген ғой. Өзімізден үлкенді құрметтеп, өзімізден кішіге иіліп ізет көрсетудің арқасында ағайын арасындағы қарым қатынасты сақтай алдық. Бұл да – үлкен жеңісіміздің бірі. Үлкендеріміздің көзі тірісінде алдынан кесіп өтпедік. «Қылмыс» романындағы Бигелді – Қажыгелді, Биғажа – Қажыакбар, Биғабыл – Қажығұмар, Биғаділ – Ажығұмар аталарымыздың тағдыры осы сөзіміз тектен-текке айтылмағанын растайды. Жанымызға аяздай бататыны осы төрт ағайынды әкелеріміздің бір-біріне топырақ сала алмай арманда кеткені. Мұндай ауыр жағдайды адам баласының басына бермесін деп тілеймін.

– Енді Қажығұмар Шабданұлының отбасы, ошақ қасына да шолу жасап, оқырманға таныстырсаңыз?

– Қажығұмар әкешім үш рет отау құрған. Біріншісі – Мәруан Қасымқызы. Ол кісіден туған ұл менен тура бір жас үлкен. Бажасына аманатқа берген. Қазір Астана қаласында тұрады. Есімі – Маздап. Екінші әйелінің есімі – Мәнігүл. Одан Тайман атты ұл туып, 1998 жылы дүниеден өтті. Өмірде бір-бірімізді бір-ақ рет және соңғы рет көрдік. Үшінші әйелі – әменгерлік жолмен алған Бақыш апамыз. Ортақ қыздары Жайнар Алматы қаласында. Араласып тұрамыз.

*Жара салған күнің бар.
Жалпыға тең жарығы,
Жанға жайлы сенім бар.
Жай атқан кек пен арыны,
Жалынды күш шебің бар.
Жазығы – ырыс тауы – құт,
Жайсаң байтақ жерің бар.
Жауына қарсы жауығып,
Жасаған батыр елің бар.
Құралған жерім, елім деп,
Жауынгер құрыш ерің бар.
Жырла, толқы, ой тербет,
Жаз қаламым, еркің бар.*

Қанатты сөздері:

«Шынға – өтірік, бөлінгенге – бөрі, саяққа – таяқ, жалаңашқа – жел кашан да, қай дәуірде де өш болып жаралыпты».

«Дүниеде өз Отанынан айырылудан зор қылмыс жоқ екен!»

– Қажығұмар Шабданұлының 100 жылдық мерейтойында естір құлаққа айтар өтінішіңіз бен өкінішіңіз, тілегіңіз бен қалауыңыз.

– Әлемдегі барлық халықтар тарихи тұлғаларымен мақтанатыны шындық. Әкеміз қайтыс болғалы баспасөз беттерінен, телеарналардан көз көрген замандастарының, кезінде қолына су құйып батасын алған інілерінің еске алған ләбиздері естілмей, тасқа да басылмай қалды. Үкімет бас болып, Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Жазушылар одағы қоштап, тума талант иесінің есімін ұлықтап, ел есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында толық шығармалар жинағын жарыққа шығарса, мектептер мен көшелерге есімін берсе, басқа да игілікті шараларды қолға алса деген ағайын туыстардың арманы бар. Бүкіл саналы ғұмырын елім, жерім, Отаным деп өткізген әкеміздің танымал тұлғалардың тізіміне еңбеуі – біз үшін де, қазақ елі үшін де үлкен өкініш. 87 жасқа келгенде дүниеден озды. Қажекеннің ақырғы аманаты «Туған жерім Тау-Құм Балқаштың қойнауына жерленсем» деген арманы орындалмады. Қазақ болып туылғаны үшін өмірінің 80 жылын адам төзгісіз қорлық, зомбылықпен өткізді.

Талғат ағамен болған сұқбатымды Серік Ақсұңқарұлының «Боздағым» атты өлеңімен аяқтауды жөн көрдім:

*Қазақта қағып кеткен қазығы бар,
Қытайда шәйт болды*

*Қажығұмар.
Құл болып жүре алмады демесеңіз,*

Құдайға оның қандай жазығы бар.

*Қазақта он миллион аз ұлы бар,
Қайтейін бір боздағым*

*Қажығұмар.
Сол аз жұрт бірін-бірі іздемесе,*

Аз ұлдың қандай халық назын ұғар.

Сұхбаттасқан Жүніс ОМАР

Мұхамеджан ҚАРАТАЕВ – ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ПАРАСАТ БИГІ

Қазақ әдебиетінің кең даласында өз үнімен, өз ойымен ерекшеленіп, бүтін бір сыншылық мектеп қалыптастырған тұлғалардың ішінде Мұхамеджан Қаратаевтың орны айрықша. Ол – тек әдебиет сыншысы емес, қазақ руханиятының қалыптасуына жан-тәнімен еңбек сіңірген үлкен жүректі қаламгер, ой ұстазы, эстетикалық талаптың биік үлгісін көрсеткен тұлға. Қаратаевтың әдебиетке келген жолы да, оның сол жолдағы ізденістері де, шығармашылыққа деген жауапкершілігі де – барлығы қазақ сөз өнеріне деген шынайы сүйіспеншіліктен туған. Ол сөз өнерінің табиғатын ғылыми тереңдікпен түсініп, оны көркемдік талғам арқылы бағалап, әр шығарманың ішкі әлеміне ерекше дәлдікпен үніле білді.

Қаратаев өзінің сыншылық пікірінде ешқашан жеңіл жол іздемеді. Әдебиетке қатысты ойы да, үкімі де, тұжырымы да әрдайым тереннен қозғалатын. Сол үшін де оның сындары уақыт сынынан сүрінбей өтті, жаңа буынға бағдар берді, әдеби көзқарас мәдениетін қалыптастыра алды. Оның еңбектерін парактаған сайын қазақ әдебиетінің өткені ғана емес, сол кезеңнің рухани тынысы, әлеуметтік ойы, уақытпен бірге өзгеріп отыратын әдеби процестің күрделі заңдылықтары ашылады.

4 желтоқсан күні Қазақстан Жазушылар кітапханасында Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Әдебиет сыншысы – Мұхамеджан Қаратаев» атты ғұмырнамалық кеш ұйымдастырылды. Шара басында Қазақстан Жазушылар кітапханасының қызметкері «Академик Мұхамеджан Қаратаев және XX ғасыр әдебиеттану ғылымы» атты презентация көрсетіп, Мұхамеджан Қаратаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат берді. Кешке арнайы шақырылған зиялы қауым өкілдері Мұхамеджан Қаратаевтың шығармашылық әлемін түрлі қырынан ашып көрсетті. Әдебиеттанушы-ғалым, профессор, халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының сарапшысы Серікқазы Қорабай мен филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы, ҚР гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Дандай Ысқақұлы М.Қаратаевтың қазақ әдебиет сынын жүйелеудегі рөлін, оның ғылыми көзқарасының қалыптасуын, әдебиеттанудағы орны мен ықпалын кенінен талдап берді. Сонымен қатар жазушы, публицист, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мағира Қожахметова кеш барысында М.Қаратаевтың қаламгерлік мұрасын шығармашылық тұрғыдан талдап, оның әдеби-көркем ойлау жүйесін ашып көрсетті.

Кеш аясында кітапханада «Мұхамеджан Қаратаев және қазақ әдебиеті» атты арнайы кітап көрмесі қойылып, кітапхана қызметкері



Жанәл Аликова библиографиялық шолу жасады. Көрмеде М.Қаратаевтың ғылыми еңбектері, сын жинақтары, ол туралы зерттеулер, естеліктер топтастырылған кітаптар қойылды. Бұл көрме кештің мазмұнын толықтырып қана қоймай, М.Қаратаев мұрасын көзбен көруге, жаңа деректермен танысып, оның қазақ әдебиеті дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік берді.

Кешке Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжінің студенттері қатысты. Жас буынның осындай ауқымды рухани шараға қатысып, пікір білдіруі рухани сабақтастықтың үзілмегенін, М.Қаратаев мұрасының бүгінгі күнге де әсер ете алатынын дәлелдейді. Олар әдеби сынның не екенін, М.Қаратаевтың оны қалай қалыптастырғанын тыңдай отырып, әдебиетке басқа қырынан қарауға мүмкіндік алды.

Мұхамеджан Қаратаевтың өмірі – әдебиетке адал қызметтің үлгісі. Оның әрбір ойы – терен, әрбір сыны – әділ, әрбір ғылыми түйіні – дәлелді. Кітапханада өткен кештің мәні де осы биік мұраттарды жастарға жеткізу, әдебиетке деген шынайы құрметті қалыптастыру еді. Кеш соңында жиналған қауым М.Қаратаевтың еңбегіне деген ықыластарын білдіріп, оның шығармашылығын ары қарай зерттеп-зерделеу қажеттігін атап өтті. Осылайша, 115 жылдық мерейтой аясындағы бұл рухани кеш Мұхамеджан Қаратаев мұрасының уақытпен бірге жаңғырып, жаңа мағына алып, ұрпақтан-ұрпаққа жететініне тағы бір дәлел болды. Бұл күн қазақ әдебиетінің тарихында ізі қалатын ерекше сәттердің бірі десек, қателеспейміз.

Құндыз НАБИДОЛЛА,

Қазақстан Жазушылар

кітапханасының қызметкері,

педагогика ғылымдарының магистранты

ПАРИЖДЕ ТАНЫСТЫРЫЛҒАН ТРИЛОГИЯ

Жақында Қазақстанның Франциядағы елшілігі жанындағы Абай атындағы мәдениет және әдебиет орталығында француз тілінде басылып шыққан «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» трилогиясының түсау-кесері өтті.

Шараға арнайы келген Қазақстанның Франциядағы елшілігінің екінші хатшысы Болат Өтеген, Қазақстанның Франциядағы елшілігінің Париждегі консулы Марат Бақтияров Франция еліндегі Қазақ қауымдастығының төрағасы Реджеп Қанай, Абай атындағы мәдениет және әдебиет орталығының төрайымы Баян Жанбауова, Парижде тұратын ақын Төлеген Айбергеновтің қызы Айнар Айбергенова, тәрбие және білім саласының ардагері Надин Пейрба, Париждегі «ALEM» ассоциациясының вице-президенті Майра Ысқақова, Сорбонна университетінің студенті Тома Кетарлар туындының құндылығына тоқталып, ойларын ортаға салды. Сонымен қатар жергілікті зиялы қауым өкілдері, студенттер, Париждегі қазақ қауымдастығының өкілдері қатысты.

Туынды авторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның Құрметті жазушысы Жалғасқали Дүтмағанбетов: «Біз Наполеонның әскерін өкшелеп қуып, Парижде



дейін барған орыс әскерінің құрамында шайқасқан қазақтар ерекше ерлік жасағанын француз тарихшыларының айтуы бойынша білдік. Кітаптарда екі жүз жылдық тағдырымыз нақты дерек көздеріне сүйене отырып баяндалды. Архивтік материалдар пайдаланылды», — деп «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» трилогиясының жазылу барысы турасында айтып берді.

Аударма сапасына ерекше мән берген автор Абылай хан атындағы Әлем тілдері университетінің ұстаздар ұжымымен берік байланыста болып, аудармашылармен де шығармашылық тұрғыда жұмыс істеген. Соның нәтижесінде кітаптың Франция еліндегі француз тіліндегі нұсқасының таныстырылымы Париж жұртшылығының қызығушылығын тудырды.

Салтанат ӘБДІАЛИ

Қазіргі қазақ әдебиеті кеңістігінде жан дүниені тербейтін мөддір прозаның сиреп бара жатқаны жасырын емес. Табиғатпен тілдескен суретті баяндаулар, адам жүрегінің нәзік иірімдерін дәл ұстайтын психологиялық прозаның көрінісі бұрынғыдай көп кездесе бермейді. Дегенмен осындай рухани жұтаңдықтың арасында адамды бірден жетелеп әкететін, ішкі әлемді жаңғыртып, тазартып жіберетін шығармалар да бар. Белгілі жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының «Сакура гүлдегенде» атты повесі – қазақ прозасындағы осындай сирек туындылардың бірі. Жазушы бұл шығармасында қазақ жігіті мен жапон қызының арасындағы лирикалық әрі трагедиялық махаббат тарихын көркемдікпен қиоластыра отырып, оқырманға тек сезім емес, бүкіл адамдық болмыстың терең қатпарларын ұсынады.

Повестің сюжеттік желісі жас жігіт Бектас бейнесі арқылы басталады. Университеттің екінші курсына өз армандарын енді ғана қалыптастырып, үлкен өмірге қадам басып келе жатқан шағында оның қолына әскерге шақыру қағазы тиеді. Студенттік өмірдің еркін де сергек күндерінен бір-ақ сәтте әскери бөлімнің қатаң қағидасы мен темірдей тәртіп үстемдік еткен жаңа әлемге түсуі шығарманың алғашқы беттерінен-ақ оқырманды сюжет иіріміне тез тартып әкetedі. Автор алғашқы сөйлемдерден-ақ оқырманды Бектаспен бірге жолға шығарып, оның жан дүниесіндегі толқуды, белгісіздік сезімін, жаңа ортаға бейімделу қиындықтарын табиғи әрі нанымды береді.

Әскер өмірінің сұрқай да бірсарынды күндері, уақыттың баяу жылжуы, сарбаздық тәртіптің жанды шаршататын күйі шығарманың реалистік сарының күшейтеді. Жазушы бұл тұстарды артық бояусыз, әсірелеусіз бейнелейді. Әскердегі өмірдің ауырлығы адам рухын толық тұмшалап тастайтын түнек емес, керісінше, адамның ішкі әлемін тыннан танытатын, оның жанын шыңдайтын сынақ ретінде көрінеді. Осындай біркелкі күндердің арасында да адам жүрегінде нәзік сезімге, жылылыққа, мейірімге деген шөл ешқашан өшпейтінін автор ерекше байқатады.

Бектасқа сол нәзік сезімнің сәулесі оның сирек берілетін демалыстарының бірінде жарқ етіп жолығады. Вера есімді жапон қызы көптің арасынан бірден көзге түсетін, Бектас өміріне күтпеген реңк сыйлаған ерекше жан. Оның пайда болуы – оқырман үшін де, кейіпкер үшін де түн ортасындағы айдай тылсым, тосын құбылыс. Вераның бойындағы табиғилық, мейірім, сыпайылық, жұмсақ мінез жапон мәдениетіне тән үйлесім мен ішкі тәртіпті еске түсіреді. Автор оның бейнесін сомдағанда жапон табиғатының нәзік эстетикасы, сакура гүлінің қысқа ғұмырлы көркемдігі, шығыс мәдениетіне тән ұстамдылық қатар сезіледі. Қазіргі прозада сирек кездесетін пәк тазалық пен шынайы нәзіктік Вераның болмысында айқын ашылады.

Бектас үшін Вера алыстан жарқ етіп көрінген жарық сәуле секілді. Ол қыздың қарапайым күлкісінде, жұмсақ үнінде, ұяң қимылында жүрекке жылу сыйлайтын тылсым тазалық бар. Кейіпкерлер арасындағы сезімнің тууы жазушы тарапынан әсірелеуге, жасанды романтикалауға құрылған емес. Керісінше, бәрі табиғи, өмірдің өз ырағымен баяу өрбиді. Жылы әңгімеден басталған жақындық бірте-бірте терең сезімге ұласып, олардың тағдырын көзге көрінбес жіптей жалғай түскендей болады.

Шығармадағы ең көркем эпизодтардың бірі – Вераның Бектаспен бірге өзінің атасы мен әжесіне баруы. Бұл көрініс – екі әлемнің, екі мәдениеттің, екі ұрпақтың тоғысқан тұсы. Жапон қариясының өмір тарихында туған жерге деген сағыныш, алыста қалған өткенге деген ішкі өкініш пен арман аралас сынған тағдырдың үзіктері жатыр. Мандайы күнге күйген, бірақ жүрегі мейірімге толы қарияның туған жерін аңсауы, мұхиттың желіне туған даласының иісін телуі – автордың лирикалық-психологиялық шеберлігін жарқырата көрсететін көріністер.

Қарияның тегі – зиялы, тағдыры – күрделі, мінезі – байыпты. Ол өз болмысымен Бектасқа жақындық тудырып, оның жүрегіне терең әсер етеді. Бұл жерде жазушы кездейсоқ таныстықтың арғы жағында екі

елдің тұрмысына бейімделу, бөтен жұртқа сіну, ата-анасының үмітін ақтай алмай қалу деген қорқыныш оның жанын жегідей жейді. «Ана сөзінен аспау», «елдің аманатына қиянат жасамау» секілді түпкілікті түсініктер – Бектас үшін сезімнен де жоғары, оны тұлға ретінде қалыптастырған рухани ұстындар. Осы екі әлем – махаббат пен борыш, сезім мен тәрбие, жүрек пен ақыл бір-бірімен қалыптасқанда Бектас жанын қинаған күйді бастан кешеді.

оқырман да, кейіпкер Бектас та бойын белгісіз бір мұң, орындалмаған арманның салмағы басқан қимастық билейді. Автордың бұл шешімі кездейсоқ емес, ол махаббаттың табиғатын, оның мәңгілікке ұласатын, бірақ кейде өмірмен табыспай қалатын парадоксын терең ашу үшін керек.

Махаббат кейде екі адамды табыстырып, тағдырды бір арнаға тоғыстырса, кейде керісінше, оларды алшақтатып, әрқайсын өз жолымен алып кетеді. Бірақ қандай жағ-

САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН махаббат



халықтың рухани жақындығы, адамзаттық ортақ құндылықтар жатқанын нәзік штрихтармен жеткізеді. Автордың басты идеясы – адам жүрегіндегі мейірім мен жан тазалығы ұлттық шекараға бағынбайтын, бір халықты екіншісінен бөліп-жармайтын әмбебап рухани құндылықтар екені.

Екі мәдениет өкілдерінің бір-бірімен түсінісуі, жақындасуы, ортақ сезім арқылы байланысты табуы – шығарманың негізгі көркемдік өзегі. Осы бір эпизодтар арқылы жазушы махаббаттың шынайы табиғатын, оның сыртқы жағдайлардан биік тұратынын, адам жанын тазартып, байытып, жұмсартып жіберетін қүдіретін әсерлі бейнелейді.

Сакура гүлі повестің негізгі эстетикалық өзегіне айналып, бүкіл шығарманың поэтикалық тынысын анықтайтын символдық күшке ие болады. Вера өз жүрегіндегі нәзік әрі қорғансыз сезімді дәл осы сакурамен салыстырады. Шығыс поэзиясында ғасырлар бойы махаббаттың, өтпелі сұлулықтың, өмірдің қысқа ғұмырының нышанына айналған сакура көркем әрі көпқабатты метафора ретінде жаңа мән табады.

Сакура – көктемнің алғашқы лебімен бірге әп-сәтте гүлдеп, көз алдында құлпырып, сол сұлулығын тым аз уақытқа ғана сыйлайтын өсімдік. Оның гүлдеген сәті – адам өміріндегі қайталанбас бақыт мезеті секілді: қысқа, нәзік, алдамшы да шынайы. Сол сәт өткен соң, оның жұпар иісі мен аппақ гүлдері ғана жүрекке сақталып қалады. Автор осы бір деталь арқылы жастықтың өткіншілігін, адамның ең бағалы сезімдерінің дәл сол қас-қағым сәттерде ғана өзін толық танытатынын, ал уақыт оны мейлінше жылдам алып қашатынын көрсетеді. Сақураның табиғи нәзіктігі Вера бейнесіндегі рухани жібектей жұмсақтықпен үйлесіп, Бектас жүрегінде өмір бойы өшпес із қалдырады.

Повестің драмалық өзегі Бектас ең ауыр шешім қабылдауға мәжбүр болған тұста тереңдейді. Қазақы тәрбиенің қалың бұйдасында өскен, ата-ананың аманатына қылдай қиянат жасамайтын, ел алдындағы жауапкершілікті жоғары қоятын Бектас үшін махаббат тек жеке сезім ғана емес, үлкен таңдаудың, тіпті өмірлік сынның өзегіне айналады. Верамен бірге кету, өзге

Сезім күреске түсіп, борыш салмағы басым түседі. Жүрегін жаралап болса да, Бектас өз махаббатын құрбан етуге бел буады. Ол мұны ақылдың жеңісі деп ойлағанымен, уақыт өте келе оның бұл шешімі өмір бойына жазылмайтын өкініштің ізіне айналар сөзсіз еді. Бұл – шығармадағы ең психологиялық өткір тұс. Адамның ішкі арпалысын автор аса тереңдікпен, өмірдің өзінен алынған шынайылықпен бейнелейді.

Шығарманың соңғы бөлігінде жазушы уақыт пердесін кенет түріп, оқырманды жылдар өтсе де жүректегі жара жазылмайтынын көрсететін жаңа кеңістікке жетелейді. Жасы жетпістен асқан шағында Бектас тосын хабарға тап болады. Жапониядан келген кәсіпкер оған Вераның өмір бойы сақтап келген ескі суреті мен хатын табыстайды. Осы сәт – бүкіл шығарманың эмоционалдық шарықтау нүктесі. Суретке қарап тұрған қарт Бектас – бір уақытта қартайған да, бірақ жүрегінде сол баяғы он тоғыз жасар Бектас күйінде қалған адам.

Хат арқылы оқырман Вераның тағдырына қайта үңіледі. Ол ешқашан тұрмысқа шықпаған, жүрегіндегі Бектасы өзгемен алмастырмаған, махаббатты өмірінің жалғыз жарығы ретінде сақтап өткен жан екені белгілі болады. Ғылымға деген арманын – Тынық мұхиты астын зерттеу мақсатындағы жұмысты жүзеге асырып, табысты кәсіпкерге айналғанымен, жүрегіндегі мұңды ешкімге ашпаған. Өмір бойы жүрегінде сақтаған жалғыз сурет – ол екеуі өрік ағашының арасында түскен сол бір жастық шақтың ескерткіші. Бұл сурет – Вера үшін де, Бектас үшін де уақыт тоқтаған сәттің, мәңгілікке айналған сезімнің белгісі.

Осы тұста автордың баяндау шеберлігі айқын сезіледі. Бектас хатты оқығаннан кейінгі күйді жазушы артық бояусыз, бірақ жүрекке ауыр тиетін нәзік психологиялық көркемдікпен береді. Оның жүрегіндегі дүлей толқын, Вераны көргісі келгенімен, оның жанында дәл сол жастық шағындағы қалпы сақталғанын бұзғысы келмейтін сезім, адам табиғатын терең түсінуден туған көркем шешім.

Бектас Жапонияға бармайды. Бұл – оның ішкі мәдениетіне, өмір бойы аялап сақтаған бағасына сай шешім. Ол Вераға қартайған, уақыттан шаршаған бейнесін көрсеткісі келмейді. Оның соңғы үнсіздігі – махаббатқа деген ең биік құрмет, сезім әлеміндегі ең таза қоштасу. Махаббат бар, сағыныш бар, бірақ өмір қосылуға мүмкіндік бермеген. Екі жүректің мәңгілік шеріне айналады.

Шығарманың финалдық эпизоды – Вераның қазасы туралы қаралы хабар. Бұл көрініс повестің эмоционалдық және драмалық шырқау шегі болып табылады. Әңгіме басталған сәттен бері нәзік те мөлдір сезімімен оқырманды баурап келген Вераның тағдыры осылай аяқталған кезде,

дайда да, нағыз махаббат жүректің түкпірінде өшпейтін, уақыт пен қашықтыққа тәуелсіз, ең таза энергия ретінде қалады. Вераның қазасы туралы сәт – осы мәңгілік сезімнің трагедиялық ақиқатын көрсететін, оқырманды терең ойға қалдыратын сәт.

Повестің финалы жабық емес, ашық сипатта аяқталады. Автор Бектас тағдырын нақты шешіммен түйіндеп тастамайды. Керісінше, оқырманға ойлануға, әркімнің өз жүрек тәжірибесімен бағалауына мүмкіндік береді. Жасы ұлғайған, өмірінің көп белестерінен өткен Бектас үшін Вераның бейнесі – тек өткен шақтағы естелік емес, оның барлық ғұмырын бағыттаған рухани символға айналады. Өрік гүлдеген күндері екеуі бірге түскен сол жалғыз сурет Бектас жанында өмір бойы сақталған, уақыт өшіре алмаған ең қымбат рухани мұра секілді. Сол суреттегі Вераның жымиысы, оның көзіндегі тазалық – Бектас үшін де, оқырман үшін де мәңгіліктің белгісі.

«Сакура гүлдегенде» – бүгінгі таңда киноөндірісінің де, драматургияның да талаптарына сай келетін, экранда да, сахнада да көркем беруге ыңғайлы шығармалардың бірі. Шығармада махаббаттың нәзік психологиясы, ұлт пен мәдениеттің бір-бірімен үндесуі, адам бойындағы жауапкершілік пен жеке сезім арасындағы күрделі таңдаулар өте шебер бейнеленген. Автор екі халықтың – қазақ пен жапонның рухани жақындығын, дүниетанымындағы үндестікті ұсақ-түйек көріністер арқылы білдіріп отырады. Вераның мінезіндегі ұстамдылық, Бектас бойындағы тәрбиеге деген адалдық, екі елдің табиғат бейнесіндегі ұқсастықтар – барлығы нәзік көркемдікпен өрілген.

Нағашыбек Қапалбекұлының тілдік шеберлігі шығарманың құндылығын айрықша арттырып тұр. Ол артық сөзбен боямайды, бірақ аз сөздің өзіне терең мазмұн сыйғызып, кейіпкердің жан дүниесін нәзік психологиялық детальдар арқылы ашып береді. Табиғат суреттері – сақураның гүлдеуі, теңіз желінің лебі, өрік ағаштарының арасындағы жарық адам сезімімен астасып, шығарманың көркемдік атмосферасын толықтырады. Автор сөзінің салмағы дәлдік пен мәнерлікке құрылған, бұл шығарманың көркемдік денгейін биікке көтереді.

Қорытындылай айтқанда, «Сакура гүлдегенде» – тек ғашықтық хикаясы ғана емес, адам жанының ең терең иірімдерін, уақытпен өлшенетін сезімнің шынайы табиғатын көрсеткен көркем туынды. Сақураның бір сәттік гүлдеуі – өмірдің қасқағым сәттері, жастықтың, махаббаттың қысқа да қуанышты мезеттері, бірақ дәл сол қысқа сәттің адам жүрегінде өмір бойы сақталатыны – шығарманың басты идеясы.

Қанат АЛТЫНБЕК,

жазушы, әдебиеттанушы,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,

ҚР Ұлттық кітапханасының Ғалым

хатшысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ СЫНҒА ТҮСКЕН САЙЫС

Астана қаласында «Не? Қайда? Қашан?» атты зияткерлік сайыс өтті. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған жарысқа Сарыарқа ауданындағы 7 колледждің озат студенттері қатысты. Заңгерлер мен медиаторлардан құралған «QORGAU» интеллектуалды клубының мұрындық болуымен өткен шарада қатысушылар жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру тақырыбында білімдерін сынға салды. Ережеге сәйкес, қатысушылар құқықтық заңнамаға байланысты күрделі сұрақтарға небәрі бір минут ішінде жауап беруі керек. Сайыста студенттердің білімі ғана емес, сараптаушылық қасиеті, сын тұрғысынан ойлана білуі, жемқорлыққа қарсылығы мен ұжым болып жұмыс істей алу қабілеттері бағаланды.

Аталған додаға болашақ түрлі мамандық иелері қатысты әрі бұған дейін де жарыстарда топ жарып жүргендер қатары қалың. Дәрігер мамандығына оқып жүрген Давид Шарипов жарысқа екінші рет қатысып отыр. Биыл, тіпті өз командасын бастап келген екен. Жениске жету үшін бір аптадан аса уақыт дайындалған ол: «Жемқорлық әділдікке, жетістікке жеткізбейді. Мысалы, білімді сатып алдық делік... Сессияны, бүкіл тестілеуді «бармақ басты, көз қыстымен» шешсе, одан қандай маман шығады? Біз, дәрігерлер жемқорлыққа жол берсек, адамдардың денсаулығын жақсартып, дерт түрлерінен құтқара алмаймыз ғой. Әр адам жемқорлықтың зардабын тереңнен түсінуі керек. Сонда әділ қоғам орнайды», — деп жастарға жемқорлықтың алдын алуды үйрететін осындай сайыстар жиі ұйымдастырылса деген тілегін жеткізді.

Жарыс барысында командаларға заң нормаларына қатысты күрделі сұрақтар қойылды. Қатысушылар бір минут ішінде ақылдасып, нақты әрі дәлелмен жауап беруге тырысты. Ұйымдастырушылардың сөзінше,



мұндай зияткерлік сайыстар жас буынның құқықтық білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. «QORGAU» заңгерлер мен медиаторлар зияткерлік клубының жетекшісі Ботагөз Игенбаева: «Біз 5 жыл бұрын құрылған кезде заңгерлерге құқықтық алаң ашуды көздегенбіз. Бірақ құқықтық білімді тек заңгерлер ортасында ғана емес, тұрғындардың, оқушылар мен студенттердің, мұғалімдердің арасында да дамыту керектігін түсіндік. Адамдардың жемқорлыққа қарсы білімін жетілдіруге кірістік. Өйткені әр адам оны білуі керек», — деп құқықтық сауаттылықтың қаншалықты маңызды екенін айтты.

Қазылар алқасы әр жауапты мазмұны мен логикалық жүйелілігіне, сондай-ақ құқықтық сауаттылығына қарай бағалады. Бұған қоса, қатысушылардың ойын анық жеткізуі, сөз саптауы мен сөйлеу мәдениеті де ерекше назарға алынды.

«Мен ораторлық, актерлік шеберлік бойынша дәріс оқимын. Бүгін балалардың өз-өзін ұстауын, ақпаратты, ойын дұрыс жеткізуін қадағалаймын. Балалардың жемқорлық туралы біліміне тәнті болып отырмын. Заңнаманы да, халықаралық тәжірибені де жатқа біледі. Ойларын жинақы, саспай айтады. Біз студент кезде мұндай сайыстардың болмағаны қынжылтады», — дейді қазылар алқасының мүшесі Дана Базанова.

Заң мен тәртіп берік орнаған жерде бейбіт өмір мен қауіпсіздік те мығым болады. Заңның бұзылуы түрлі кереғарлық пен хаостың тууына әкеледі. Сол үшін де мемлекеттің әр мүшесі заң талаптарына мұқият зер салып, ел Конституциясына құрмет-

пен қарағаны жөн.

Қоғам тыныштығының, мемлекеттің өркендеп дамуының басты кепілдерінің бірі — заң мен тәртіп. Заң — мемлекет қабылдаған барлық азамат орындауға міндетті ережелер жүйесі болса, тәртіп сол заңдардың бұлжытпай орындалуын, әрбір адамның іс-әрекетінің қоғам талабына сай болуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында әр адамның құқығы мен бостандығы анық белгіленген. Бұл құқықтарды сақтау — бәріне ортақ талап. Полиция, сот органдары заңның орындалуын қадағалағанымен, қоғамдағы тәртіп үшін әр азамат жауапты, мүдделі.

Заң мен тәртіпті сақтау — елдің дамуына, халықтың әл-ауқатына және болашақ ұрпақтың жарқын өмір сүруіне кепіл болады. Қоғамда әділдік үстемдік құрған кезде ғана адамдардың бір-біріне деген сенімі артады. Сенім орнаған жерде ынтымақ, татулық және бейбіт өмір болады. «Құқықтық мемлекет ұстанымын берік ұстанып келе жатқан Қазақстанда билік пен халық тең құқылы.

Осындай құқықтық нормаларды жастардың, жалпы қауымның санасына сіңіру барысында түрлі шаралар өткізіліп келеді. Соның бірі — осы зияткерлік сайыс алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жиі өткізілмек. Білім, ой сайысына колледж студенттерімен қатар мектеп оқушылары, сондай-ақ түрлі ұйым қызметкерлері де қатыса алады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, құқықтық бағыттағы мұндай шаралар жастардың азаматтық санасын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді.

«ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР — БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ»

Астана қаласында мектеп клубтары театр қойылымдары арқылы бақтарын сынады. «Заң және тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған бұл байқау нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы мақсатта ұйымдастырылған.



Оқушылар түрлі қойылымдарды сахналау арқылы жастар арасында салауатты, қауіпсіз және белсенді өмір салтына негізделген тұрақты құндылықтарды қалыптастыруды, жауапкершілік пен саналы көзқарасты дамытуды көздеді. Өмірде адаспай, дұрыс жолмен жүруді, психоактивті заттарды қолданудың қаншалықты зиян екенін арқау еткен қойылымдар сайысында Байқоңыр ауданында орналасқан 8 мектеп сынға түсті. Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Азамат Малыбаев, қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Адылбаев, «ЕС бол» ҚБ төрағасы Жандос Ақтаев және «Жасыл жалын» ұйымының өкілі, Байқоңыр аудандық прокуратура өкілдері қазылық еткен байқау жоғары деңгейде өтіп, жиналғандарға ерекше әсер етті.

Жарыс нәтижесінде үздік өнер көрсеткен №119 мектеп клубы бірінші орынды еншілесі, №16 мектеп клубы екінші орын, №8 мектеп клубы үшінші орынды иеленді.

Жанылсын ЖҰМАБАЕВА,
Абылай хан атындағы ҚХҚЖЭТУ журналистика
мамандығының 2-курс студенті

● ДҮНИЕ-ҒАЙЫП

ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...

Нұрмұқан Жанұзақұлы 1945 жылы Іле Қазақ облысының Шапшал ауданында туған. Ауылда бастауышты, аудан орталығындағы орта мектепті бітірген соң Құлжа қаласындағы облыстық Педагогикалық техникумға оқуға түсіп, оны 1964 жылы аяқтайды. Дипломын алып, маман иесі болып шыққан соң, жолдамамен Моңғолкүре ауданына қызметке бөлінеді. Ауданда, одан Ұзынбұлақ ауылында, кейіннен Күреде ұстаз, мектеп директоры секілді жауапты жұмыстар атқарады. Алланың берген төрт ұл, төрт қызын тәрбиелеп оқытып, болашаққа талпындырады. 1988 жылы Моңғолкүре аудандық Парткомның ұйғаруы бойынша аудандық үгіт-насихат мекемесінде қызмет етеді. Мекеменің басшысы, тағы да бірнеше орында жауапты қызметтер атқарады. Нұрмұқан Жанұзақұлы қай салада, қандай жұмыста жүрсе де, Құдай берген қасиеті жазушылығын бір сәт те тоқтатқан жоқ. Алғашында өлеңмен басталған шығармашылық жол очерк, сын мақала, зерттеу сипатындағы көлемді мақалаларға ұласады. Қытай Халық республикасында жүргенде кітаптары басылып шығып, Шынжаң Автономиялы районының жазушылар қоғамына мүше болады. Еңбектері оқырманның жылы қабылдауына ие болды. 2000 жылы 55 жасында зейнетке шығып, бірыңғай шығармашылықпен шұғылданды. Бала-шағасының оқуы, студенттерге бола өзі де, әулетімен бірге Үрімжі қаласына қоныс аударады. Сол арқылы әдеби ортаға терең араласа бастады. Баласы Ербосын Нұрмұқанұлы құрған, танымалы компания «Жаңа әуеннің» жұмысына қолдау көрсетіп, дем берді. Осылайша, Нұрмұқан Жанұзақұлы «Жаңа әуеннің әкесі» атанып, бір жағынан, кәсіпкер, бір жағынан, мәдениетті таратушы қайраткер ретінде танылды. Тәуелсіз Қазақстан елімен тығыз байланыс жасап, танымал өнер жұлдыздары мен көрнекті қаламгерлерді Үрімжіге шақырып, ондағы ағайынның рухани шөлін қандырып, достықтың көпіріне айналды.

Ал тарихи Отаны Қазақстанға қоныс аударған соң Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып, 70 жасқа толған мерейтойы Алматыдағы әдебиетшілер үйінде салтанатты жағдайда аталып өтті. Осы кезге дейін поэзия, проза бағытында көптеген кітаптары жарық көріп, елге белгілі тұлғаға айналды. Оның алғашқы «Арман-ай», «Ақын жүрегі», «Шолпан туралы аңыз», «Күз жыры», «Көктемнен күзге дейін» кітаптары жыр-дастандар болып ақындық қуатын көрсетсе, «Өткен із бен күткен арман» поразалық естеліктер мен қаламгер туралы эсселер еді. «Бір ауыз сөзім — мың ділда» атты еңбегі даналық пен шешендік бағытындағы офоризмдерден тұрады. Ал соңғы «Бағдаршам» — әдеби зерттеу, қоғамдық ой-толғаулар, сын жанрындағы сараптамалық шығарма. Ол Қазақ еліне деген сүйіспеншілікті бірінші орынға қойды. Әдебиетке жанкүйер ғана емес, бар ықыласымен берілген қаламгер бола білді. Оның өлеңдеріне көптеген композиторлар ән жазды. Өзі де ән мен жырға әуес, сезімтал, елгезек жан еді. Нұрмұқан Жанұзақұлы қайда жүрсе де жалған жасандылығы жоқ шынайы қалпымен көрінді. Ойына келген пікірін ірікпей төтесінен айтатын. Алла берген ұлы-қыздарының құрметтеуімен Қазақтың данасы хакім Абайдың туған жеріне сапар жасады. Семей мен Жидебайдан теңдессіз шабыт, мол рухани байлықпен оралып ұзақ уақыт айтып жүрді және жазды да. Киелі Түркістан өңіріне сапар шегіп, Арыстан бап, Қожа Ахмет Ясауи бабалардың басына зияратқа барып, бабалар рухына тағзым жасады.

Өткен ғасырдың куәсі, мынау ғасырдың ақсакалы, ардақты асыл аға Нұрмұқан Жанұзақұлы 81 жасқа қараған шағында мәңгілік өмірге аттанды. Онда да айналасына салмақ салмай, әбігер жасамай, әулетінің ортасында, перзенттерінің дидамын көріп, немерелерінің маңдайынан сүйіп жарық дүниемен бір сәтте қоштасты!

Нұрмұқан Жанұзақұлының шығармашылыққа жалғасқан екінші өмірі басталды. Артында ұл мен қыздан сегіз перзент, отыз шақты немере қалды. Жүрек тілі, жанының үні, ойдың қазынасы, парасат пайымы болып сегіз кітабы қалды. Ол — Алладан сұрағанына қол жеткізген бақытты әке! Құдай қосқан қосағы Дәшен апа — артына қалдырып кеткен аманаты. Ақыреті қайырлы, топырағы торқа, жатқан жері жәннат болсын!

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,
ақын, ҚЖО-ның мүшесі

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын, сазгер, сыншы, публицист

Нұрмұқан ЖАНҰЗАҚҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Мұхтар ШЕРІМ

АТЫП КЕТТІ...

(Сатиралық өлеңдер)

Сұрауы бар ғой,
Кәдімгі судың,
Алты күйеуден,
Алты қыз тудым!
Көргенім алты той...
Өмірім ахахо, охо-хой!
Бірі—
Күйеуі ірі,
Қытайлыққа тиген,
Енесі тірі!
Келесі қызым—
Аты Сақыш,
Тұрағы — АҚШ...
Үшіншім
Үндістанға кетті,
«Байға тидім», —
Деген хабар жетті!
Кейінгім Кореяда,
Сұлуым өмірге епті,
Сол жаққа барып,
Тиіп алды, текті...
Ал қазақ жігітін
Күйрегінен тепті...
Бесіншім — Бельгияда,
Ол да ұшты бір қияға!
Алтыншым Ұрқияға
Ғашық болған...
Бір министр Түркияда!
Кеше қашып кетті,
Шекарадан асып кетті,
Күйеубала келіп,
Долларын шашып кетті,
Қысқасы, сәлемін беріп,
Қатып кетті!
Кереметпін өзім,
Балдай тәтті сөзім,
Бір неміске тигім келген,
Оңбаған сатып кетті...
Махаббатымды көзде-еп,
Пистолетпен атып кетті!

ИНТЕРНЕТ
МАХАББАТ


Бұрын кітапханада
Немесе асханада,
Танысатын,
Жүректері ұшардай,
Қол алысатын,
«Кездесеміз!» деп,
Тоғайда табысатын,
Бір жыл жүріп барып,
Сосын, «жабысатын»...
«Гүлденген әлем,
Сейіттен сәлем!» деп,
Конвертін желімдеп,
Хат жазысатын...
Бүгінде бәрі кері,
Махаббат дегенің,
Әлеуметтік желі...
Быж етіп тез тұтанады,
Ватсаптан күш алады.
Жігіт жазғанда,
Былай жұбанады:
...Жаным,
Сенсіз атпайды,
Таңым!
Сенсіз ақпайды,
Бойымдағы қаным!

Деп басады лайк.
Өзіне осы лайық,
Кейде кетсе,
Махаббаты тайып,
Қатуланып қабағы,
Үй қабатынан секіріп,
Не асылып қалады...
Болмаса басқа біреуді
Интернеттен табады!
Ал қызың да оңбайды,
Махаббатта жымыып,
Жүрегі тоңбайды,
Жібермесе жүрек,
Кәдімгідей сорлайды,
Өз үйіне қонбайды,
Көріп пе едің ондайды?
Кейде стикермен тыржияды,
Кейде стикермен ыржияды...
О, махаббат,
Көрінгенге ашылған,
Таңда басталып,
Тәшке қарай басылған...
Қысқасы,
Махаббаттың нұсқасы:
Жігіт — онлайн,
Қыз — оффлайн...
Е-е, заман басқа,
Несіне шошынайын?

АЙЖАН ЖӘНЕ ЖИ

Бір күні Айжан,
Құр калардай байдан,
Отырып алып жайдан,
Күйеу іздегендей сайдан,
Интернеттен ашты
Махаббат деген майдан...
Әңгімені құрады,
ЖИ-ден сұрады:
— Айтыңызшы,
Ақыл айтпасаңыз,
Желіден қайтыңызшы...
Маған жігіт табыла ма?
Ол мені сағына ма?
Өзіме тиген соң,
Бірден бағына ма?
Әлде ұрып тастап,
Қағына ма?
Өзі ақ болсын,
Бойы маған шақ босын,
Кенет келген бақ болсын,
Жымындаған қыздарға,
Мүлде сақ болсын,
Ақшаны күреп
Табатын болсын,
Маған, шешеме,
Өлгенше жағатын болсын!
— Айжан,

Келдің қайдан?
Интернеттен
ашпақсын ба,
Махаббат
деген майдан?
Саған табылар
ма?



АСТАНАДА СИЫР ЖҮР...

Астанада,
Жемқорлар аш қалада,
«Бюджет» деген сиырды,
Шіренбай да емеді,
Шүленбай да емеді,
Сиыр байғұс көшеде,
Қайсы бірін тебеді?
Министр де келеді,
Ол да отыра қап,
Солқылдатып емеді,
Антикор да келеді,
Қолқылдатып емеді,
Тағы бір бастық,
Ала келіп жастық,
Жата қалып емеді,
Тағы бірі.
Лауазымы ірі,
Сезімге,
Бата қалып емеді,
Бұзау байғұс оларға,
Емес еді керегі,
Шын бейнесі қазақтың,
Осы болды дерегі...
Бірі жалап ерінді,
Басымен ұрды желінді,
Сиыр байғұс мөңіреп,
Төрт емшегі керілді.
Оқиға бұл кешегі,
Сиырдың төрт емшегі,
Түбінен қыркылды,
Бырт-бырт жыртылды...
Сонда да еміп жатыр,
Бірінен соң бірі,
Ордаға келіп жатыр,
Өзгелер өгіз «еме» ме?
Кім бұған сеніп жатыр?
Әйтеуір, бәрі еміп жатыр,
Еміп жатыр...

Өйткені сен келіпсің,
Үш байдан...
Әй, қайдам...
Сезімнің 90 пайыз,
Өтірік,
ТикТок-та сөйлейсің,
Көпіріп...
Сториларыңды
Тастайын ба
Өшіріп?
Айжан қыңқ етті,
Сосын, мыңқ етті:
— ЖИ, жүрегің жок!
Ал мен болдым шок!
Өзіңше көрсетесің,
Маған док!
Сенбеймін саған,
Өтірігіңді басқаға соқ! —
Деген Айжанның
Іші қылп етті,
ТикТоктан көріп жігітті
Көздері лезде жылт етті...

ГАЛСТУҚ

...Біздің бастық галстугін тастамайды,
Галстуксіз ештеңе бастамайды...
Тойға барса да галстук,
Ойға барса да галстук,
Қойға барса да галстук,
Түнде жата қалса галстук,
Арам қата қалса галстук,
Қыздармен сауна барып,
Сезімге бата қалса галстук,
«Галстуксіз өмір еш» дейді,
Басекен галстугін шешпейді...
Тағы бір галстукті сайлап қойды,
Шақалақ немересінің мойнына
Алабажак етіп байлап қойды...
Түбінде бастық болар деп,
Алақанын майлап қойды...

Редакторлар
кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың
орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының
мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және
руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер
орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӨЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ

Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ

Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Жамбыл облысы
Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ

Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ

Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА

Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ

Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ

Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ

Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ

Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

**РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**
8 (727) 272-88-17
e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.